Кибершабуылға қалай тосқауыл қоямыз?
12-бет

Жын мен ақын
13-бет



Илон Масктың асқақ арманы ақталама?
14-бет



EGEMEN QAZAQSTAN

№119 (30098) 25 МАУСЫМ, ЖҰМА 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Балалар спортына баса мән берді



Суретті түсірген А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Ғ.ӨМІРБЕКОВ

Мемлекет басшысы Lancaster Group Kazakhstan холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Берік Қаниевті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Қазақстан Президентіне компанияның спорт, білім беру және экология салаларындағы іске асырылып жатқан жобалары таныстырылып, холдингтің пандемияға қарсы күреске қосқан үлесі туралы баяндалды.

Атап айтқанда, Берік Қаниев Қасым-Жомарт Тоқаевқа балалар мен жасөспірімдер футболына жан-жақты қолдау көрсету, жаттығу орталықтарының инфрақұрылымын жақсарту және бапкерлер құрамының біліктілігін арттыру мақсатында құрылған Jas Qyran футбол лигасының жетістіктері туралы айтты.

Мемлекет басшысына Қазақстандағы инновациялық жекеменшік мектептер желісі – Quantum STEM Schools жобасының жүзеге асырылуы жөнінде мәлімет берілді. Аталған оқу орны Сингапур мен АҚШ елдерінің озық тәжірибесі негізінде білім беруді көздейді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы қаласының экологиясын жақсарту мақсатымен құрылған AirVision.kz қоғамдық қорының жұмысы таныстырылды.

Кездесу соңында Президент Jas Qyran футбол академиясы бұқаралық балалар спортын, соның ішінде, футболды дамытуда үлгі-өнеге көрсетіп отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы осы маңызды бастаманың сәтті іске асуына тілектестік білдіріп, Lancaster Group Kazakhstan компаниясының әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға қосқан үлесіне оң баға берді.

Жүйрік журналистер

URKER-2021 сыйлығымен марапатталды

Елордадағы Қазмедиа орталығында баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы URKER-2021 ұлттық бәйгесінің жеңімпаздары марапатталды. Жеңімпаздарға естелік мүсінше және бір миллион теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйлық табыс етілді.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Салтанатты рәсімді ашқан Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жиынның бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде мемлекетімізбен бірге отандық медиа саласы да жаңару, даму кезеңінен өтті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде тек 407 ақпарат құралы, соның ішінде 2 телеарна ғана болса, қазір олардың саны төрт жарым мыңнан асады.

Бір ғана Qazaqstan телеарнасы бүгінде құрамына 5 республикалық, 14 өңірлік телеарна, 4 радио енетін үлкен Ұлттық корпорацияға айналды. Ұлттық медиа тарихында тұңғыш рет балалар арнасы – Balapan, спорттық арна – Qazsport, көрерменнің көзайымы – Abai арнасы іске қосылды.

Құрамына тәулік бойына жаңалықтар ұсынатын «Хабар 24», 10 миллионға жуық көрермені бар «Еларна», әлемнің 120-дан астам еліне хабар тарататын QazaqTV арналары енген «Хабар» агенттігі бүгінде ірі медиа орталық», деді ведомство басшысы.

Министрдің айтуынша, ел аумағында 181 телеарна, 79 радио, 790 ақпараттық агенттік бар. Осындай қайнаған ақпараттық кеңістік ортасында шыңдалған журналистер арасындағы бәсеке қашанда жоғары.

«Биыл бесінші рет өткізіліп отырған «Үркер» бәйгесі – баспасөз, радио, интернет және фото журналистика саласындағы жаңа есімдерді анықтайтын бірегей жобаға айналды. Жыл сайын өзіндік қолтаңбасы бар талантты тұлғаларды халыққа танымал етіп келеді.

2017 жылдан бастап бүгінге дейін «Үркер» ұлттық бәйгесіне қатысқан 2 833 жоба қаралып, оның 55-і үздік және жүлдегер атанды. Биылғы байқауға республикалық және өңірлік ақпарат құралдарынан 340 өтініш түсті. Әрине, оның қай-қайсысы да биік марапатқа, жүлдеге лайық.

Дегенмен бәйге болған соң, оның жеңімпазын анықтау заңдылық. Әрбір еңбектің өтеуі болуы тиіс. Бүгінгі шара да осы ниетпен ұйымдастырылып отыр.

Сондықтан ауқымды жұмысты байыпты бағалап, лайықты саралаған жоғары білікті қазылар алқасына зор алғысымды айтамын және кіл жүйріктен кім жүйрікті анықтауда әділ шешім шығарды деп сенім білдіремін», деді Аида Балаева.

(Соңы 3-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 44-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың екінші бөлігінің ережелері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне де қолданылады.»;

2) 44-1-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың оныншы бөлігінің ережелері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне де қолданылады.».

(Соңы 6-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі):

1) мазмұны алып тасталсын;

(Жалғасы 7-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы 2018 жылғы 9 қарашада Петропавлда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 24 маусым
№ 54-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

2019 жылғы 20 маусымда Нұр-Сұлтанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 24 маусым
№ 55-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2021 жылғы 30 маусымда сағат 10-да Нұр-Сұлтан қаласында шақырылсын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
Н.НЫҒМАТУЛИН

Нұр-Сұлтан қ., Парламент Мәжілісі 25 маусым 2021 ж. №30

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Аялдамада автобус күткен халық...

Шығыста тағы шу. Өскемендегі автобус паркінің қызметкерлері төлемнің жаңа жүйесі – валидаторға қарсылық білдірсе, семейлік автобусшылар жалақыдан ұсталатын зейнетақы жарнасы мен өзге де алым-салықтың көптігіне наразы. Қос шаһардағы автобус парктерінің мәселесі екі түрлі болғандықтан, әрқайсысына жеке тоқталайық. Айтпақшы, субсидия мәселесі және бар.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Наразылық білдірген автобусшылар өз бағыттарына шығудан бас тартқан соң, оның кесірі қарапайым халыққа тиді. Аялдамаларда жиналған жолаушылар діттеген жеріне жете алмай зар болысты. Асыққандар такси ұстаған. Мұндай күндері такси парктері де бағаны аспандатып жіберуді әдетке айналдырған. Оларға «әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» сияқты.

Өскемендегі жағдайға келер болсақ, автобус жұмысшылары валидатордың енгізілуіне қарсылық білдірді. Себебі түскен ақшаның 20 пайызы үкіметтің қазанына түсетін көрінеді. Қазірдің өзінде, паркке кірген кіріс пайда әкелгенді қойып, өз шығынын әзер жабатын сияқты. Автобустардың әбден тозығы жеткендіктен, оны күтіп ұстау, бұзылған тетіктерін ауыстыру, жөндеу қымбатқа шығады. Одан бөлек, жанармай бағасы шарықтап кеткен. Жаза берсек, автобусқа қатысты проблема шаш-етектен. Бәрінен бұрын қала ішіндегі қоғамдық көліктің қозғалысы қарапайым халыққа кедергі келтірмеуі керек.

(Соңы 9-бетте)

Жер қатынастарын жетілдіретін заң жобасы

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палатаның VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының қорытынды отырысы өтті. Жиын барысында депутаттар бірқатар маңызды заң жобасын қарады. Сондай-ақ Жоғарғы сот судьяларын сайлады.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Сенаторлар Мемлекет басшысының Герман Нұрбаевты, Ербол Өмірәлиевті және Дана Тоқмырзинаны Жоғарғы сот судьялары қызметіне сайлау туралы ұсынымына бірауыздан қолдау білдірді.

Сондай-ақ депутаттар Сенат Төрағасының ұсынысымен Нұрлан Нұржановты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындады.

Одан бөлек, отырыс барысында еліміздің заңнамаларын әрі қарай жаңғыртуға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған бірқатар заң жобасы қабылданды. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда қаралып, мақұлданды.

Заң жобасында бірқатар нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылған. Атап айтқанда, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің кіріс базасы кеңейтіледі. Бюджеттік рәсімдер жеңілдетіліп, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дербестігі кеңейтіліп, жауапкершілігі күшейтілмек. Сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктерге қойылатын талаптар жетілдіріледі.

«Жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту бюджетінің кіріс көздерін ұлғайту мақсатында төртінші деңгейге қосымша салықтар мен төлемдердің 4 түрін беру көзделеді. Екіншіден, бюджеттік рәсімдерді оңайлату ұсынылады. Атап айтқанда, жиырма пайыздан аспайтын көлемде ауылдық округ әкімі аппараты үшін бюджетке түзетулер енгізу қарастырылған. Түзету жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша жүргізіледі. Сондай-ақ мәслихаттардың шешімдерін әділет органдарында тіркеу қажеттілігі жөніндегі норманы алып тастап, бюджеттерді бекіту рәсімін оңайлату ұсынылады», деді аталған мәселе бойынша баяндама жасаған Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев.

Сонымен қатар Бюджет кодексіне қаржы жылы кезеңінде аудан және ауылдық округ бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің өзгеруіне жол бермейтін нақтылаушы норма енгізіледі.

«Қабылданған заң жергілікті маңызы бар міндеттерді тиімді түрде шешу үшін ауылдық, аудандық және қалалық деңгейдегі билікке жаңа мүмкіндіктер береді. Оның ішінде биыл жаңадан сайланған мәслихат депутаттарының құқықтарын кеңейтеді және мәслихаттардың жұмысын жетілдіреді. Алдағы уақытта осы өзгерістер өңірлердің дамуына тың серпін береді деп сенеміз», деді заң жобасына қатысты пікір білдірген Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Отырыста сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарап, қабылдады. Енгізілген жаңа нормаларға сәйкес ауылшаруашылық жерлерін сатуға мораторий 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылады. Жалға алу тек Қазақстан азаматтары мен шетелдік қатысуы жоқ заңды тұлғалар үшін ғана қолжетімді болып қала береді. Ал ауыл шаруашылығы жерлерін субарендаға беруге тыйым салынады. Бұл заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен Жер реформасы жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы бойынша әзірленген.

«Заң жобасының негізгі өзгерістері мен толықтыруларына тоқталсақ. Қазақстандықтарға және қазақстандық заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 49 жылға дейінгі мерзімге жалға беру, жалға алу мерзімі аяқталған кезде оны жаңа мерзімге ұзарту құқығын беру, сондай-ақ мемлекеттен сатып алмай, жер пайдаланушылар арасында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді жалдау құқығын иеліктен шығару. Бұл ретте оларды пайдалану мерзімі кемінде 5 жыл, сондай-ақ жер қатынастары органдарын хабарлау міндетті шарт болып саналады», деді Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров.

Сонымен қатар құжатта бірнеше міндет ескерілген. Мәселен, Жер ресурстарын басқару комитетіне жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау функциялары әкімдіктерден қайтарылады. Ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатын «бақ шаруашылығы» және «саяжай құрылысына» өзгертуге тыйым салынады. Халықтың мұқтажын қанағаттандыру мақсатында, жергілікті жағдайларды ескере отырып, жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларда қажетті жайылым алқабының шекарасы айқындалмақ. Берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы мәліметтерді мемлекеттік жер кадастрының интернет-ресурсында ашық түрде орналастыру қажет.

«Бұл заңда жерді қорғауға, оны ұтымды және мақсатты пайдалануға арналған жаңа нормалар қарастырылған. Соған сәйкес Қазақстан азаматтарына ауыл шаруашылығы жерлерін жекеменшікке беру жөнінде Жер кодексіндегі нормалардың қолданылуына мораторий ұзартылады. Құжатқа жайылымдық жерлерді пайдалану мәселелерін реттейтін, жер учаскелері бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін жаңа нормалар да енгізілді. Оның бәрі еліміздің ұлттық мүддесіне толығымен сәйкес келеді», деді Сенат Төрағасы заң жобасы жөнінде.

Сенаторлар Палата отырысында қашықтан жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мәселесін де талқылады. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында осы бағыттағы барлық мәселе қарастырылған.

Енді қызметкерлер жұмыс берушінің келісімімен қашықтан жұмыс істеу форматына көшуге құқылы. Бұл ретте жұмыс беруші өз қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге керекті жабдықпен, тиісті ақпаратпен, байланыс қызметімен және өзге де қажетті жағдаймен қамтамасыз етуге міндетті. Егер қызметкер еңбек шартында көрсетілген жұмыс көлемін орындаса, қашықтан жұмыс істеу кезіндегі жалақы толық мөлшерде төленуге тиіс. Бұл заңға аталған мәселенің әлеуметтік маңызы зор екенін ескере отырып, депутаттар бастамашы болғанын айта кеткен жөн.

«Қазіргі таңда қашықтан жұмыс істеу әлемдік трендке айналып отыр. Бұған әрине, пандемия да өз әсерін тигізді. Елімізде азаматтар қашықтан жұмыс істеу режиміне көшкен кезде тиісті заңнамалық реттеудің жоқтығы еңбек қатынастары саласында кейбір мәселелерді туғызғаны белгілі. Осы заң жобасы қашықтан жұмыс істеудің құқықтық негіздерін одан әрі қалыптастыруға арналған», деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ депутаттардың бастамашылығымен әзірленіп, қабылданған тағы бір заң жобасы қазақстандықтардың құқықтарын қорғауды көздейді. Жаңа нормалардың басты міндеті – азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау. Құжатқа сәйкес кәсіпкерлерге қатысты рейдерлік фактілер үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі. Бизнес пен азаматтардың санкцияланбаған тексерулер, тінту, алу, мүлікті уақытша шектеу және басқа да іс-әрекеттер бойынша шағымдарын қарау мерзімі үш тәулікке дейін қысқартылады.

Бұдан басқа «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында бағалы металдардың заңсыз айналымы үшін қабылданатын шаралар күшейтілді.

Жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралып, қабылданды. Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауға арналған бұл заңға да Парламент депутаттары бастамашы болды.

Заңға енгізілген жаңашылдықтардың бірі – еңбек саласында кемсітушілікке жол берген жұмыс беруші үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу. Сондай-ақ заң жобасы бойынша прокурордың қаулыларын орындамағаны үшін де жауапкершілік қарастырылған. Бұл норма, ең алдымен, кәсіпкерлерді мемлекеттік органдар тарапынан мүмкін болатын заңсыз әрекеттерден қорғауды көздейді.

Осылайша, бүгінгі Сенат отырысында депутаттар маңызды 5 заңды қабылдады. Айта кетерлігі, заң жобаларының үшеуіне сенаторлардың өздері бастамашы болған.

Жиын соңында Мәулен Әшімбаев Сенаттың сессиядағы жұмысын қорытындылап, былтырғы қыркүйек айынан бері депутаттар бірқатар маңызды заңдарға бастамашы болып, қабылдағанын атап өтті.

«Сессия барысында Мемлекет басшысының елімізді жаңғырту бағытын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін ауқымды жұмыс атқарылды. Парламент 63 заң жобасын қабылдады. Олардың ішінде 15-іне депутаттық корпус бастамашылдық жасады. Сенат депутаттарының бастамашылығымен тағы 14 заң жобасы бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр», деді Сенат Спикері.

VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, жер мәселесін шешуге, сайлау процестерін жаңғыртуға, жергілікті өзін өзі басқаруды және сот-құқық қорғау жүйесін дамытуға, шағын және орта бизнес пен әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға және инклюзивті білім беруді жетілдіруге, сондай-ақ тағы басқа маңызды салаларға арналған ауқымды заң жобалары қабылданды.

«Сенаторлар өңірлерге барып, халықпен және еңбек ұжымдарымен үш жүзге жуық кездесу өткізді. Бұдан бөлек тұрақты комитеттер 3 «Үкімет сағатын», 5 көшпелі отырыс, 40 дөңгелек үстел мен кездесу ұйымдастырды. Сол іс-шаралардың аясында Президент тапсырмаларының, заңдардың және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жан-жақты қаралды. Осы жиындарда қабылданған ұсынымдар жауапты мемлекеттік органдарға жіберілді. Оның бәрі Сенаттың бақылауында болады», деді Палата Төрағасы.

Сонымен бірге Мәулен Әшімбаев сессия барысында Сенат депутаттары ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында да ауқымды жұмыс атқарғанын айтты. Осы тақырыпқа арналған парламенттік тыңдаулар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Бұдан бөлек Мемлекет басшысының тапсырмасымен Сенат «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Деректі хроника» атты бірегей құжаттар жинағын дайындап, көпшілікке таныстырды. Тарихымыздағы алапат қасіретті жан-жақты сипаттайтын үш томдық жинақ еліміздің архивтері мен кітапханаларының және жоғары оқу орындарының қорларына таратылды.

Отырысты қорытындылай келе, Мәулен Әшімбаев сессия барысында Президенттің барлық реформасын заңнамалық тұрғыдан сапалы қамтамасыз етуге арналған Сенаттың қызметі нәтижелі болғанына назар аударды. Сондай-ақ Сенат Төрағасы Палатаның конституциялық өкілеттігін іске асыру жолында табысты жұмыс істеген барша сенаторға алғыс білдіріп, депутаттардың өңірлерге жасайтын сапарларына, халықпен кездесулеріне сәттілік тіледі.

Айта кетейік, сенаторлар парламенттік каникул кезінде жергілікті жерлердегі проблемаларды зерделеп, сындарлы ұсыныстар әзірлейді. Олардың барлығы алдағы депутаттық қызметке негіз болатыны сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – мемлекеттік сатып алуда

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті, деп хабарлады Akorda.kz.

Жиында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қабылданған шаралардың қазіргі ахуалы талқыланды.

Комиссия төрағасы мемлекеттік сатып алудың тиімді жұмыс істеуі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, отандық салаларды дамытуға және ұлттық тауар өндірушілердің өнімдерін қолдауға ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар аталған салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары екені, мұндай жағдай рәсімдік және қаржылық тәртіп бұзушылықтар, бюджет қаражатын ұрлау және өзге де теріс мақсаттағы іс-әрекеттер кезінде орын алатыны айтылды.

Отырыс барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында бұл жұмыстарды электронды тәсілмен өткізуді қолдағаны жайында баяндалды. Қабылданып жатқан шаралар бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, әлеуетті өнім берушілердің сатып алуға қатысу рәсімін оңайландыруға, құжаттардың электронды депозитарийін енгізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заң қабылданды. Президенттің отандық бизнестің сатып алуға толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз етуге, бір көзден сатып алуды қысқартуға, олардың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға қатысты заңнаманы жетілдіру жөніндегі тапсырмалары орындалып жатыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қаржылық мониторинг агенттіктерінің, Бас прокуратураның, «Атамекен» ҰКП, Қаржы, Денсаулық сақтау министрліктерінің басшылары, сондай-ақ бірқатар өңірдің әкімдері сатып алу кезіндегі сыбайлас жемқорлық пен басқа да тәртіп бұзушылықтарды ашу және жою, кінәлі азаматтарды заңнамада белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндады. Бұл ретте мұндай құқық бұзушылықтардың басым бөлігі құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларында болатыны, ал ұрланған бюджет қаражаты көлеңкелі айналымға түсетіні туралы айтылды.

Жиында Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Әсет Исекешев мемлекеттік сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Сонымен қатар комиссияда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау үшін атқарылып жатқан жұмыстар, сатып алу бағаларын асыра көтеру, төленген салықтар туралы мәліметтерді құбылту, мемлекеттік сатып алу порталының тиісті деңгейде қызмет атқармауы, кінәлі адамдардың өз дәрежесінде жауапқа тартылмауы секілді мәселелер қарастырылды.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Мемлекеттік хатшы бірқатар нақты тапсырма беріп, олардың орындалуы бақылауда болатынын айтты. Қаржы министрлігіне Комиссияның мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ететін ұсынымын әзірлеу тапсырылды.

Ғалымдарға қолайлы жағдай жасау қажет

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның үшінші отырысы өтті, деп хабарлады Akorda.kz.

Комиссияның отырысында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруға және олардың міндеттеріне қатысты мәселе қарастырылды.

Жиын барысында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі Қанатбек Жайсаңбаев және бірқатар облыс әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасады.

Облыс әкімдерінің орынбасарлары – өңірлік комиссиялардың жетекшілері сарапшы ғалымдармен бірге атқарылатын жұмыстарды үйлестіру, қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың деректерін жинау, жерлеу орындарының картасын жасау, ведомстволық және мемлекеттік архивтердің қызметін қалыптастыру мәселелері жөнінде баяндады. Сондай-ақ Мемлекеттік комиссияның қызметін сүйемелдеу жөніндегі әдістемені жергілікті жерлерге бейімдеу жұмыстарына баса мән берілді.

Жиында Мемлекеттік комиссия мүшелері өңіраралық ынтымақтастық пен аймақтық комиссиялардың тәжірибе алмасу ісін жетілдіруге, архив құжаттарын сараптау жөніндегі оң тәжірибелерді ортаға салатын алаң құруға, іздестіру-зерттеу жұмыстарын тиімді қалыптастыруға қатысты ұсыныс-пікірлерін айтты.

Мемлекеттік комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаев өз сөзінде ғалымдардың зерттеу жұмыстарын жүргізуі үшін қолайлы жағдай жасау қажет екеніне басымдық берді. Сонымен қатар ғалымдардың еңбегін ынталандыру және оларды жан-жақты қолдау керек екенін атап өтті.

Мемлекеттік хатшы еліміздегі тарихы бай және мәдени-рухани мұрасы мол елді мекендерде болған оқиғалардың тізбегін зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары барысында шетелдік озық тәжірибелерді пайдаланудың маңыздылығына тоқталды. Бұдан бөлек, тарихи оқиғаларға әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан сараптама жүргізу өңірлік комиссиялар жұмысының маңызды бір бөлігі болмақ.

Мәжіліс қорытындысы бойынша Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдеріне өңірлік комиссиялардың қызметін жетілдіруге, сарапшы ғалымдармен ықпалдастықтың тиімділігін арттыруға, зерттеу жұмыстарына халықтың белсенді бөлігін жұмылдыруға қатысты тапсырмалар берілді.

Алдағы жұмыс жоспары пысықталды

Мәжіліс Төрағасы, Nur Otan партиясы Фракциясының жетекшісі Нұрлан Нығматулин Парламент Мәжілісіндегі Nur Otan партиясы фракциясының жиналысын өткізді, деп хабарлады төменгі Палатаның баспасөз қызметі.

Отырыста депутаттардың жазғы кезеңде өңірлерге шығуы мен Nur Otan партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» Сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасын іске асыру жайы талқыланды.

Нұрлан Нығматулин атап өткендей, Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев әрбір жекелеген өңірдің проблемаларын шешумен жүйелі түрде айналысу, барлық әлеуметтік топтармен кері байланысты нығайтуға, өзекті мәселелерге жылдам көңіл бөліп, шешу жолдарын ұсыну туралы нақты тапсырма берген болатын. Оның орындалуын қамтамасыз ету үшін депутаттар әрбір өңір бойынша бекітіліп, үйлестіруші топтар құрылды.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы аймақтарға сапар барысында қалалар мен аудандар, халықтың барлық әлеуметтік топтары, шалғайдағы елді мекендердің барынша қамтылуы қажеттігіне тоқталды.

Сондай-ақ Палата Спикері партияның «Жол картасы» бағдарламасының мұқият орындалуына назар аударып, орындалу барысында күрделілік тудырған мәселелерді депутаттық сауалдар мен партияның қоғамдық кеңестерінің отырыстарында және Палата комитеттерінің іс-шараларында көтеруді тапсырды.

Өндіріс орындарының өрісі кеңейеді

Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Премьер-Министр Асқар Мамин, сондай-ақ әлемдегі ең ірі автобус өндіруші Yutong Group компаниясының басқарма төрағасы Тан Юйсян телекөпір режимінде Саран қаласындағы зауытта Yutong маркалы автобустар мен арнайы техниканы шағын тораптық өндіру (CKD) желісінің ашылуына қатысты, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Жобаны QazTehna ЖШС еліміздің автобус паркін жаңарту бағдарламасы аясында жүзеге асырады. Осы уақытқа дейін зауытта DKD ірі торапты әдісімен автобустар шығарылды. CKD шағын торапты өндірістік желісін іске қосу зауыттағы жаңа жұмыс орындарының санын 1 мың адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қуаттылығы жылына 1200 автобус пен 500 бірлік арнайы техниканы құрайды. Өндірісті жергіліктендіру деңгейі 50%-дан асады.

Үкімет басшысы «Саран» индустриялық аймағының дамуымен, оның ішінде шина өндіру жөніндегі жобаның іске асырылу барысымен танысты. Жобаны «Татнефть» ЖАҚ қатысуымен KamaTyresKZ ЖШС жүзеге асырады. Зауыттың қуаттылығы бірінші кезеңде жыл сайын 3,5 млн көпбейінді шинаны құрайды, кейіннен жылына 9 млн шинаға дейін жеткізіледі.

Зауыт Қазақстанның автомобиль өндірісін жергіліктендіру деңгейін арттыруына және шиналардың импортын алмастыруды қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Бұл ретте өнімнің 40%-ын экспорттау көзделген. Жобаны 2022 жылдың IV тоқсанында іске асыру жоспарланған. Жоба құны – 125 млрд теңге.

Зауытта 1100-ден астам жаңа жоғары білікті жұмыс орындары құрылатын болады. Қазіргі таңда кәсіпорынның болашақ қызметкерлері – негізінен Саран қаласының тұрғындары қатарынан «Татнефть» ЖАҚ шина кәсіпорындарында тағылымдамадан өтіп жатыр. А.Мамин олармен телекөпір режимінде әңгімелесті.

Премьер-Министрге Саран қаласының РТБ тұрғын шағын ауданын қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы баяндалды. 2022 жылдың соңына қарай мұнда кәсіпорындар қызметкерлері мен тұрғын үй алуға кезекте тұрған адамдар үшін 510 жалдамалы және қызметтік пәтерді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қарағанды қаласында Үкімет басшысы санитарлық-техникалық мақсаттағы өнімдер мен жылыту аспаптарын шығаратын «Сантехпром» ЖШС-да болды. Кәсіпорын жыл сайын 810 мың бірлік сантехникалық өнім – ванналар, жуғыштар, табандықтар мен радиаторлар шығарады. Импортты алмастыру аясында болат панельді радиаторларды өндіру желісін жаңғырту көзделген.

А.Мамин қуаттылығы жылына 2 млн тонна көмір концентратын құрайтын Qaz Carbon ЖШС байыту фабрикасының жұмысымен танысты. Кәсіпорын барлық қажетті экологиялық нормаға сай келеді.

Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының Үштөбе ауылында Үкімет басшысы «Қарағанды-Бекіре» ЖШС-да болды. Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 5 тоннаға дейін уылдырық пен 100 тонна тауарлы бекіре балығы етін өндіру. 2023 жылға дейін шығарылатын өнім көлемін жылына 20 тонна уылдырыққа және 300-350 тонна бекіре балығының етіне дейін арттыру жоспарлануда.

Үкімет басшысына балық пен ауыл шаруашылығы малына арналған түйіршіктелген байытылған жасыл жемшөп өндіру және қайта өңдеу жөніндегі құрама жем зауыты құрылысының инвестициялық жобасы таныстырылды. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 365 мың тонна өнімді құрайды. Жоба құны – 27 млрд теңге. Іске асыру мерзімі – 2021-2022 жылдар. 1 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады.

Премьер-Министр Ақсу-Аюлы және Гүлшат кентерінде жалпы ұзындығы 363 шақырымдық «Қарағанды – Балқаш» және ұзындығы 583 шақырымдық «Балқаш – Бурылбайтал – Күрті – Қапшағай» автомобиль жолдарын реконструкциялау барысымен танысты. Үкімет басшысы биыл аталған жобаларда қозғалыстың ашылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жұмыс сапарына Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев және т. б. қатысты.

Төл мерекеге тарту

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында «Хабар» телеарнасы қызметкерлеріне арнайы салынған тұрғын үй кешенінен пәтерлер кілті тапсырылды.

Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Баспаналы болған БАҚ қызметкерлерін Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев пен Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева құттықтады.

«Менің ойымша, бұл басқа телеарналарға үлгі болатын жайт. Бүгінгі іс-шара «Хабар» тек ақпарат таратып қоймай, өз кадрларына қамқорлық жасайтынын дәлелдеді», деді Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева: «Мен бүгін сіздермен осы оқиғаны бөліскеніме өте қуаныштымын. Шынында да, кез келген адам балаларының өз шаңырағында өскенін армандайды. Агенттік басшылығының осындай ерекше мүмкіндік туғызғанына ризашылық білдіреміз. Мен әр отбасына өркендеу мен бақыт тілеймін! «Хабар» тұрғын үй кешенінде әрдайым керемет іс-шаралар болып тұрсын! Сіздердің кәсіби мерекелеріңіздің қарсаңында баспаналы болуларыңыз өте орынды!» деді.

Жаңа «Хабар» тұрғын үй кешені елорданың келешегі жарқын ауданында орналасқан. Бұл – жерасты паркингі бар 10 қабатты заманауи ғимарат. Агенттіктің үздік қызметкерлері пәтерлерді алдымен жалға алған есеппен, кейін сатып алу мүмкіндігіне ұласатын жүйе арқылы алды. Тағы 200 қызметкер өте қолайлы шарттар бойынша жайлы санаттағы тұрғын үйден пәтер сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

«Хабар» агенттігінің басқарма төрағасы Ерлан Бекхожин бұл жобаның жүзеге асырылғанына өте қуанышты екенін жеткізді.

«Бұл – қуанышты оқиға. Біздің бүгінгі іс-шарамыздағы «Бақыт мекені» ұранына назар аударған боларсыздар. Шын мәнінде, адам үшін үй-жай қабырғалар ғана емес, ол – өмір сүру аймағы, жайлы ауан, балалар алаңсыз өсетін орын. Біз бұл жобаны жүзеге асыра алғанымызға қуаныштымыз. Әрине, мен үйді қысқа мерзімде сапалы салған құрылысшыларға алғыс айтқым келеді», деді Ерлан Бекхожин.

Қазақтың дәстүрі бойынша мерекеге жиналғандарға шашу шашылып, содан кейін қонақтар пәтерлерді қарап шықты. Кәсіби мереке қарсаңында жиналған қауымға эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

«Хабар» телеарнасының «Жаңалықтар» қызметінің шығарушы редакторы Достық Бекбаев агенттікте 9 жылдан бері жұмыс істейді. Бүгін ол өз үйінің кілтін алды. Бұрын ол қала сыртында тұрса, енді өз отбасымен жаңа пәтерге көшетін болды.

«Біздің төрт баламыз бар. Менің еңбегімді ескеріп, басшылық пәтер кілтін тапсырды. Мен мұндай мүмкіндік үшін ризамын. Пәтер өте кең және жайлы. Біз тіпті жөндеу жұмыстарын да жасамадық, өйткені пәтер іші таза және әдемі болды. Енді астанамызда өзіміздің 80 шаршы метр үйіміз бар. Терезеден елорданың керемет көрінісін көре аламыз», деді қуанышымен бөліскен Достық Бекбаев.

«Хабар» агенттігі баспанаға мұқтаж қызметкерлеріне 2008 жылдан бастап кеңсе ғимаратында бөлмелер беріп келген. Ал 2017 жылы «Хабар» агенттігі қызметкерлерінің баспана жағдайларын жақсарту мақсатында жаңа тұрғын үй берілген.

Инвестициялық штаб отырысын өткізді

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Инвестициялық штаб отырысында 2021 жылғы қаңтар-мамырдағы инвестицияларды тарту бойынша атқарылған жұмыстың қорытынды көрсеткіштері қаралды, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев осы жылдың 5 айында тау-кен өндірісі өнеркәсібін қоспағанда, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 25,5% деңгейінде өскенін айтты. Министр биылғы 5 айдың нәтижелері бойынша ел экономикасының қалпына келу траекториясына шығуы аясында негізгі капиталға салынған инвестициялар ағынының жоғары қарқыны құрылыс (+132%), өңдеу өнеркәсібі (+82%), ақпарат және байланыс (+55%), ауыл шаруашылығы (+47%), сауда (+49%), жылжымайтын мүлік операциялары (+30%), көлік және қоймалау (+20%) секілді салаларда байқалғанын атап өтті.

Өңдеу секторының құрылымында химия өнеркәсібіне инвестициялардың өсуі 130 млрд теңгені (+427%), металлургияға 50 млрд теңгені (+41%) және т.б. құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша оң өсім қарқынына 15 өңірде және республикалық маңызы бар қалаларда қол жеткізілді. Көш бастап тұрған өңірлер Түркістан (+39,1%) және Павлодар (+38,5%) облыстары, Алматы (+36,1%), Нұр-Сұлтан (+34,8%) және Шымкент (+25,6%) қалалары, Солтүстік Қазақстан (+24,6%), Жамбыл (+24,3%) және Қарағанды (+21,6%) облыстары болды. Артта қалушылық Батыс Қазақстан (-36,4%) және Атырау (-35%) облыстарында байқалады.

«Kazakh Invest» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов қазіргі таңда Task Force 9 млрд доллардан астам сомаға 36 жобаны пысықтап жатқанын айтты. Қосымша 15 жоба қарастырылып жатыр.

Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов 2021-2025 жылдарға әкімдік АӨК, жаңғырмалы энергетика, фармацевтика, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, туризм, білім беру және т.б. салаларда 12 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 10,1 трлн теңге болатын 110 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырғанын баяндады. Биыл өңірде инвестициялық жобаларды іске асыруға 3,8 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланған. Осы жылдың 5 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 трлн теңгені құрады.

Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова алдағы 5 жылға әкімдік АӨК, көлік, жаңартылатын энергетика, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, денсаулық сақтау, ТМК және т.б. салаларда 889 млрд теңге сомасына 177 жобадан тұратын пул қалыптастырғанын атап өтті. Қазіргі уақытта жалпы құны 476 млрд теңге болатын 132 жоба іске асырылуда. Осы жылдың соңына дейін жалпы құны 56 млрд теңге болатын, өңірдің 10 негізгі инвестициялық жобасының 6-ын пайдалануға беру жоспарланған, атап айтсақ – шыны зауыты, ас тұзын өндіру, құс фабрикасы, жоңышқа өсіру, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру, күн электр стансасы (осы жылғы наурыз айында пайдалануға берілді).

Үкімет басшысы барлық мемлекеттік органға, өңірлердің әкімдіктеріне және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту жұмысын жүйелі негізде жалғастыруды тапсырды.

Жүйрік журналистер

URKER-2021 сыйлығымен марапатталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған үздік материал» аталымы «Семей таңы» газетінің тілшісі Риза Молдашеваға бұйырды. Марапатты тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Ақпарат министрі, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов тапсырды.

«Жылдың үздік репортажы» аталымында BaigeNews.kz порталының журналисі Әнуар Әбдірахманов жеңімпаз атанды. «Жылдың үздік аналитикалық материалы» аталымы «Ақиқат» журналының қызметкері Дина Имамбаеваға бұйырды.

«Жылдың үздік танымдық материалы» аталымында Massaget.kz порталынан Өмірбек Сансызбаев жеңіске жетті. Айта кетерлігі, жүлдені Қырғыз Республикасы Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрінің орынбасары Салтанат Аманова табыс етті.

«Жылдың үздік журналистік зерттеуі» жүлдесін Aiqyn газетінен Рысбек Қыдырбек иеленді. Ал «Жылдың үздік сұхбаты» аталымында Vlast.kz порталының журналисі Тамара Вааль үздік шықты.

«Жылдың үздік жаңалықтар порталы» аталымында «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі жеңіске жетті. «Жылдың үздік газеті» марапаты TÚRKISTAN халықаралық саяси апталығына бұйырды. «Жылдың үздік фотосуреті» жүлдесі newsroom.kz порталының фотосуретшісі Мақсат Шағырбаевтың қанжығасына байланды.

«Радиостанциядағы үздік жоба» аталымында NS радиосы «Новое утро» бағдарламасы үздік деп танылды. Forbes Kazakhstan ұжымы «Жылдың үздік журналы» атанды. URKER-2021 ұлттық бәйгесі арнайы жүлдесі «Қазақ радиосы» ұжымына берілді.

Айта кетейік, URKER-2021 Ұлттық бәйгесі биыл 11 аталым бойынша өткізілді. Сондай-ақ «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған үздік материал» аталымы қосылды. Үздік жұмыстарды беделді журналистер, еліміздің шығармашылық зиялы қауым өкілдері мен халықаралық медиасарапшылардан құралған қазылар алқасы анықтады.

Баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы жетістіктері үшін берілетін қазақстандық Ұлттық URKER сыйлығы талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлесін бағалау және олардың шығармашылығына қоғамның назарын аудару мақсатында 2017 жылы тағайындалған.

Байқауды ұйымдастырушылар – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры және «Қазмедиа орталығы» БК. Іс-шара демеушілері – «Қазақстан» РТРК» және «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамдары.

Тағдыршешті маңызы бар тарихи қадам

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Әкімдерді сайлау мәселесін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет 1998 жылы көтерген. Ауыл әкімінің алғашқы тікелей сайлауы Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған селосында 1999 жылы болды. Бұл сайлауға 7 үміткер түскен. Дауыс беруге сайлаушылардың 62% қатысып, Шамалған селосының әкімі болып сайланған Қайрат Байбақтынов сайлаушылардың 52,7% сеніміне ие болған еді.

Ол осы қызметті алты жыл бойы атқарыпты. Әкім атанғысы келгендер де аз болмапты. Олар халықпен кездесіп, өздерінің бағдарламаларын ұсынып, ауыл ішінде кәдімгідей үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, нағыз күрес орын алса керек. Оның себебі әкімді халықтың өзі сайлайтынында болып отыр.

Шамалғанда өткен сынақ ауыл әкімдерінің бюджеттік дербестігі мен оның өкілеттіктерінің шектеулілігі мәселесінің өзектілігін көрсетіп берді. Ол сонымен бірге ауыл тұрғындарының әкімдердің тікелей сайлауына дайын емесін де білдіргендей. Сондықтан 1999 жылғы бұл тәжірибе сол кездегі билік органдарының оны басқа аймақтарға таратпақ болған жоспарынан ештеңе шықпайтынын аңғартты. Содан бұл ой іске аспай, аяқсыз қалды. Ендеше, бұл ауыл әкімін сайлаудың қорытындысын сәтті немесе сәтсіз деп бағалаудың өзі қиынға соқты. Артынша заңдар өзгеріске ұшырап бұл деңгейдегі әкімдер жоғары тұрған басшылықтың шешімімен тағайындалды немесе оларды мәслихат депутаттары сайлап келді. Аудан әкімі 3-4 үміткердің кандидатурасын ұсынып, олар халықпен кездесіп, артынан дауыс берудің нәтижесінде 4 жылға сайланатын болды.

Осы күнге дейін ауыл әкімдерін аудандық мәслихаттардың депутаттары сайлайды, ал мәслихаттар аудан әкімінің айтқанынан шықпайды деген пікір бір толастаған емес. Ал кейбіреулер керісінше мәслихаттар аудан әкімдері ұсынған адамдарды тек қолдап, әкімнің айтқанын істейді дегенмен келіспейді. Басқа сарапшылардың аузынан тұрғындары аз ауылдарда әкімдерді тікелей сайлауға болады, ал адам саны жағынан ірі елді мекендерде жанама сайлау өткізген жөн деген сөздерді де естідік. Жалпы алғанда, олардың ойынша, ауыл әкімін сайлау немесе сайламау маңызды емес екен. Өйткені егер жергілікті өзін өзі басқару енгізілген жағдайда бұл сұрақ өзінен өзі күн тәртібінен түсер еді дегенді алға тартатындар да бар. Сонымен қатар біреулер аудандық мәслихаттарды жергілікті өзін өзі басқару органының қатарына жатқызса, келесілері мұндай пікірді қолдамайды. Халық арасында мәслихаттарды атқарушы биліктің «бір тармағы» деп санайтындар да баршылық. Осының негізінде сарапшылар Қазақстанда жергілікті өзін өзі басқару органдарының бар-жоғын түсіне алмай дал болуда.

Қазақстандағы саяси реформаның қарқынын экономикалық өзгерістермен қатар сайланбалылықты кеңейту және сайлау заңнамасы мен оның жүйесін жетілдіру, сол сияқты азаматтық қоғам институттарын нығайту сияқты басымдықтар айқындады. Осы бағытта жасалатын қадамдар анықталып, саяси реформалар бағдарламасының басты бағыттары нақтылана түсті. Мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялау барысында ендігі жерде жергілікті билікті халыққа жақындататындай ахуал туғызуға көңіл бөлінді. Аудан әкімдерін сайлау бойынша сынақ өткізілді. 2005 жылдың тамызында Қазақстанның төрт ауданында әкімдердің эксперименталдық сайлауы өткізілді. Оларды мәслихат депутаттары сайлады. Бұл сайлаулар әкімдердің қызметіне оң ықпалын тигізді, олар белсенді жұмыс істей бастады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев әкімдерді мәслихаттардың сайлауы үлгісіне тоқтала келе, оны жергілікті жерлерде тепе-теңдік жүйесін орнықтыру керектігімен байланыстырды. Мәслихаттардың құзыретін ұлғайту, олардың әкімдерді бақылауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуге көңіл аударылды.

2006 жылдың 20 қазанында 49 аудан мен 10 қалада сайлау өткізілді. Сайлау науқаны барысында әкімдікке кандидаттар ретінде 150 адам ұсынылып, оның 144-і тіркелді. Аудан әкіміне кандидат болған 1 адам өмірбаянында сотталу фактісінің болуына байланысты, тіркеуге жіберілмепті. 14 кандидат дауыс беру күніне дейін сайлауға қатысудан бас тартқан. Сайлауға қатысатын 135 кандидаттың ішінде 5 әйел болыпты. Республика бойынша сайлаушылардың 99,1% қатысқан сайлаудың барысында 121 сенімді тұлға, саяси партиялар мен ҮЕҰ-ның 86 бақылаушысы және 232 БАҚ өкілі бақылау жүргізген екен. Іс басындағы әкімдердің ішінен 45-і сайлауға түскен көрінеді. Сайлаудың қорытындысы бойынша олардың 39-ы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімі лауазымын сақтап қалды. Әкімдердің барлығы бірінші турда сайланған екен. Сайлау барысында әкімдердің құрамы 1/3 жаңартылып, олардың орта жасы 49-ды құраған.

Н.Ә.Назарбаев әкімдерді бірден тікелей халықтың сайлауына жіберу барлық мәселелерді шеше алмайтынын түсініп, оған тиісті ахуалдың әлі пісіп-жетілмегеніне көңіл аудара келе, жер-жердегі басқарудың тізгінін босатып алуға жол бермеудің қажеттігін ескертті. 2007-2008 жылдарға арналған Конституцияны жетілдіру бойынша бірінші кезектегі шаралардың қатарына жергілікті өзін өзі басқаруды толыққанды енгізуге жағдай жасаудың жатқызылғаны да бекерден-бекер емес. Жергілікті өзін өзі басқаруды енгізудің экспериментталдық кезеңінде төрт маңызды мәселеге көңіл аударылды: жергілікті өзін өзі басқару органдарының функциялары мен құзыреттері; қаржыландыру көздері; ішкі құрылымы; олардың тиімділігін арттыру мақсатында қорғау тетіктерін жетілдіру. Сонымен қатар тиімді жергілікті өзін өзі басқару жүйесін жасап, оны республикада енгізуге ерекше көңіл аударылды. Орталықсыздандыру мәселесі мен жергілікті өзін өзі басқару әкімдердің сайлауын өткізумен тығыз байланысты екеніне назар аударылды. Осылай ғана әкімдер тұрғындар алдында тұрақты түрде есеп беріп, олардың үстінен қоғамдық бақылау орнату мүмкін еді. Алайда сол кезде әкімдерді сайлауды мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру мәселесімен бір мезгілде енгізу мақсатында ол кейінге шегерілген-ді.

Біртіндеп азамат пен қоғамның тұрғылықты жерлерде, аймақ пен мемлекетте ортақ істермен айналысудағы рөлінің артатыны анық бола бастады. Ал ол азаматтық қоғам институттарын одан әрі күшейтудің қажеттігін аңғартады. 2000-жылдары сенімді әлеуметтік-экономикалық серпіліс және қалыптасқан мемлекеттілік, көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда жаңа қазақстандық демократиялық дәстүрлер қалыптаса бастады. Ол күн тәртібіне принципиалдық тұрғыда жоғарырақ міндеттерді шығарды. Сол кездегі қауіптер мен қатерлер елдің бүкіл әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жүйесін жеделдетіп модернизациялау міндетін шешуді талап етті. Сондықтан жергілікті органдардың құзыретін кеңейтуге, әртүрлі билік деңгейіндегі басқару органдары арасында құзыретін бөлуге көңіл аударыла бастады. Сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді көздейтін терең әкімшілік реформа белсенді түрде жүргізіліп, әкімдердің халық алдындағы есебі бойынша жұмыстар қолға алынып, ол нақтылана түсті.

Демократиялық реформалардың Жалпыұлттық бағдарламасын іске асыруда атқарушы биліктің тиімділігі, ашықтығы және есеп беруі талқыланып, мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін өзі басқаруды орталықсыздандыру және сайлау туралы заңнаманы жетілдіру көзделді. Ол сайлау, әкімдердің жауапкершілігі және олардың қызметіне деген бақылау мәселесінің маңызын арттырды. Конституция шеңберінде саяси реформалардың жергілікті өзін өзі басқару жүйесін қалыптастыру, жергілікті өкілді органдардың рөлін нығайту, әкімдердің сайланбалылығын және жыл сайын есеп беріп отыруын енгізуге бағыт алынды. Сол сияқты сайлау заңнамасын жетілдіруді бекітіп, оның ашықтығын қамтамасыз ету, округтік және учаскелік сайлау комиссиясын жасақтауда партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің кеңінен қатысуын, билік органдарының сайлау процесіне араласуын шектеуді заңда көрсету сияқты шаралары белгіленіп, әкімшілік реформа жүргізу қолға алынды.

Ұзақ жылдар бойы ауылдық округтің әкімі болатын адамды облыс әкімінің келісімімен аудан әкімі тағайындап келді. Олар өздерін тағайындаған аудан әкіміне жалтақтап, тұрғындармен ынтымақтаса жұмыс істей алмады. Бұл үдеріс тиімді болмай шықты. Оның үстіне, көптеген аудан әкімі ауылдарға айтқанынан шықпайтын «өз адамдарын» тағайындайтын болды. Ал мұндай адамдардың көбі жергілікті жерде жұмыс жүргізіп жарытпады. Сондықтан ауылдық округтердің әкімдерін халықтың өзі сайлау керектігі туралы мәселенің маңыздылығы күннен-күнге арта түсті.

Жергілікті билік органдарының жауапкершілігі мен тәуелсіздігін көтеру, сайлаушылар алдындағы есеп беруі мен жауапкершілігінің бақылауда болуы жергілікті өзін өзі басқаруды нығайтуға бағытталды. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну құқығын жоғарыда тұрған әкімдердің құзыретіне ғана қалдырмай, азаматтық қоғам институттарына да беру мәселесі көтерілді. Мәслихаттарға жеке мемлекеттік функциялар атқару құқығын бере отырып, оның жергілікті өзін өзі басқару органы ретіндегі жаңа өкілеттіктерін кеңейту және оны 5 жылға сайлау қарастырылды. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін тағайындауға келісім беруі тиісті мәслихаттардың саяси рөлін көтеріп, оның жергілікті өзін өзі басқарудың өкілі ретіндегі мәртебесін өсірді. Әкімге сенімсіздік білдіру үшін 2/3 дауыс емес, қарапайым көпшілік дауыс жеткілікті болды. Тұрғындарға өз күштерімен жергілікті жердің мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін жергілікті өзін өзі басқару туралы заңын қабылдау, мәслихаттардың жергілікті атқарушы билік органдарының жұмысына бақылау жасау мүмкіндігін көтеру, жергілікті өкілетті органдардың бақылау құзыретін кеңейту, жергілікті өзін өзі басқаруды толыққанды енгізуге жағдай жасау, саяси жүйедегі партиялардың рөлін күшейту де ұмыт қалмады. Себебі жергілікті өзін өзі басқару – азаматтық қоғамның алғашқы баспалдағы. Мәслихаттарды жергілікті атқарушы билікпен қатар ауылдар мен селоларда жергілікті өзін өзі басқару органдары қатарына енгізіліп, селолық елді мекендерде мәслихаттар құру ұсынылды.

Жергілікті жерлердегі азаматтық қоғамның дамуы және ауылдың мәселелерін жақсы білуі биліктің қолын ұзартып, ол ауыл-аймақтағы жергілікті деңгейдегі қордаланған сұрақтарды азаматтық белсенділік арқылы шешуге мүмкіндік алар еді. Тек сол үшін еліміздегі үкіметтік емес ұйымдар, соның ішінде жергілікті жерлердегі, билікке тәуелді болмай, оның серіктесі болғаны абзал. Олар әлеуметтік, мәдени мәселелерді шешуге негізделуі шарт, олардың жұмысы саясаттандырылмағаны дұрыс. Үкіметтік емес ұйымдар шешетін басты мәселе қоғамды әлеуметтендіру, халықты рухани сауықтандыру болуы керек. Бұл ұйымдар Үкіметтің жергілікті жерлерге қатысты міндеттерінің біразын өзіне алуы керек. Сонда ғана жергілікті өзін өзі басқару үдерісі уақыт талабына сай дамып, демократиялық қоғамды дамытудың алғышарттарының біріне айналады. Ал оны іске асырудың тиімді тетіктерінің қатарына жергілікті әкімдіктерге іскерлігі мен біліктілігі келіскен азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыс орнатып, тиімді жұмыс істейтін адамдарды сайлау жатады. Сондықтан болар, ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу міндеті 2013 жылы күн тәртібіне қайтадан қойылып, сол жылдың тамыз айында республиканың 14 облысында барлығы 2457 аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтердің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдар әкімдерінің сайлауы өтті. Осы жылғы маусымдағы жергілікті өзін өзі басқару туралы заңға сәйкес ауыл әкімі лауазымына үміткерді ауданның әкімі мен мәслихаттар ұсынатын болды.

Қазір ауыл әкімдерінде бұрынғыға қарағанда мүмкіншіліктері көбірек. Өйткені 2019 жылдан бастап әр селоның өзінің бюджеті бар. Ал оларды сайлау өкілеттігі мәслихат депутаттарына берілді. Осылайша әкімдер сайлауы тікелей емес, жанама сайлау құқығы негізінде өткізілді. Бірақ ауылдық округтің әкімін тұрғындардың тікелей сайлауы керектігі туралы мәселе туындай бастаған соң бұл пікір ескеріліп, еліміздің біраз жерлерінде сынақ ретінде ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау мәселесі қолға алынды. Соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Володар ауылдық округі әкімі сайланды. Әкім сайлау үшін үміткерлердің үгіт-насихаттың материалдарын БАҚ-қа, арнайы орындарға орналастыру, таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай ұсыну шығындарын аудан әкімдері анықтады. Бірақ мұның аудандық бюджеттерге артық шығын жүктегеннен басқа тиімділігі жоқ екені көрінді. Сайланған әкім де ұзақ жұмыс істемей, басқа қызметке ауысып кетті.

Содан әкімді таңдаушылар сайласын деген тәртіп шықты. Сөйтіп, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» заңға 2017 жылғы 11 шілдеде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, сол жылдың тамызында аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдар әкімдері сайланды. Олардың жалпы саны 2440 болған екен. Әкімдердің өкілеттік мерзімі 4 жыл болып белгіленді. Сайлайтын таңдаушылардың тізімін мәслихат хатшыларының ұсынуы бойынша аудандық сайлау комиссиялары жасады.

Айта кету керек, түптеп келгенде сайланған әкімнің артықшылығы көп екені түсінікті. Жоғары жаққа алаңдамай, сайланған ауылдық округтің белсенділерімен ақылдасып, бюджетті қалай бөлуді, қандай мәселелерді алдымен көтеруді шешетіндей жағдай туды. Сондықтан да жұмысқа деген ынта артты. Ал тағайындалған кезде бәрін аудандық әкімдікпен ақылдасып отыруы керек болатын. Алайда аудандағылар жергілікті мәселеге көп үңіле бермеді. Сондықтан көп мәселе атүсті қаралып, ешнәрсенің түпкілікті шешіле қоймайтынын күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп берді.

Жалпы, азаматтармен кері байланыс арқылы олардың сеніміне ие болу өте қажет. Осындай үдеріс ауылдық жерден басталса, ол тіптен дұрыс болар еді. Қоғамдық мәселелерді талқылауларда пікірі ескерілмегеннен, шешім қабылданғаннан кейінгі әрекеттердің жан-жақты ойластырылмағанынан азаматтардың бұл үдеріске атсалысуға секемденіп, сенімсіздікпен қарауға еті үйреніп кеткенін түсіну қажет. Сондықтан тұрғындардың белсенділікке неліктен көп жағдайда құлшыныс танытпай, қалыс қалып отыратынын ұғынған жөн. Сонда ғана ел дамуының жаңа кезеңінің мәні мен мазмұнын толыққанды және барабар түсініп, ауыл әкімдерін халықтың тікелей сайлауына кезекті науқан ретінде емес, қоғам өміріндегі шын мәніндегі тағдыршешті оқиға деп қабылдауға болады. Өйткені бұл – Қазақстанда тұңғыш рет кең көлемде жүзеге асырылғалы отырған саяси реформаның жалғасы. Екіншіден, егер осыған дейін әкімдер аудандық мәслихат депутаттарының таңдауы бойынша сайланып келсе, енді олар жергілікті халықтың тікелей дауыс беруі арқылы сайланатын болады. Үшіншіден, ауыл әкімдері жұмыстарының нәтижесіздігінің басты себептерінің бірі болып отырған қаржының жетіспеуі мәселесі оңтайлы шешілген жағдайда ауылдың, оның жергілікті тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған батыл қадам жасалар еді. Төртіншіден, олар аудан мен облысқа үнемі алақанын жайып отырмай қарекет жасауға талпынатын болады. Бесіншіден, халықпен тығыз жұмыс істеуге онша мойынсынбай, қажетінше көңіл бөлінбей келген проблемаларды еңсеруге жағдай туар еді. Алтыншыдан, жергілікті қоғамдастықтың елді мекендердің дамуына бағытталған мәселелер бойынша шешім қабылдау үдерісіне қатысуына мүмкіндік туады. Жетіншіден, ауыл, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сынақ сайлаулары із-түзсіз кеткен жоқ. Олар тікелей немесе жанама жүйеге негізделіп өткізілгеніне қарамастан үлкен тәжірибе болды. Оның үйренетін де, жиренетін де тұстары баршылық. Бастысы, одан қандай сабақ алу керек, міне, мәселе осында. Бір анығы – осы жолы нақты, қажетті және жоспарланғандай нәтижеге қол жеткізе алмасақ, онда үнемі «сынақ алаңының елі» болып, абыройымыздан айырылуымыз мүмкін.

Қазір ауылдық округтер әкімдері осы күнге дейін мемлекетке аузын ашып қарап отыр. Осыған байланысты Президент Қ.Тоқаев аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджетін енгізуді тапсырды. Осыған сәйкес 2020 жылдан бастап барлық жерлерде мемлекеттік бюджеттің төртінші деңгейі енгізілді. Жергілікті өзін өзі басқару бюджетінің кіріс көздері кейбір салықтық түсімдерден тұратын болды. Оның сыртында мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін және коммуналдық меншікті сатудан түсетін кірістер тағы бар. Сонымен ауыл бюджетіне салықтық және салықтан тыс басқа да түсімдердің 7 түрі және шығындардың 19 бағыты берілді.

Ауылдық әкімдердің барлық үміті осы төртінші бюджетте, оның ауылда қаншалықты мөлшерде қалдырылатынына байланысты болмақ. Ол ауылдың пайдасына шешілген жағдайда ғана жергілікті деңгейдегі қордаланып қалған бірқатар мәселені шешуге мүмкіндік жасалады. Бұл жерде ерекше мән беретін мәселе – бұл үдеріске, яғни төртінші бюджет қаражатын бөлу кезінде, әкімдердің қатысып, «өз бюджетін» дәлелді түрде қорғауына мүмкіндік жасау, тіптен оны басты талап ретінде заңдастыруға қол жеткізу. Бұдан былай халық сайлаған әкімдер де осы құқықтан айырылып, олардың сыртынан «тар қаржылық тон пішіліп» жатса, жағдайдың өзгермей, сол «баяғы жартас, сол жартас» күйінде қалары айдан-анық. Ауыл әкімдері аудан әкімдерінің «уысынан» шыға алмай, мардымсыз бюджетті қалай «игерерін» білмей, басшы ретінде қалыптасудың орнына, бар беделінен жұрдай болып жатса, ең жаманы сол. Бұл жағдайды болдырмаудың жалғыз-ақ жолы бар – ол ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын әділ өткізу, оларға бюджеттік дербестік беріп, оның жауапкершілігін арттыру және жергілікті өзін өзі басқару тетіктерін жетілдіру. Осылай болғанда ғана мажоритарлық сайлау жүйесімен сайланған әкімдер бұрынғыша аудан әкімінің алдында жақсы атанудың орнына өзін сайлаған халық алдында жауап беруге, аудан әкіміне «қызмет етудің» орнына ауылдың жағдайына жаны ашып, тұрғылықты жерінің мүддесіне басымдық беріп, «бүйрегі тартып», ауылдың көкейкесті мәселелерін шешіп, оның жағдайын оңалтуға күш салатын болады деген үміттеміз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев айтқандай, аймақтар қуатты болғанда ғана Қазақстан мықты мемлекет бола алады. Осы тұрғыда жергілікті өзін өзі басқару мен әкімдердің тікелей сайлауын бөліп қарауға болмайды. Бұлар қатар жүруі керек үдерістер. Ал түптеп келгенде, әкімдерді халықтың сайлауы жергілікті өзін өзі басқару мен азаматтық қоғамның қалыптасуына кепілдік беретін, оның алғышарттары болмақ. Бұл үдеріске еліміздің 7,5 млн тұрғыны тартылып, 2 346 округте сайлау өткізіліп, қазақстандық қоғамның бір бөлігі қозғалысқа келейін деп отыр. Ол – осыған дейін іске қосылмай келген өңірлерді нығайтатын, олардың әлеуетін арттыратын, оның мәдени-рухани және болмыстық жаңғыруын қамтамасыз етіп, ұлттың санасын дамытатын қоғамдық-әлеуметтік орасан зор күш қозғалысқа түседі деген сөз. Бұл, сонымен бірге, үлкен әлеуметтік және қоғамдық-саяси тәжірибе. Тек соны тиімді пайдаланып, елдің өмірін күрт өзгертетін, мазмұндық тұрғыдағы нақты және маңызды жетістіктерге қол жеткізгені жөн болар еді.

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері, саясаттанушы

ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

Органикалық химия саласының эталоны

ҚР ҰҒА академигі Қалдыбай Пірәлиев туралы сыр

Қалдыбай Пірәлиевтің ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты нәзік органикалық синтез тәсілдерін жасау, отандық жаңа залалсыз әрі әсерлілігі өте жоғары дәрілік заттарды жасау. Осы еңбегі арқылы ғылыми шыңдарды бағындырып, есімі химия ғылымы саласында бас әріппен жазылған ғалым-химик.

Қалдыбай Жайлауұлы 1941 жылы 29 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген.

1965 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін үздік бітірді. Органикалық химия саласында жаңашылдық жасауға барынша күш салып, 1970 жылы кандидаттық диссертация, ал 1991 жылы докторлық диссертация қорғап, 1992 жылы профессор атағын алды. 2004 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі атанды және бас директордың орынбасары болды.

Талантты және химияға бейімі барын байқаған профессор Д.В.Соколов кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін жас ғалымды КСРО ҒКНТ-ның жоғары тиімді анальгетиктерді-синтетикалық морфинді алмастырғыштарды іздеу жөніндегі ауқымды тақырыбының жауапты орындаушысы етіп тағайындады. Бұл Қалдыбай Жайлауұлының Қазақстанда және ТМД елдерінде, сонымен қатар шет мемлекеттерде де танымал көрнекті органик-химик, ғылымды ұйымдастырушы, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуының бастамасы болды.

Академик Қ.Ж.Пірәлиев мектебінің соңғы кездердегі үлкен жетістіктері есірткі емес күшті анальгетиктік әсерлерге ие және апиынға антагонистік белсенділік көрсететін заттар алынуы.

Қалдыбай Жайлауұлы өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы жан, озық ойлайтын, жаны жомарт, қамқор да талапшыл басшы, ұлағатты ұстаз ретінде белгілі. Іскер басшылық, адамгершілік қарым-қатынас, талмай ізденулер мен жаңалыққа деген құштарлық өз нәтижесін беріп, ол алыс-жақын шетелдерге кеңінен белгілі, танымал ғалым атанды. ҰҒА академигі Қ.Ж.Пірәлиевтің ТМД елдерінің медициналық практикасына жаңа тиімділігі жоғары және бірегей дәрілік заттарды енгізуге бағытталған белсенді инновациялық қызметін ерекше атап өткен жөн. Антидепрессант ЦЕФЕДРИН және ең аз наркогендік потенциалы бар морфинді алмастырушы орталық анальгетик – ПРОСИДОЛ алынып, медициналық практикаға енгізілді, олардың өнеркәсіптік өндірісі игерілді. Сондай-ақ Мәскеудің жетекші клиникаларында клиникалық сынақтардың бірінші кезеңінен сәтті өткен жергілікті анестетик және антиаритмиялық КАЗКАИН ерекше қызығушылық тудырды.

Қ.Ж.Пірәлиев әрқашан химия ғылымдары институтында ғана емес, бүкіл елдің қоғамдық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің ортасында жүр. Көптеген жылдар бойы ол «Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ ғылыми кеңесінің төраға орынбасары, Институттың диссертациялық кеңесінің төрағасы және орынбасары, ҰҒА химия – технологиялық ғылымдар бөлімшесі Бюросының мүшесі, түрлі ҒТК және түрлі ғылыми журналдардың редакциялық алқасының мүшесі, республикалық іргелі зерттеулер кеңесінің мүшесі, қазіргі уақытта Қ.Ж.Пірәлиев – БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті президиумының және ҰҒА Президиумының мүшесі.

ҚР ҰҒА академигі Қ.Ж.Пірәлиев басшылығымен 8 доктор, 34 ғылым кандидаты және 3 химия ғылымдары бойынша философия PhD докторы дайындалды.

Академик Қ.Ж.Пірәлиев 1986 жылы ҚазКСР Министрлер кеңесінің сыйлығына, 2002 жылы академик Қ.И.Сәтбаев атындағы, 2003 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атанды. Қалдыбай Жайлауұлына 2001 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі, 2002 жылы Қазақстан Республикасының ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, 2016 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағы және 2021 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісі берілді.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты ҰҒА академигі Қ.Ж.Пірәлиевті мағыналы ғұмырдың биік бір белесі – 80 жасқа алып жетті. Осы кемелдікке жігер, жарқын көңілмен келіп отыр.

Мерейтой – жүріп өткен жолды бағалауға мүмкіндік беретін тамаша шын!

«Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ-ның бас директоры, химия ғылымдарының кандидаты Дәметкен Фишер және ұжымы ҰҒА академигі Қ.Ж.Пірәлиевті 80 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық және Қазақстанның химия ғылымының игілігі үшін жаңа шығармашылық табыстар тілейді.

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Тағдырмен ойын...

Қасым атам әркез ұтырлы айтар сөзі бар және онысы ел аузында жүретін абыройлы адам еді. Атам отының алды, суының тұнығы, баласының үлкені қызын ұзатады. Ол уақыт тұрмысқа шыққан қыздың артынан ай өтпей жетіп баратын кез емес. Жылдан асып, пәленбай шақырымды артқа тастап, құдасының үйіне тоқтап, олар Қасекең, құда келді деп құрақ ұшып дастарқан жайып күтеді. Шай үстінде бар зейіні үлкендерге ауып, соларға қызмет етіп отырған қызы қайынсіңлісінің босаған кесесін аңдамай қалыпты. «Жеңеше, шай» деп көзімен жеп жібергенін көрген атам үйіне келген соң жұбайына «Көрдім баламды. Қайтейін, дүние кезек деген, құдашаның көзін көрдім, оған да біреу қарар» депті.

Қарапайым мысал. Қарапайым болғанымен әр ата-ана, әр ақсақал мен ақ жаулықты әже балалары мен немерелеріне дүние кезек екенін, ешкімге зәбір, қиянат жасауға болмайтынын құлақтарына құйып, біреуге жақсылық жасасаң да, жамандық жасасаң да соның бәрінің алдыңа қайтып келетінін, өтеуінің жазбай табатынын, халықта «Қысастық қияметке кетпейді» деп мына жалғанда да, бақида да жауабы болатынын сіңіріп өсіретін. Содан да болар ұрпағын кісіге жамандық емес, жақсылық жасауға ұмтылдырып, «әрі сауап жинайсың, әрі өз жолыңды ашасың», «қолмен істемек түгіл, кемтар жанның жанында дене мүшенің кемдігі турасында әңгіме айтпа, көңіліне тиесің, қылдай қиянат болмасын» дегендей ақылын айтып отыратын. Әзілдегенде «Құрбыңды да көтере ойна», «Жамандық жасау әркімнің қолынан келеді, жақсылық жасау – жақсыдан ғана» деп ұрпағын тек изгілікке үндейтін.

Жуырда әпкем бір айлық зейнетақысынан толық айырылып қалды. Өзін «банк қызметкерімін, сіздің атыңызға 2 млн несие беріліп жатыр, өтініш берген сіз бе, соны анықтауым керек», деп телефон соққан жанға: «Жоқ, ойбай мен емеспін», дейді. «Онда сіздің атыңыздан өтініш түсірген алаяқтар болды, мен сізге көмекетесейін, бірақ сіз жайлы мәліметтер керек», деп ЖСН-ді, басқа да деректерді сұрап алады. «Енді Play Market-тен қосымша жүктеңіз», деп үйретіп, артынша сол арқылы зейнетақысының бір тиынын қалдырмай алып қойған. Бір айлық зейнетақысынан түгелдей айырылған әпкем санын соғып, іші удай ашыды. Бұл бір ғана оқиға емес. Осындай алданған адамдар өте көп.

Қай кезде де қоғам ізгілігі қарттар мен балаларға жасалатын қамқорлық пен жанашырлық көзқараспен өлшенетіні анық. Ал қоңырау шалған адам зейнеткер екенін біле тұра, мақсатты түрде алдап, онсыз да айдарынан жел есіп отырмаған қарапайым жұртты бір айлық ішіп-жемінен айырады. Қазір зейнетақының коммуналдық төлем мен азық-түліктен артылмайтыны анық нәрсе. Тіпті жетпей жататыны аян. Алаяқтың кесірінен амалсыз қарызға кірген әрбір сондай жан неше ай бойы сол бір желіңгенін өтеймін деп, өзін қаншалықты үнемге кіргізеді. Сондайда налымай ма? Қолынан берген емес, аудара байлаған арсызға қиналғанда ауыр сөз айтылмай ма? Шынымен кералаң кер дүниеде бәрінің қайтып келетіні рас. Бүгін алдап ақша алдым, адымымды алшаң басып, ашықауыздарды «жазалап», солардың үстінен пайда табудамын деген тоғышар қалай қателеседі дейсің. Алдына еселеп қайтқанда тағдырына өкпелей ала ма?

Өйткені өтеу бар. Өтеуден аттап өтер пенде жоқ. Тіпті қазір «Қолымда билігім тұрғанда қарамағымдағы жанды ашсам – алақанымда, жұмсам – жұдырығымда ұстаймын, қалағанымменбіреуді аспанға көтеріп, біреуді төмендетемін», деудің артында өз тағдырына жасар өзгеріс барын көзі ашық дегендердің өзі сезбей қалып жатады. Біреудің орынсыз наласына қалу, қандай болсын сөзбен, іспен, ишаратпен басымдық таныту, елемей, көзге ілмей қою, аудара байлап, қысым көрсетудің ешбір түрі жер басып жүрген жұмыр басты әр пендеге жақсылық әкелмейді. Уақыт өте оның өтеуі өз тағдырыңа енер өзгеріс екенін біліп, кейін есеп беретін күн туғанда бармақ шайнағаннан кім ұтады? Сол уақытта кісі аяғандай болғанын көргенде жүрегінде парасаты бар бір кезгі көзге ілмейтін жанның қимағаннан жасалған тілектестік дұғасын құдай қабыл етпесіне кім кепіл?

Әпкем ақшасын алған пақырды кешіргенін айтады. «Тірі ме, өлі ме, ата-анасы бар шығар. Солар үшін кешірдім, тірі болса баласының кейін қиналғанын көрмесін, о дүниелік болса, ұрпағынан тек сауапты іс жетсін, қиналмасын дедім», деді. Бірақ төреші – уақыт, төреші– құдай!

ДЕМОКРАТИЯ – ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Ауыл әкімін сайлайтын күн алыс емес

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «Қоғамдық пікір сауалдамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отыр. Бұл маңызды қадамды жан-жақты ойластырып, дәйекті түрде жүзеге асырған жөн» деген болатын. Президенттің бұл бастамасы заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етіліп, елде алдағы жауапты саяси науқанға әзірлік жүргізіліп жатыр. Мәселен, күні кеше Орталық сайлау комиссиясы ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөнінде отырыс өткізді.

Рауан ҚАБИДОЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың үлгі күнтізбелік жоспарын бекіту туралы күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Ерлан Дауылбаев баяндады. Ол ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу кезіндегі барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының өкілеттіктері туралы егжей-тегжейлі мәлімет берді. Сонымен қатар әкімдер сайлауы кезінде Орталық сайлау комиссиясы өз өкілеттіктері шеңберінде аумақтық сайлау комиссияларына әдіснамалық көмек көрсететінін, сайлау құжаттарының нысандарын белгілейтінін және сайлау іс-шараларын қаржыландыруды қамтамасыз ететінін атап өтті. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын дайындау және өткізу – аудандар мен қалалардың аумақтық сайлау комиссияларының ерекше құзыреті.

– «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-1-бабына сәйкес, сайлау тағайындау үшін мыналар негіз болып табылады. Бірінші – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, округ әкімінің заңмен белгіленген өкілеттілік мерзімінің аяқталуы. Екінші – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, округ әкімі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату немесе заңда белгіленген жағдайларда тиісті әкімшілік аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру. «Сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес сайлауды аумақтық сайлау комиссиялары кемінде 40 күн бұрын тағайындайды және жұмыс істеп отырған әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын өткізеді, – деді Е.Дауылбаев.

Оның айтуынша, әкімнің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сайлау тағайындалған күннен бастап 1 ай ішінде тағайындалады және 1 ай мерзімде өткізіледі. Яғни науқан ұзақтығы – 1 ай, ұсыну үшін – 2 апта, тіркеу кезеңі 10 күн бұрын аяқталады. Сайлау күні туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

– Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні басталады және сайлау өткізілетін уақытқа 15 күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады. Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге дейін ауылдық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауыл округіне екеуден кем кандидат ұсынылса, онда аудандық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсынуды 5 күннен аспайтын мерзімге ұзартады. Кандидаттарды ұсынудың бірнеше тәсілі бар. Бірінші, саяси партиялар өз мүшелерінің арасынан ұсынады. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсынуға құқылы. Екінші, дауыс беруге құқығы бар тиісті округ сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1 пайызының қолын жинауды қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырады. Үшінші, егер ұсыну аяқталатын күнге екеуден кем кандидат ұсынылса, аудан әкімі ұсынады. Бұл ретте ұсынылған кандидаттар болмаған не ұсыну мерзімі аяқталатын күні 1 кандидат ұсынылған жағдайда аудан әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша тиісінше екі не бір кандидатты ұсынуға құқылы, – деді Е.Дауылбаев.

Оның айтуынша, кандидаттарға қойылатын бірнеше талап бар екен. Яғни кандидат ауылдық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауыл округі әкімі болып сайлану үшін Қазақстан азаматы «Сайлау туралы» Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс.

– Бірінші, кандидаттың 25 жасқа толғандығы. Екінші, заңда белгіленген тәртіппен танылған іс-әрекетке қабілеттілігі, соттылығының болмауы және сыбайлас жемқорлық қылмыс, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауының болмауы. Үшінші, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкестігін тиісті аудандық сайлау комиссиясы ұсынған құжаттар негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган анықтайды, – деді Е.Дауылбаев.

Бұдан бөлек, Е.Дауылбаев ауыл әкіміне кандидаттың сәйкестігін анықтау жұмысы қалай жүргізілетінін де баяндады. Оның айтуынша, аумақтық сайлау комиссиясы кандидат ұсынылғаннан кейін оның заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау процесіне дереу кіріседі.

– Бұл үшін азаматтығын анықтау мақсатында ішкі істер органдарына, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығын, заңда белгіленген тәртіппен танылған сыбайлас жемқорлық қылмысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының болмауын прокуратура органдарынан, кандидаттардың мемлекеттік қызмет туралы заңның талаптарына сәйкес және осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу тұрғысынан Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өңірлік департаменттерге тиісті сұраулар жіберіледі. Жұмысқа тартылған жоғарыда аталған мемлекеттік органдар жедел тәртіппен деректердің тиісті деңгейде тексерілуін және нәтижелерінің аумақтық комиссияларға дереу ұсынылуын қамтамасыз етулері қажет, – деді Е.Дауылбаев.

Оның айтуынша, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1 пайыз дауысының қолдауына ие болуы тиіс. Сайлаушыларды қолдау олардың қолдарын жинаумен куәландырылады.

– Кандидаттарды қолдап қол жинауды сенім білдірген адамдар ұйымдастырады және ол үшін кандидат осы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 36-бабында, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін 3 күннен кешіктірілмей тиісінше аудандық сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен рәсімделеді. Толтырылған қол қою парақтары тиісінше аудандық сайлау комиссиясына тапсырылады. Ол 3 күн мерзімде ішкі істер қызметкерлерін тарта отырып, жиналған қолдардың растығын тексереді және тиісті хаттаманы рәсімдейді. Қолдардың растығын тексеру Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидатқа қажетті анық қолдар анықталғанға дейін жүргізіледі, – деді Е.Дауылбаев.

Оның айтуынша, кандидат тіркелу үшін саяси партиялар ұсынған кезде азаматтың кандидат болуға келісімі, өмірбаяндық деректері, кандидат пен жұбайының активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы, Қазақстанның мемлекеттік қызметіне кіретін азаматты арнайы тексеру үшін қажетті құжаттарды, саяси партияның сайлау жарнасын енгізгендігін куәландыратын құжат, кандидаттың саяси партияға мүшелігін растайтын құжат ұсынуы қажет.

– Ал өзін-өзі ұсынған адам кандидат болып дауысқа түсу туралы өтінішін, өмірбаяндық деректерін, кандидат пен жұбайының активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасын, Қазақстанның мемлекеттік қызметіне кіретін азаматты арнайы тексеру үшін қажетті құжаттарды, сайлау жарнасын енгізгені туралы құжатты ұсынуы тиіс. Сонымен қатар сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1 пайыз дауысының қолдауына ие болғандығын растайтын аумақтық сайлау комиссиясының анықтамасын да ұсынуы керек. Ал аудан әкімі кандидатты ұсынған кезде жоғарыда аталған құжаттармен қатар, арнаулы ұсынысы қоса берілуі тиіс. Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен 10 күн бұрын жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады, –деді Е.Дауылбаев.

Осымен еліміздің даму тарихындағы тағы бір айтулы белес болатын демократиялық өзгеріс басталғалы тұр. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған ауқымды саяси реформа халықтың жан-жақты қолдауына ие болып, қоғамдық өмірде соны серпіліс туғызып отырғаны анық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 49-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

«22-1) цифрлық майнинг үшін төлемақы;»;

2) 53-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

3) 54-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

4) 55-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

5) 56-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;».

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 20-бапта:

тақырып «жауапкершілігін» деген сөзден кейін «және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және өзге де ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.»;

2) 24-баптың 2-тармағының алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Соңғы үш жылдағы жылдық жиынтық кірістердің немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлік субъектілері кірістерінің үшке бөлінген сомасы жылдық орташа кіріс деп есептеледі.»;

3) мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

«6-1-тарау. Әлеуметтік кәсіпкерлік

79-1-бап. Әлеуметтік кәсіпкерлік

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтар мен қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін, осы Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметі әлеуметтік кәсіпкерлік болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

79-2-бап. Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі міндеттері

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік проблемаларды шешуге, оның ішінде әлеуметтік инновацияларды ендіру және осы Кодекстің 79-3-бабында көзделген әлеуметтік қызметтер көрсетуге жәрдемдесу арқылы қатысуын қамтамасыз ету.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін әлеуметтік инновациялар деп қоғамда әлеуметтік өзгерістер туындататын әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге ықпал ететін жаңа идеялар, стратегиялар, технологиялар түсініледі;

2) осы Кодекстің 79-3-бабында аталған халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу және олар үшін қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді нарыққа, оның ішінде осы Кодекстің 79-3-бабында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарының өз еңбегімен қатысуы арқылы жылжыту.

79-3-бап. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері осы бапта санамаланған шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкестігіне қарай мынадай санаттарға бөлінеді:

1) бірінші санат – әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі азаматтардың мынадай санаттарын:

мүгедектерді;

мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;

зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде);

балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды;

наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

қандастарды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі қызметкерлерінің арасында осындай санаттардың кез келгеніне (осындай санаттардың біріне немесе бірнешеуіне) жататын адамдардың орташа жылдық саны алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кемінде елу пайызды құраған (бірақ осындай санаттарға жататын кемінде екі адам болған), ал еңбекке ақы төлеу шығыстарында осындай санаттардың кез келгеніне (осындай санаттардың біріне немесе бірнешеуіне) жататын адамдардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстардың үлесі кемінде жиырма бес пайызды құраған жағдайда, жұмыспен қамтуға ықпал етеді (жұмыскердің әлеуметтік мәртебесі еңбек шартын жасасқан кезде белгіленеді);

2) екінші санат – әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі осы баптың 1) тармақшасында аталған санаттар қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді өткізуге ықпал етеді. Бұл ретте, алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс, ал әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құрайды;

3) үшінші санат – әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі мүгедектердің тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеруге немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау мақсатында мүгедектерге, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау мақсатында осы баптың 1) тармақшасында аталған өзге де адамдарға арналған тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құраған, ал әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құраған жағдайда, мынадай:

тұрмыста тыныс-тіршілікті қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету жөніндегі;

күтімді ұйымдастыру, сауықтыру іс-шараларын жүргізуге жәрдем көрсету, азаматтардың денсаулық жағдайының өзгеруін анықтау үшін жүйелі түрде байқау арқылы денсаулықты қолдауға және сақтауға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтерді көрсету жөніндегі;

әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психологиялық жай-күйін түзетуде көмек көрсетуді көздейтін әлеуметтік-психологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі;

мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың профилактикасына бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді көрсету жөніндегі;

жұмысқа орналасуда және еңбекте бейімделуге байланысты өзге де проблемаларды шешуде көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету жөніндегі;

коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімдеуді көздейтін қызметтерді, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі;

аурулардың профилактикасы, мүгедектерді оңалту, оның ішінде мүгедек балаларды медициналық абилитациялау үшін ғана пайдаланылуы мүмкін медициналық техниканы, протездік-ортопедиялық құралдарды, цифрлық денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалық қамтылымды, сондай-ақ техникалық құралдарды өндіру және (немесе) өткізу жөніндегі;

мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыру жөніндегі;

қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі;

мүгедектер мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділікті, көлік құралдарын пайдалануды, ақпарат беру кезінде әмбебап байланыс қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау жөніндегі қызмет түрлеріне сәйкес жүзеге асырады;

4) төртінші санат – әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі қызметті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құраған, ал әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құраған жағдайда, мынадай:

отбасын нығайтуға, балалардың отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз етуге және ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтерді көрсету жөніндегі;

балалардың демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыру жөніндегі;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі;

мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі;

әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту жөніндегі;

мәдени-ағартушылық (оның ішінде, жеке музейлердің, театрлардың, кітапханалардың, архивтердің, мектеп-студиялардың, шығармашылық шеберханалардың, ботаникалық және зоологиялық бақтардың, мәдениет үйлерінің, халық шығармашылығы үйлерінің қызметі);

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі;

осы Кодекстің 79-3-бабында аталған халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық және ұзақ өмір сүру орталықтарын, саламатты өмір салтын жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет түрлерінің ішінен жүзеге асырады.

79-4-бап. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі

1. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы деректерді пайдалану үшін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді, атап айтқанда:

1) дара кәсіпкердің атауын не заңды тұлғаның атауы мен тіркелген күнін;

2) сәйкестендіру нөмірін;

3) заңды мекенжайын (тұрған жерін);

4) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілу күнін;

5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісінің санатын қамтитын электрондық дерекқор әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі болып табылады.

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін алдыңғы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей бекітеді.

Көрсетілген мәліметтерді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган арнаулы комиссияның қарау қорытындылары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған мәліметтерді ескере отырып, осы Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан алдыңғы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жыл сайын жаңартып отырады.

Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға осы Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкес келген кезде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган арнаулы комиссияның қарау қорытындылары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға ұсынған мәліметтердің негізінде күнтізбелік тоқсанның 1-күні тізілімге жаңа әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін енгізуге құқылы.

Арнаулы комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік одақтардың өкілдері кіреді. Арнаулы комиссияны қалыптастыру тәртібін және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін орналастырады.

3. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

4) 85-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді;»;

5) 92-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік» деген сөздермен толықтырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 232-1-баппен толықтырылсын:

«232-1-бап. Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау осы Кодекстің 93-бабында көзделген жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан және осы Кодекстің 232-бабында көзделген шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан басқа, мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымының болуын қамтамасыз ету;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салықтық жеңілдіктер беру;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету (оның ішінде екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне және мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) ақы төлеуге субсидиялау беру шеңберінде);

4) мемлекеттік мүлікті «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға) беру;

5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық қолдау көрсету;

6) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету, акселерациялық бағдарламалар арқылы дамыту (оның ішінде қаражат тарту, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысу мәселелері бойынша).

Осы Кодекстің мақсаттары үшін акселерациялық бағдарламалар деп оқыту және сараптамалық қолдау арқылы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қарқынды дамыту және ілгерілету бағдарламалары түсініледі;

7) өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға, іскерлік әріптестерді іздестіруге жәрдемдесу (оның ішінде іскерлік іс-шаралар өткізу, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің көрсетілген іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету арқылы);

8) кәсіптік білім беру мен қосымша білім беруді ұйымдастыру;

9) экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру.».

4. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) мазмұны алып тасталсын;

2) 69-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қалыптастырады.».

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-5) тармақшамен толықтырылсын:

«4-5) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді;»;

2) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

«4-3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді;»;

3) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеді;».

6. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын;».

7. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

74-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11. Мемлекеттік мүлік мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға) берілуі мүмкін.».

8. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

29-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларды, арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, агенттер міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есепке жазылған) сомалары жөніндегі мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде тоқсан сайын тапсырады.».

9. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

2) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Осы баптың 2-тармағының ережелері осы Заңның 14-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген адамдарға қолданылмайды.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер кезең төленбеген кезеңді есептеу кезінде:

1) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған;

2) салықтар мен әлеуметтік төлемдердің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбесіне жататын немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе төндіруі мүмкін дағдарысты жағдайлар кезеңінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған құқықтық актілердің ережелеріне сай жұмыс беруші міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар есептемеген және (немесе) төлемеген еңбек қызметі кезеңінде кіріс алған кезді қамтыса, есептелетін төленбеген кезеңге қосылмайды.»;

3) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

«5-2) осы Заңның 26-бабының 1-тармағында аталған адамдардың санаттары бойынша және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын және еңбекші көшіп-қонушылар болып табылатын шетелдіктер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері бойынша деректерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ақпараттық жүйесіне одан әрі беру үшін Мемлекеттік корпорацияға ұсынуға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесін айқындайды;»;

4) 14-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Жұмыс берушілер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, салықтар мен әлеуметтік төлемдердің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті белгіленген қызмет түрлерінің тізбесіне жататын еңбек қызметі кезеңінде кіріс алған немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе төндіруі мүмкін дағдарысты жағдайлар кезеңінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған құқықтық актілердің ережелеріне сай өздері үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар есептелмейтін және (немесе) төленбейтін қызметкерлердің тізімдерін қорға береді.»;

5) 17-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік корпорация өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша, орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті орган белгілейді.»;

6) 26-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Қор растайтын құжаттар болған кезде осы баптың 1-тармағында аталған адамдарға кордың ақпараттық жүйесінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы мәртебесін мемлекет жарналары төленгенге дейін бір айға береді.»;

7) 40-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Дербес төлеушілер 2021 жылғы 1 шілдеге дейін жарналарды медициналық көмек алатын күннің алдында кемінде үш ай қатарынан қорға төлейді деп белгіленсін.»;

8) 41-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Осы Заңның 5-бабының 2-2-тармағы 2021 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады деп белгіленсін.

4. Осы Заңның 30-бабы 6-тармағы 6) тармақшасының қолданысы 2021 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын.».

10. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

27-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Клиент салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінде көрсетілген салықтық берешек сомасын өтеген жағдайда, банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімді кері қайтарып алғанға дейін клиенттің банктік шоты (шоттары) бойынша шығыс операцияларын қайта бастайды.».

11. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

16-баптың 2-тармағы «патент негізінде» деген сөздерден кейін «немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағын, 3-тармағының 2) және 6) тармақшаларын, 5, 6, 8, 10 және 11-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 24 маусым
№ 52-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2) 13-баптың 2-тармағындағы «жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

3) 67-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы «, мына құжаттардың бірінің» деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшасындағы «келісімнің негізінде жүзеге асырылады.» деген сөздер «келісімнің;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда – арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режиміне ауысқан кезде онда көрсетілген келісімнің негізінде жүзеге асырылады.»;

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын және осындай қосымшада кірісті жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер есептелген және төленген соңғы ай күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде көрсетпеген;»;

2) тармақшадағы «2) тармақшасында көзделген негіз бойынша» деген сөздер «2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің төртінші абзацы «1)» деген цифрдан кейін «, 1-1)» деген цифрлармен толықтырылсын;

үшінші бөлік «1)» деген цифрдан кейін «, 1-1)» деген цифрлармен толықтырылсын;

4) 79-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарлама арнаулы мобильді қосымша арқылы жіберілуі мүмкін.»;

5) 115-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында:

«веб-қосымшаға» деген сөздер «веб-қосымшаға және (немесе) арнаулы мобильді қосымшаға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«іс-қимыл жасайтын» деген сөздер «іс-қимыл жасайтын және (немесе) арнаулы мобильді қосымшаны пайдаланатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 118-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде салықтық берешегін өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң;

тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде салықтық берешегін өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң;»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімінде көрсетілген салықтық берешек сомасын салық төлеушінің (салық агентінің) өтеуі екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осындай салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын қайта бастауы үшін негіз болып табылады.

Екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салықтық берешек өтелген күні банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы өкімінің күші жойылғанға дейін қайта бастайды.»;

7) 166-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі 8) тармақшасындағы «ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды.» деген сөздер «ақшалай есеп айырысуларына;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) арнаулы мобильді қосымша арқылы жүргізілетін ақшалай есеп айырысуларға қолданылмайды.»;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының (клиенттің), алушының талап етуі бойынша сатып алушының (клиенттің), алушының сәйкестендіру нөмірін де қамтуға тиіс.»;

8) 190-баптың 7-тармағындағы «Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде» деген сөздер «Шағын бизнес субъектілері үшін патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 213-баптың 7-тармағының 1) тармақшасы «субъектілері үшін» деген сөздерден кейін «немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын,» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 241-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

14) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры жүзеге асырылған кепілдік төлемдер жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;»;

11) 242-баптың 3-1-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Осы Кодекстің 412-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында аталған тұлғалардан құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және азаматтық-құқықтық мәміле жасау күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 000 еселенген мөлшерінен асатын осындай мәміле бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде оларға байланысты шығыстар бойынша шегерімдер осы баптың 3-тармағының ережелері сақталған және электрондық нысандағы шот-фактура немесе деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының (клиенттің), алушының сәйкестендіру нөмірі қамтылған чегі болған жағдайда жүргізіледі, бұл ретте бұған:»;

12) 246-баптың 4-тармағында:

бірінші бөлікте:

екінші абзац «Д» деген әріптен кейін «+Е» деген әріппен толықтырылсын;

үшінші абзац «Д» деген әріптен кейін «, Е» деген әріппен толықтырылсын;

төртінші абзацтағы «Д көрсеткішіне» деген сөздер «Д және Е көрсеткіштеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы оныншы, он бірінші және он екінші абзацтармен толықтырылсын:

«Е – мынадай:

ұстаушылары бас компания болып табылатын еншілес ұйымдардың борыштық бағалы қағаздары бойынша дисконт не купон (дисконтты не бастапқы орналастырылу құнынан және (немесе) сатып алыну құнынан сыйлықақыны есепке ала отырып) түріндегі;

еншілес ұйымдардың бас компаниядан алған қарыздары бойынша сыйақы сомасы;»;

екінші бөлік «Д» деген әріптен кейін «, Е» деген әріппен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақты қолдану мақсаттары үшін жалғыз қатысушысы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұлттық компания, әрбір еншілес ұйымдағы акциялардың (қатысу үлестерінің) жүз пайызы көрсетілген ұлттық компанияға тиесілі болатын жағдайда, бас компания болып табылады.»;

13) 256-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

14) 257-баптың 2-тармағы «10)» деген цифрлардан кейін «, 10-2)» деген цифрлармен толықтырылсын;

15) 266-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) осы Кодекстің 288-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасына сәйкес салық салынатын кірісті азайту жүргізілген активтер.»;

16) 274-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі 6) тармақшасындағы «болып табылмаса, преференциялар объектілеріне жатқызылады.» деген сөздер «болып табылмаса;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Кодекстің 288-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасына сәйкес салық салынатын кірісті азайту жүргізілген активтер болып табылмаса, преференциялар объектілеріне жатқызылады.»;

4-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы және екінші бөлігіндегі «Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін,» деген сөздер «Осы баптың мақсаттарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 288-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері – мүгедек; мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-ана және басқа да заңды өкілдер; зейнеткерлер мен зейнеткерлік жас алдындағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде); жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері; босатылғаннан кейін он екі ай ішінде қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар; қандас болып табылатын жұмыскерлерді кәсібін игеру бойынша оқытуға, кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға немесе олардың біліктілігін арттыруға ақы төлеуге жұмсалған шығыстар, бірақ салықтық кезең үшін бір жұмыскерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 120 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген жұмыскердің мәртебесі өзгерген кезде салық салынатын кіріс мөлшерінің азаюы жұмыскер мүгедек; мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-ана және басқа заңды өкіл; зейнеткер мен зейнеткерлік жас алдындағы азамат (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде); жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушісі және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлегі; босатылғаннан кейін он екі ай ішінде қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адам; қандас болған салықтық кезеңдегі айлардың үлес салмағы негізге алына отырып жүргізіледі.

Жұмыскерге қатысты салықтық кезеңде салық салынатын кірісті азайту қолданылған кезде келесі салықтық кезеңдерге мұндай азайту қолданылмайды;»;

«7) осы Кодекстің 274-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды сатып алу немесе салу шығыстарын азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның ережелерін қызметін өңдеу өнеркәсібінде жүзеге асыратын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектісі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес есепті салықтық кезең үшін салық салынатын кіріс сомасынан аспайтын сомада қолданады.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген активтер осы Кодекстің 7-бөлімінің 3-параграфына сәйкес тіркелген активтер деп танылмайды және осы Кодекстің 7-бөлімінің 4-параграфын қолдану мақсатында преференциялар объектісі болып табылмайды.»;

18) 319-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

«10-2) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы төтенше комитетінің шешімімен ауруды пандемия деп тану салдарынан шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізуге байланысты зертханалық зерттеп-қарауға, жеке-дара қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге, медициналық қарап-тексерулер жүргізуге, профилактикалық екпелерге, медициналық байқауға, емдеуге, оқшаулауға, емдеуге жатқызуға бағытталған, жұмыс берушінің жұмыскерлер пайдасына шығыстары (жұмыскерлер шығыстарының орнын толтыруды қоса алғанда);»;

19) 341-баптың 1-тармағының 23) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 10-2) тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды;»;

20) 350-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың ережелері осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 10-2) тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды.»;

21) 399-баптың 1-тармағы 15) тармақшасының төртінші абзацы «еркін қойма» деген сөздерден кейін «немесе «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағының еркін кедендік аймағы» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 411-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өңдеу өнеркәсібінде (металлургия өнеркәсібін қоспағанда) өнім өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша – құрылған заңды тұлғалар мемлекеттік тіркелген кезден бастап екі жыл ішінде.

Бұл ретте өндірілген өнім жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттарына сәйкес келуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауардың шыққан жері туралы сертификатпен расталуға тиіс.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін не Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын өнімге қолданылады.

Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган тиісті уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін не Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын өнімнің тізбесін 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2021 жылғы 20 шілдеден кешіктірмей және кейіннен жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісті жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей жариялайды.

Осы тармақшаның ережелері өңдеу өнеркәсібінде (металлургия өнеркәсібін қоспағанда) өнім өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін ғимараттарды, құрылысжайларды, машиналар мен жабдықтарды Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға беретін заңды тұлғаларға қолданылады.»;

3-тармақта:

«Егер заңды» деген сөздер «Егер» деген сөзбен ауыстырылсын;

«1) және 3)» деген сөздер «1), 3) және 4)» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 412-бапта:

13-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 5) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда шот-фактура жазып беру:

1) сатып алынған тауарды жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалану (түпкілікті тұтыну) мақсаттарында пайдаланатын жеке тұлғаларға;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаларға өткізген кезде талап етілмейді.»;

14-тармақтың бірінші бөлігіндегі «13-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында» деген сөздер «13-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында, үшінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 444-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты сатып алынған тауарлардың құнын айқындау үшін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бағалардың ең төмен деңгейі қолданылады.

Бағалардың ең төмен деңгейі қолданылатын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

25) 451-баптың 2-тармағы 4) тармақшасының төртінші абзацы «еркін қойма» деген сөздерден кейін «немесе «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағының еркін кедендік аймағы» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 482-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып қолданатындар;»;

27) 521-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Егер әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі осы баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтарының бірнеше ережесіне сәйкес келсе, онда осы бапта белгіленген ең төмен мөлшерлемелердің бірі қолданылады.»;

28) 554-баптың 4-тармағының кестесіндегі 1.36-жол алып тасталсын;

29) 69-тарау мынадай мазмұндағы 11-параграфпен толықтырылсын:

«11-параграф. Цифрлық майнинг үшін төлемақы

606-1-бап. Жалпы ережелер

1. Цифрлық майнинг үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсатында – төлемақы) цифрлық майнинг кезінде тұтынылған электр энергиясының көлемі үшін алынады.

2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға төлемақы төлеушілер туралы мәліметтерді ұсынады.

606-2-бап. Төлемақы төлеушілер

Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

606-3-бап. Төлемақы мөлшерлемесі

Төлемақы мөлшерлемесі цифрлық майнингті жүзеге асыру кезінде тұтынылған электр энергиясының 1 киловатт-сағаты үшін 1 теңге мөлшерінде айқындалады.

606-4-бап. Салықтық кезең

Төлемақыны есептеу үшін тоқсан салықтық кезең болып табылады.

606-5-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын төлемақы төлеушілер цифрлық майнингті жүзеге асыру кезінде тұтынылған электр энергиясының нақты көлемдерін және белгіленген төлемақы мөлшерлемесін негізге ала отырып есептейді.

2. Төлемақы төлеушілер ағымдағы төлемақы сомаларын бюджетке тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей төлейді.»;

30) 678-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы төртінші абзацындағы «режимін қамтитын арнаулы салық режимдерін;» деген сөздер «режимін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимдерін;»;

31) 679-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, патент негізінде, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимдерінен – арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, патент негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимдерінен – оңайлатылған декларация негізінде;»;

32) 680-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданған кезде – жеке табыс салығын (төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда), әлеуметтік төлемдерді;»;

2-тармақтың екінші бөлігі «негізінде» деген сөзден кейін «немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

33) 681-бапта:

тақырыптағы «Патенттің немесе оңайлатылған декларацияның негізінде» деген сөздер «Патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «Салық төлеушінің патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын» деген сөздер «Патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «патент немесе оңайлатылған декларация негізінде» деген сөздер «патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасының екінші абзацында:

«2-параграфына» деген сөздер «2 және 2-1-параграфтарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

«негізінде» деген сөзден кейін «немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

34) 683-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы бірінші бөлігінің екінші абзацы «негізінде» деген сөзден кейін «немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «немесе оңайлатылған декларация негізінде» деген сөздер «, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 684-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Күнтізбелік жыл патент негізінде тіркелген шегерім немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең болып табылады.

Күнтізбелік ай арнаулы мобильді қосымшада жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді есептеу және төлеу жүргізілетін кезең болып табылады.»;

36) 77-тарау мынадай мазмұндағы 2-1-параграфпен толықтырылсын:

«2-1-параграф. Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимі

686-1-бап. Арнаулы мобильді қосымша

1. Арнаулы мобильді қосымша – осы параграфта белгіленген арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтық міндеттемелерді және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындаудың оңайлатылған тәртібін қолдану, салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат негізінде дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою (осындай тіркеу есебінен шығару) мақсаттары үшін уәкілетті орган әзірлеген мобильді қосымша.

Арнаулы салық режимдерін қолдану кезінде салықтық міндеттемелерді және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін арнаулы мобильді қосымшаны пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Арнаулы мобильді қосымшада арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы (клиент), алушы арасында есеп айырысуларды жүзеге асыру фактісін растайтын құжат ретінде арнаулы мобильді қосымшаның чегі қалыптастырылады.

3. Арнаулы мобильді қосымшаның чегі мынадай ақпаратты:

1) салық төлеушінің атауын;

2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;

3) арнаулы мобильді қосымша чегінің реттік нөмірін;

4) жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген тұлғаның (заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің) атауын, оның сәйкестендіру нөмірін қамтиды.

Осы тармақшада көрсетілген ақпарат жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген дара кәсіпкердің, заңды тұлғаның талап етуі бойынша, белгілі бір шығыстарға шегерімдерді растау мақсатында толтырылады;

5) орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу күні мен уақытын;

6) орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын (өлшем бірлігі үшін);

7) орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемін (олардың өлшем бірліктерімен);

8) орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің жалпы құнын;

9) арнаулы мобильді қосымшаның чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрих-кодты қамтиды.

4. Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, олардың мобильді қосымшасын пайдаланған кезде электрондық алаңдардың операторына арнаулы мобильді қосымшаның чектерін қалыптастыруға уәкілеттік беруге құқылы.

Осы бапта электрондық алаң операторы деп Интернетте орналастырылған, электрондық форматта делдалдық қызметтерді көрсетуге, жұмыстарды орындауға арналған ақпараттық жүйелердің операторы түсініледі.

5. Уәкілеттік берілген екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген

(Соңы 8-бетте)

(Соңы. Басы 1, 7-беттерде)

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, электрондық алаң операторларының арнаулы мобильді қосымшаға операциялар бойынша мәліметтерді беру мақсаттары үшін салық органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайды.

6. Арнаулы мобильді қосымшаның чегін салық төлеуші қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауға арналған жүйені (құрылғыны) пайдаланып есеп айырысу кезінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға (клиентке), алушыға, оның ішінде олар көрсеткен электрондық пошта мекенжайына беруге тиіс.

Қолма-қол ақшасыз нысанда есеп айырысулардың өзге нысандары кезінде арнаулы мобильді қосымшаның чегі есеп айырысулар жүргізілген күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей қалыптастырылуға және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға (клиентке), алушыға, оның ішінде олар көрсеткен электрондық пошта мекенжайына берілуге тиіс.

7. Арнаулы мобильді қосымша арнаулы мобильді қосымшаның чектері және өзге де көздерден алынған кірістер туралы басқа да мәліметтер негізінде кірістер тізілімін қалыптастырады.

8. Арнаулы мобильді қосымшаны оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, оларды төлеу және оңайлатылған декларацияны ұсыну бойынша салықтық міндеттемелерді орындау үшін пайдалана алады.

686-2-бап. Қолдану тәртібі

1. Осы Кодекстің 683-бабында шағын бизнес субъектілері үшін белгіленген шарттарға сәйкес келуден бөлек:

1) жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

2) қызметін өзіндік кәсіпкерлік нысанында жүзеге асыратын;

3) мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

сылақ жұмыстарын;

ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстарын;

еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстарды;

бояу және шынылау жұмыстарын;

такси қызметін;

автомобиль көлігімен жүк тасымалдауды;

сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқаруды;

фотография саласындағы қызметті;

аударма (ауызша және жазбаша) ісін;

мүліктік жалдауға (жалға) тапсыруды;

көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) тапсыруды;

ойын-сауық және спорттық мүкәммалды прокаттауды және мүліктік жалдауды (жалға беруді);

бейнежазбалар мен дискілерді прокаттауды;

өзге де жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокаттауды және мүліктік жалдауды (жалға беруді);

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) тапсыруды;

есептеуіш техниканы қоса алғанда, офис машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) тапсыруды;

спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;

мәдениет саласында көрсетілетін білім беру қызметтерін;

өзге де білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;

қосалқы білім беру қызметтерін;

өнер саласындағы қызметті;

компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеуді;

коммуникациялық жабдықты жөндеуді;

жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеуді;

шаштараз қызметтерін;

маникюрді және педикюрді;

ветеринариялық көрсетілетін қызметтерді;

жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтерді;

музыкалық аспаптар жасауды және жөндеуді;

үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын;

4) осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын дара кәсіпкерлер арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

2. Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимі таңдалған күн арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану басталған күн деп есептеледі.

3. Арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимінен басқа арнаулы салық режимдеріне немесе жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауысқан кезде қолданылатын салық салу режимі туралы тиісті хабарлама ұсынылған айдың соңғы күні режимнің аяқталған күні болып табылады.

686-3-бап. Арнаулы мобильді қосымшада жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді есептеу тәртібі және оларды төлеу

1. Жеке табыс салығының сомасын есептеу салық салу объектісіне 1 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Әлеуметтік төлемдерді есептеу «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

3. Жеке табыс салығының және әлеуметтік төлемдердің сомасын есептеу арнаулы мобильді қосымша арқылы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей төленуге жатады.»;

37) 696-1-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы режимді қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, қоғамдық тамақтандыру саласындағы қызмет түрлерінің тек біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асырса, қолдануға құқылы.»;

3-тармақтағы «3 пайыз» деген сөздер «6 пайыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін:

заңды тұлға – осы Кодекстің 225 – 240-баптарына сәйкес;

дара кәсіпкер – осы Кодекстің 226 – 240-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодекстің 225-бабында белгіленген корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында жылдық жиынтық кірісті айқындау тәртібіне ұқсас жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтық кезең үшін жиынтық түрде айқындайтын, Қазақстан Республикасында және оның шегінен тысқары жерде алған (алынуға жататын) кіріс салық салу объектісі болып табылады.».

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 30-2-баптың екінші абзацы «10)» деген цифрлардан кейін «, 10-1)» деген цифрлармен толықтырылсын;

2) 33-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшада:

мынадай мазмұндағы қырқыншы, бес жүз он бесінші және алты жүз жиырма бесінші абзацтармен толықтырылсын:

«10-1) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы төтенше комитетінің шешімімен ауруды пандемия деп тану салдарынан шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуіне байланысты зертханалық зерттеп-қарауға, жеке-дара қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге, медициналық қарап-тексерулер жүргізуге, профилактикалық екпелерге, медициналық байқауға, емдеуге, оқшаулауға, емдеуге жатқызуға бағытталған, жұмыс берушінің жұмыскерлер пайдасына шығыстары (жұмыскерлер шығыстарының орнын толтыруды қоса алғанда);»;

«Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды;»;

«Осы баптың ережелері осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды;»;

жеті жүз алпыс сегізінші абзацтағы «немесе оңайлатылған декларация негізінде» деген сөздер «, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

сегіз жүз он екінші абзацтағы «немесе оңайлатылған декларация негізінде» деген сөздер «, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 57-7-баптың 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында:

«жыл» деген сөз «және 2020 жылдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

«2020» деген цифрлар «2021» деген цифрлармен ауыстырылсын.

2-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының редакциясында жазылған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 351-бабы 3-тармағының ережесіне қарамастан, салық агенті төлеу мерзімі 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 2021 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде басталатын төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын ұстап қалуды және аударуды 2021 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей жүргізеді деп белгіленсін.

Осы баптың ережелері 2021 жылғы 1 шілдеге бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдарға қолданылады.

3-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 487-бабы 1-тармағының ережелеріне қарамастан, төлеуші төлеу мерзімі 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 2021 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде басталатын әлеуметтік салықты төлеуді 2021 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей жүргізеді деп белгіленсін.

Осы баптың ережелері 2021 жылғы 1 шілдеге бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдарға қолданылады.

4-бап. Осы Заң:

1) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасын;

2) 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасын, 6) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 14) және 22) тармақшаларын, 2-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының үшінші – жетінші абзацтарын;

3) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларын, 6) тармақшасының бесінші – жетінші абзацтарын, 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16), 17), 23), 24), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35) және 36) тармақшаларын, 2-тармағы 2) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын;

4) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін және 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 1-баптың 1-тармағының 37) тармақшасын;

5) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 18), 19) және 20) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 24 маусым
№ 53-VII ҚРЗ

Экономика 3,1 пайызға өседі

Бұл – Ұлттық экономика министрлігінің дәл қазіргі уақытқа арналған ресми болжамы. Ведомство Қаржы министрлігімен және Ұлттық банкпен бірге болжамның келесі кезеңі бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Ол осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталмақ.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Министр Әсет Ерғалиевтің айтуынша, ел билігі биыл экономиканың өсімі 3,5 пайыздан жоғары болатынын мәлімдеді. Демек, болжамның келесі кезеңінде көрсеткіштер көтерілуі мүмкін. Бұл бес айдың қорытындысы бойынша өсімнің 1,6 пайыз деңгейінде қалыптасуымен байланысты. Себебі болжамның бұған дейінгі кезеңінде өсім 1,2 пайыз болады делінген еді.

– Халықаралық тауар және биржа нарықтарындағы бағалардың тұрақталуы байқалып отыр. Бүгінде мұнайдың баррелі 75 доллар деңгейінен жоғары. Тұтастай алғанда, әлемдік экономиканың жылдам қарқынмен қалпына келе бастағанын көріп отырмыз. Сондай-ақ ел экономикасындағы ішкі сұраныстың тұрақтануы қызмет көрсету секторының өсуіне алып келді. Әлбетте, экономикалық өсім, іскерлік белсенділіктің қарқыны вакциналауға тікелей байланысты болады. Негізгі капиталға, әсіресе экономиканың жетіспейтін секторларына инвестиция тарту қарқыны екі таңбалы мәнмен өсіп келе жатыр. Мұндай фактордың орын алғаны қуанышты, әрине. Барлық фактордың негізінде болжамды мәндерді арттыру қажет деп санаймыз, – деді Ә.Ерғалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Министрдің айтуынша, контрциклдік макроэкономикалық саясат экономиканы қолдаудың және ішкі сұранысты ынталандырудың теңдессіз шараларын қамтамасыз еткен.

– Құрылыс индустриясында 17 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру – еліміз үшін рекордтық көрсеткіш. Біз ТМД бойынша жан басына шаққанда тұрғын үйді пайдалануға беруде бірінші орында тұрмыз. Сондай-ақ экономиканың нақты секторы өзінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетті. Бұл қарқын төмендемейді. Сондықтан біз өз болжамдарымызды арттыратын боламыз. Көрсеткіш шамамен 3,5 пайыздан 4 пайызға дейінгі дәлізде болады. Жеті айдың көрсеткіштерін 1 қыркүйекке дейін күтеміз және соның негізінде болжам жасаймыз. Меніңше, инфляция Ұлттық банктің осы жылға белгілеген 4-6 пайыз дәлізінен жоғары болады, – деді министр.

Бұдан бөлек, Ә.Ерғалиев елдегі азық-түлік бағасын тұрақтандыру қадамдары туралы мәлімдеді. Оның айтуынша, мемлекет тарапынан экономиканың нақты секторына кешенді қолдау көрсетіліп отыр. Атап айтқанда, импортты алмастыру, экономика жобаларын қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

– Инвестициялық жобалар елімізде базалық азық-түлік өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы министрлігінде осы бағытта нақты жоспар, инвестициялық жобалар бар. 2024 жылға дейін Қазақстан экономикасы мен халқымызды базалық азық-түлікпен 100 пайыз қамтамасыз ету мақсаты тұр, – деді ведомство басшысы.

Министрдің айтуынша, бұл салада көп жағдай инфрақұрылымның тиімділігіне байланысты болады. Сондықтан Сауда министрлігі ұлттық тауар өткізу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Оның аясында 24 көтерме-тарату орталығын салу жүзеге асуда. Олар тауарды жеткізу мен сақтаудың заманауи логистикалық желісін құруға негізделген. Бұл қадамдар тауарды өткізуде делдалдарды болдырмайды деп күтілуде.

– Осындай шешімдер өнім сапасына, бағасына әсер етіп, халыққа азық-түлік тауарларының қолжетімдігін арттырады, – деді Ә.Ерғалиев.

Министр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясындағы жұмыстар жалғасатынын алға тартты. Екі жыл ішінде бағдарлама бойынша 238 ауыл қамтылып, 1,5 мың нысан салынып, жөнделген.

– Тиісті жұмыстар биыл да жалғасады. Әрбір ауылға арналған әр жоба нақты бақылауда болады. Жоба аясында инфрақұрылымды жөндеуге, тартуға, әлеуметтік нысандар салуға 2025 жылға дейін 800 млрд теңге бағытталады. Осы жобалар арқылы әрбір ауылды сапалы ауыз сумен қамту мәселесі шешіледі. Сондай-ақ кең жолақты интернет желісімен толықтай қамтылады. Жергілікті жолдардың 95 пайызы салынып, жөнделеді, – деді ол.

Жыл басында мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі бекітілгені белгілі. Осыған байланысты мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшу бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Ұлттық жобалар нақты міндеттерді, нақты нысаналы индикаторларды, нақты шараларды қамтитыны анық. Олардың барлығы бюджеттен де, жеке ресурстардан да қажетті қаржыландырумен қамтамасыз етіледі. Министрдің сөзінше, шараларды талдау осы жылы аяқталады.

– Мемлекеттік қолдау шараларына қатысты қазір талдау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Ол 1 қыркүйекке дейін аяқталады. Осы жұмыс шеңберінде біз мемлекеттің қолдау шараларынан кезең-кезеңімен шығу стратегиясын анықтаймыз. Бірақ бұл эпидемиялық жағдайға, халықты вакциналау қарқынына тікелей байланысты болады. Жұмыс Үкіметтегі, Ұлттық банктегі, Қаржылық реттеу және қадағалау агенттігіндегі әріптестерімізбен бірлесіп жүргізілуде. Күзге қарай бізде нақты көзқарас пен жоспар болады деп ойлаймын, – деді Ә.Ерғалиев.

Сонымен қатар Ұлттық қордан алынатын кепілдендірілген трансферттер кезең-кезеңімен төмендейтін болады. 2021 жылдың өзінде кепілдік берілген трансфертті 2,7 трлн теңгеге дейін, 2022 жылы 2,4 трлн теңгеге дейін, 2023 жылы 2,2 трлн теңгеге дейін қысқарту көзделген. Министрдің айтуынша, Президенттің тапсырмасы бойынша кепілдендірілген трансферттер мақсатты сипатқа ие. Яғни олар тек әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму мәселелеріне ғана бағытталатын болады. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап контрциклдік бюджеттік ереже іске асырылмақ. Ол мұнай бағасы жоғары болған кезде Ұлттық қордағы қаражатты үнемдеуге, ал төмен болған кезде теңгерімділік үшін бюджетке иек артуға мүмкіндік береді.

Алыпсатарлар бағаны қолдан өсіріп отыр

Ал жергілікті атқарушы органдар жайбарақаттық танытуда

Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру бойынша шаралар, сондай-ақ қазақстандық тауар өндірушілердің тұтынушыларға қолжетімділігін жеңілдету мәселелері Nur Otan партиясы жанындағы Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің жоспардан тыс отырысында талқыланды.

«Біздің мемлекеттік органдар елдегі инфляция 7,5%-ды құрайды дейді. Бірақ базарлар мен дүкендерге барсаңыз, мүлдем басқа көрініске куә боласыз. Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар 19 тауардың 17-сінің бағасы айтарлықтай аспандап кетті. Атап айтсақ, сәбіз бен картоп – 69-73%-ға, күнбағыс майы – 19%-ға, пияз, қант, қарақұмық жармасы – 9-10%-ға, сүт, ұн - 2-3%-ға қымбаттады», деп атап өтті Кеңес төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжан Жамалов.

Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров азық-түлік бағасының өсуіне әсер ететін факторлардың бірі ретінде алыпсатарлардың қызметін айтты.

«Бүгінде картоп егістікте 150 теңге, ал сауда орындарында 300-350 теңге тұрады. Яғни алыпсатарлар бағаны көтеріп отыр. Алайда сауда үстемесі сатып алу бағасының 15%-нан аспауы керек. Бұл жерде жергілікті атқарушы органдар жағдайды бақылауға алып, жұмыс істеуі керек, – деді А.Сапаров.

Сондай-ақ Кеңес төрағасы синоптиктердің болжамы бойынша қатты құрғақшылық болатын Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Маңғыстау облыстарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігіне назар аударды.

Өз кезегінде Айдарбек Сапаров Кеңес мүшелеріне бұл мәселе Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауында екенін айтты.

Бағаны тұрақтандыру құралы ретінде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин бағаларды болжау тетігін енгізуді, жылыту және су тасқыны маусымына дайындық жасаған сияқты, 2-3 ай бұрын жеміс-көкөніс өнімдері тапшылығының алдын алу үшін дайындықты жүзеге асыруды, сондай-ақ әлеуметтік дүкендер не қолданыстағы сауда желілерінде арнайы бөлімдер құруды ұсынды.

Кеңес мүшесі, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаев өндірушілерге өндіріс көлемін жоспарлауға мүмкіндік беретін инфляцияны болжау қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Кеңес мүшелері ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өнімді ұзақ мерзімді сақтау инфрақұрылымына қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірушілер мен желі клиенттерінің тікелей байланысы есебінен көліктік, логистикалық және сауда шығындарын азайтуға бағытталған көтерме-тарату орталықтары желісін құру жөніндегі жұмысты талқылады.

Сауда және интеграция министрлігінің деректері бойынша 2021 жылы 5 көтерме-тарату орталығының құрылысын бастау және жұмыс істеп тұрған 2 орталықты жаңғырту жоспарлануда.

Өз кезегінде, Аманжан Жамалов 2020 жылғы есеп бойынша 413,8 млрд теңгеге жететін жобаның жоғары құнын атап өтті. Бастапқыда барлық 24 көтерме-тарату орталығын құру 237,5 млрд теңгеге бағаланды. Оның пікірінше, жобаның құны мен оны іске асырудың ұзақ мерзімі өнім бағасының төмендеуіне, оның ішінде маусымдық бағаның ауысуына кепілдік бермейді.

Отырыс қорытындысы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдарға бірқатар ұсыным әзірленді. Олардың ішінде бағаның алыпсатарлық өсуіне қарсы күрес, жеке қосалқы шаруашылықтарды егіс алқаптарын ұлғайтуға ынталандыру, шекарада жедел режимде азық-түлікті жүк көлігімен тасымалдауды пысықтау, қолда бар қорларды өндіру және азық-түлік тауарларын тұтыну теңгерімін жасау сияқты шаралар бар.

Дайындаған
Кәрібай МҰСЫРМАН,
«Egemen Qazaqstan»

ӨҢІР ӨМІРІ

«Біз Екібастұзда тұрамыз!»

Жуырда Үкімет тапсырмасына орай «Екібастұзды дамыту стратегиясы – 2021-2023» бағдарламасы басталды. Жоспарға сәйкес тұрғындар санын 200 мыңға дейін көбейтіп, қаланы дербес экономикалық орталыққа айналдыру керек. Өмірге жайлы қауіпсіз орта мен адами капиталды дамытуға мүмкіндіктер жасап, қала экономикасының құрылымын эволюциялық түрде өзгерту қажет.

Фарида БЫҚАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Осы маңызды бағыттағы тұжырымдама аясында алдағы үш жылда 3,5 мың отбасы үшін 213 мың шаршы метр баспана салу жоспарланған. Сондықтан да болар, Екібастұз қазір өңірдегі нағыз құрылыс орталығына айналғандай. Былтыр қала әкімдігі 2021 жылы қалада 630 пәтерлі 8 тұрғын үйдің құрылысы басталады деп хабарлаған-ды. Яғни жыл сайын 68,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұл тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұған дейін Екібастұзда мұндай құрылыс көлемі мен тұрғын үйлер салынбаған.

Қала әкімі Ардақ Қаңтарбаевтың айтуынша, өткен жылы 1 мыңнан астам пәтері бар 13 көп пәтерлі үй салынған. Бұл бағытта «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша бөлінген 11 млрд теңгеден астам қаржының көп бөлігі тұрғын үй құрылысына тиесілі. Жаңадан бой көтерген және қайта жаңартылған үйлер саны – 12. Ал 9-шы шағын аудандағы №4 үйдің құрылысы мемлекеттік қызметшілер тарапынан бақылаудың әлсіздігінен кеш аяқталып, тиісті адамдар жауапқа тартылды.

Кезекте тұрған 646 отбасы жалға берілетін тұрғын үйге ие болды. Олардың арасында 132 көпбалалы отбасы, 123 жетім балалар және 83 бюджеттік сала қызметкерлері, 308 әлеуметтік топ санаттарындағы жандар пәтер кілттерін алды.

Өткен аптада қалада «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2021» бағдарламасы бойынша Қ.Сәтбаев көшесі, 37 мекенжайында жаңадан салынған 6 тұрғын үй пайдалануға берілді. Үйлер 37/1, 37/2 деген бөліктерімен бөлінген. Қала әкімдігінің мәліметінше, бұл 6 тұрғын үйде 432 пәтер бар. Жаңа үйлерден пәтерлерді көпбалалы отбасылар, жетім балалар, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері және үй кезегінде тұрған тұрғындар иеленді. Бұл қазіргі есепте тұрған жетім балалар мен көпбалалы отбасылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырып, әлеуметтік осал азаматтар мен бюджет қызметкерлерінің кезегін төмендетуге мүмкіндік беруде. Мысалы, «Алтын алқа», «Күміс алқа», бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар Гүлжанар Келдібекова, Назгүл Оралқызы, Риза Құрманғалиева, Эльвира Сапарбекова, Махаббат Ахметова, Жібек Уақбаевлар үйлі болды.

– Біз, көпбалалы аналар бүгін пәтер кілттерін алдық. Өте қуаныштымыз. Біз әлемге әйгілі қала Екібастұзда тұрамыз! Осылай мақтанамыз. Балаларымыз осы жерде өсіп келеді, бұл – мерей, байлық. Жақсы қуанышты күндер, қоныстойлары көп бола берсін! – дейді Айжан Қуандыққызы.

Сонымен бірге, А.Щербачук, С.Шакенов, Д.Шакенова, А.Қалиасқарова, Н.Оразбаев секілді ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, көптеген аз қамтамасыз етілген әлеуметтік әлсіз отбасылар және бюджеттік сала қызметкерлері де өз пәтерлеріне қол жеткізді.

Иә, «Біз Екібастұзда тұрамыз!» дейтін тұрғындар саны көбейе берсін, үйлер де бірінен соң бірі бой көтеріп, кеншілер қаласы өсе берсін.

Павлодар облысы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«Еңбек» бағдарламасына 286 мыңға жуық адам қатысты

Биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша 285,8 мың адам Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды. 210,1 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның 107,1 мыңы – тұрақты жұмысқа.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, бағдарламаның бірінші бағыты аясында қысқа мерзімді курстарға 7,4 мың адам жіберілді. Өз ісін ашу үшін 2 мыңнан астам адам жеңілдікті микрокредиттер, ал 11,1 мыңы қайтарымсыз мемлекеттік гранттар алды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 111,7 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде: әлеуметтік жұмыс орындарына 14,3 мың адам; жастар практикасына – 9,9 мың адам; қоғамдық жұмыстарға – 87,5 мың адам.

Еңбек ресурстарының ұтқырлығы шеңберінде 745 отбасы немесе 2 383 адам қоныс аударды, оның ішінде 1 072 адам еңбекке қабілетті жаста. Оның ішінде 701 адам жаңа тұрғылықты жерінде тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды және 40 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысады.

Еске сала кетейік, 2020 жылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына 649 мың адам қатысты. 437,3 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның 319,2 мыңы тұрақты жұмысқа тұрды. Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға 12,7 мың микрокредит және жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 44,9 мың мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді. Қысқа мерзімді оқыту курстарына 18,7 мың адам жіберілді, ал ТжКБ ұйымдарында оқытумен 18,4 мың адам қамтылды.

Бұдан басқа, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден құрамында 5,8 мың адамы бар 1,8 мың отбасы қоныс аударды.

«Егемен-ақпарат»

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Аялдамада автобус күткен халық...

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Неге екенін білмеймін, Өскеменнің аялдамаларында автобусты сағаттап күтетін болдық. Әнеугүні 60-шы автобус тура бір сағат, жиырма минут дегенде келді. Аялдамаға жиналған ел келген автобустың белін қайыстырып жібереді. Санитарлық норма сақтауды айтпай-ақ қояйын. Таңертең, кешке автобустарда ине шаншыр орын жоқ. Оның үстіне Өскемендегі бірнеше автобустың терезесі ашылмайды. Күннің ыстығында тымырсық. Маскамен тұмшаланып жүру мүмкін емес. Оның бәрін қойдық, бастысы уақтылы жүріп тұрса, – дейді өзін Жазира Тілеубаева деп таныстырған қала тұрғыны.

Рас, қалаішілік қоғамдық көліктердің ағыны сиреп кетті. Валидаторға көшпес бұрын, автобустарды жаңартып, халыққа ыңғайлы жағдай жасап алса дұрыс па еді?! Ал заманауи төлем жүйесі өз ретімен енгізілер еді.

Алайда, облыс әкімі Даниал Ахметов өскемендік тасымалдаушылармен кездесіп, электронды төлемге көшу керектігін айтқан.

– Электронды билеттеуді қолдасаңыздар, мен сіздерді қолдаймын. Лизинг, субсидия мәселелерін рет-ретімен шешеміз. Екі айдан кейін қайта жиналамыз, – деді облыс басшысы.

Облыс әкімдігі берген мәліметтерге сүйенсек, электронды төлем жолаушылар тасымалы саласының ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әсіресе, автобус иелерімен ынтымақтаса жұмыс істейтін жергілікті автопарктер үшін тиімді болмақ.

Сондай-ақ кездесуге қатысушылар субсидиялау мәселелерін талқылады. Жолаушы тасымалдау саласы өкілдерінің айтуынша, электронды билет жүйесі жеңілдетілген санаттағы жолаушылардың нақты санын көрсете алады. Алынған мәліметтер бөлінген субсидиялардың мөлшерін де дәл есептеуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе – автобус паркін жаңарту. Ол үшін облыс орталығының кейбір компаниялары техниканы лизингке алуға ниетті, оның үстіне мемлекет пен Еуропалық қайта құру және даму банкі қолдау көрсетуге дайын. Ендігі кезекте тасымалдаушылар өз саласын дамыту жоспарын жасайды, басқа мәселелерден бөлек бағыттарды өзгерту жөнінде ұсыныстарын дайындайды және автопарктердің жылжымалы құрамына жаңарту механизмдері енгізілмек. Нақты шешімдер екі айдан соң белгілі болады.

– Автобус парктерін дамыту, субсидиялау туралы сұрағымызды облыс басшылығына қойдық. Бірнеше жылға субсидиялау мәселесі қаралатын болады. Лизингке автобустар алуымыз мүмкін. Екі ай ішінде бұл мәселе шешілуі тиіс. Электронды төлемге әлем көшіп жатқандықтан, біз де соған қарай ыңғайланамыз. Бұл жолаушылар үшін ыңғайлы болғанымен, бізге қиындық туғызатын шығар, – деді «VOSCA» ЖШС директоры Қанат Қалелов.

Қоғамдық көліктің жүріп-тұруы – облыстағы өзекті мәселе. Жоғарыда айтқандай, Семейдегі «Semey Bus» басшылығының зейнетақы және басқа

да аударымдар бойынша борышы жарты млрд-тан астам теңгені құрайды екен. Ай сайынғы зейнетақы аударымдары тұрақты болмағандықтан, несиеге де өтініш бере алмайды. Оның басты себебі, уақтылы жалақының төленбеуі мен зейнетақы жарналарының аударылмауынан секілді. Журтшылықтың наразылығын тыңдаған облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Баяхметов парк жұмысшыларына сотқа жүгінуге кеңес берген.

Шын мәнінде, автопарктер үшін жеңілдетілген санаттағы жолаушыларды тасымалдауға 70 млн теңге көлемінде субсидия қарастырылған көрінеді. Бірақ «Semey Bus» ЖШС-нің басқа ұйымдар алдында да қарызы бар сияқты. Осыған байланысты кәсіпорынның шоттары бұғатталған екен. Қала басшылығының айтуынша, субсидиялар аударылғаннан кейін, олар автоматты түрде ұжымның жалақысына емес, қарызды өтеуге жұмсалады екен.

Осындай ішкі проблемалардың салдарынан қарапайым халық жұмыстан кешігеді, болмаса такси жалдауға мәжбүр. Тұрғындардың амалсыздығын білген таксишілер де бағаны көтеріп жібереді. Облыс әкімі уәде еткендей, Өскемендегі автобус мәселесі екі ай ішінде шешілуі мүмкін. Ал Семейдегі автобусшылардың наразылығына нүкте қойылатын түрі жоқ...

Шығыс Қазақстан облысы

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Сауықтыру қызметінің қолжетімділігі артты

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының директоры, Парламент Мәжілісінің депутаты Дариға Назарбаева және Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов Атырау қаласындағы балаларға арналған оңалту орталығы мен инклюзияны қолдау кабинеттерін аралады.

Елбасының «Қамқорлық» бастамасы аясында ашылған орталық Атырау облыстық балалар ауруханасында орналасқан. Мекеме жылына 600-ге жуық балаға ем-дом көрсетеді. Мұнда дәрігер кеңесі, механотерапия, емдік дене шынықтыру (кинезотерапия), сенсорлық және интерактивті бөлмеде логопедтің, дефектологтің, психологтің, эрготерапевтің сабағы, бальнеотерапия, физиоемдеу т.б. сан түрлі қызмет бар. Церебральды сал ауруы, аутизм, эпилепсия, психикалық дамуы тежеліп, сөйлеу тілі жетілмеуі сынды дамуында түрлі бұзылыстары бар балалар да оңалтудан өте алады.

Қазір Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Қостанай облысында және Нұр-Сұлтан қаласында 8 орталық бар. Жыл соңына дейін еліміздің түкпір-түкпірінде тағы 10 орталық есігін айқара ашпақ.

«Балама ем-шаралар ұнады. Бұрын Нұр-Сұлтан қаласында оңалтудан өтетінбіз. Салыстырмалы түрде айтсақ, қазір біздегі қызмет көрсету деңгейі одан еш кем емес. Орталықтың пайдасы көп», дейді ата-аналардың бірі Гүлбазар Сәрсенбаева.

Инклюзияны қолдаудың 16 кабинетін ашу – «Қамқорлық» бастамасының маңызды құрамдас бөлігі. Дариға Назарбаева №40 және Атыраудағы Б.Нысанбаев атындағы орта мектептегі инклюзияны қолдау кабинетінің жұмысын көрді. Тек осы екі инклюзия кабинеті арқылы бүгінде ерекше қажеттілігі бар 22 бала қатарластарынан қалмай білім алуда. Бұрын олар үйден оқып, логопедтің, дефектологтің және психологтің қызметі үнемі көрсетіле бермейтін.

«Сөйлеуде, баланың қимыл-қозғалыс дағдысында оң өзгеріс байқалады. Бұл «Қамқорлық» орталығы мамандарының, көзбен көріп қабылдау мен қол моторикасын дамытатын заманауи жабдықтарының нәтижесі. Сауықтыру қызметі қолжетімді бола түсті. Осындай орталықтар көп болса екен», деді инклюзияны қолдау кабинетіне келуші Гүлжамал Арыстанова.

Д.Назарбаева жұмыс сапары барысында әлеуметтік ауылға және иесі жоқ жануарларға арналған «Кішкентай ел» баспанасына, облыстық кардиологиялық орталыққа, «Білім-Инновация» лицей-интернатына, тұрмыста зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге көмек көрсету бөлімі мен өмірлік қиын жағдайда қалған жандарды қайта әлеуметтендіру орталығына барды.

«Егемен-ақпарат»

«Үнді» штамы үрейді үдетті

Адамзатқа ауыр сынақ болып келген COVID-19 індетін ауыздықтау қиынға соғуда. Ауруға қарсы тұрудың небір амалын жасап, күресімізді күшейтіп жатсақ та, бұл әрекетімізді жойқын «жау» жауапсыз қалдырмай отыр. Бүгінде әлемде коронавирустың жаңа штамдары пайда болып, індет қайта күш алып келеді. Өкінішке қарай, Қазақстанда да «үнді» штамы анықталып, үрейімізді үдетті. Бұл жағдай эпидемиялық ахуал ушығып бара жатқан елімізде карантин шараларын күшейтуге мәжбүрледі.

Коллажды жасаған Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «EQ»

Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Елімізде «Дельта» штамы, яғни «Үнді» штамының анықталуына байланысты ведомствоаралық комиссияның шешімімен елордада карантин шаралары күшейтілді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар алаңында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жан-жақты мәлімет берді. Оның айтуынша, Қазақстандағы эпидемиялық жағдай тұрақты. Соңғы айда коронавирус инфекциясымен ауру деңгейі 1,7 есеге төмендеді. Стационарлық ем қабылдап жатқан науқастар саны 2,1 есеге, ал амбулаторлық емделудегі науқастардың саны 1,7 есеге азайды. Инфекциялық төсектік орындардың қоры жеткілікті. Бүгінде оның 25 пайызы, ал реанимациялық төсектік орындардың 21 пайызы ғана қолданыста. Дегенмен қазір әлемде індет жұқтырудың артып жатқаны байқалады. Оның ішінде аурудың жаңа штамдары да көптеп таралуда.

– Нұр-Сұлтан қаласында COVID-19-бен ауру деңгейінің өсуіне байланысты вирустың мутацияға ұшырау ықтималдылығына қатысты скрининг жүргізілген. Алдын ала нәтижелері вирус мутациясының анықталғанын және бұл «Дельта» штамына тән екенін көрсетті. Денсаулық сақтау министрлігінің жуырда жасаған мәлімдемесінде айтылғандай, түпкілікті қорытынды толық геномдық зерттеу аяқталғаннан кейін белгілі болады. Бұл штамм көрші елдерде де анықталған. ДДҰ мәліметтеріне сәйкес «Дельта» штамы бүгінде әлемнің 74 елінде анықталып отыр, – деді Е.Тоғжанов.

Коронавирустың бұл штамының ауруханадағы науқастардың санын арттыру және өлімге соқтыру ықтималдылығы жоғары. Сондай-ақ «Үнді» штамы басқа штамдарға қарағанда 60% жұқпалы екен, орта есеппен бір адамнан 5-6 адам індетті жұқтырады. Сондықтан қауіптің алдын алу үшін ВАК шешімімен карантин талаптары қатаңдатылды.

Біріншіден, вакцина салдырмаған қызмет көрсету саласының қызметкерлері, үлкен ұжымдар үшін жұмыс істеуге шектеулер енгізіледі. Екіншіден, КВИ-ға қарсы вакцинадан бас тартатын және вакциналауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ қызмет көрсету саласының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және өзге де ұйымдасқан ұжымдардың қызметкерлері үшін міндетті ПТР-тестілеу талабы енгізіледі. Үшіншіден, Ashyq жобасына жаңа кәсіпкерлік субъектілерін қосу үшін, сондай-ақ жоба шеңберінде жұмыс істеп тұрған субъектілердің жұмысын жалғастыру үшін сауда нүктелерінің барлық персоналы мен жалға алушыларын вакциналау қажеттілігі бойынша талап енгізіледі. Төртіншіден, Ashyq жобасына сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері және азық-түлік емес базарлар енгізіледі.

– Ashyq жобасы тиімді жұмыс істеп жатыр, бұл 9 мыңнан аса бизнес субъектісіне пандемия кезінде жұмыс істеуге мүмкіндік берді. 4 млн-нан аса қолданушы тіркелген, ел бойынша әр минут сайын мың адамның мәртебесі тексеріледі. Сондай-ақ жоба кейбір азаматтардың өз мәртебесін біліп, санитарлық талаптарды бұзуды жалғастырып жатқанын көрсетті. Сәуірден бастап Ashyq арқылы 9,6 мыңнан аса карантин режимін бұзушы анықталды, олардың жартысынан көбі – ПТР-тесттің оң нәтижесі бар адамдар. Азаматтардың бұл санаты ел халқына нақты қауіп төндіретінін атап өткім келеді. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі карантин режимін бұзушыларға 30 АЕК немесе 87 510 теңге сомасында әкімшілік айыппұл салуды көздейтін қосымша ережелер қабылдады. Бүгінде 19 адамға қатысты әкімшілік іс қозғалды, оның ішінде 5 адамға айыппұл салынды. Бұл жұмыс жалғасады, барлық талап бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Тағы да еске салып өтейін, егер сізде ПТР-тест нәтижесі оң болса немесе науқаспен тығыз байланыста болсаңыз, онда үйде карантинде болуыңыз керек, өйткені сіз басқаларға қауіп төндіресіз! деді вице-премьер.

Аталған нақты шаралар – қызмет көрсету саласына, адамдар көп жиналатын орындарға қатысты шектеулер. Бұдан әрі шешім эпидемиялық жағдайға байланысты қабылданбақ. Ал жалпы, республика көлемінде локдаун енгізу күн тәртібінде жоқ екен.

Індетке тойтарыс берудің бірден-бір амалы сақтық шараларын қатаң ұстанып, вакцина салдыру екені түсінікті. Алайда елімізде қолжетімді вакциналар қамтылып, қажетті жағдай жасалғанымен, екпе салдыру қарқыны артар емес.

– Қазір біз азаматтардың вакцина алуына жағдай жасауымыз керек. Қажетті вакцина көлемі Қазақстанда бар. Алғашында мұны ерікті түрде деп жариялаған едік. Бірақ жаңа сынқатерлерді ескере отырып, қосымша шаралар қабылдауға мәжбүр болдық. Қазіргі уақытта Қазақстанда 2,4 млн доза вакцина қоры бар. Оған қосымша екі аптада тағы 2 млн вакцина жеткізуді қамтамасыз етеміз. Шындығында, вакциналау қарқыны көңіл көншітпей отыр. Бұл бірқатар облыс пен Нұр-Сұлтан қаласына қатысты. Сондықтан вакциналау санын арттыру талаптары күшейеді, тәулігіне 70 мың дозаға дейін жеткізу міндетін қойып отырмыз. Осы межеге ұмтыламыз, – деді Е.Тоғжанов.

Брифинг барысында Денсаулық сақтау министрі «Үнді» штамының белгілері Алматы қаласында да байқалғанын атап өтті.

– «Үнді» штамының елде қалай таралатынын түсіну өте маңызды. Нұр-Сұлтаннан басқа Алматыда бұл штамның ықтимал белгілері пайда болды. Тіпті бір жағдай анықталды. Синхрондау негізінде біз ел бойынша кеңірек көріністі көре аламыз. Жалпы, денсаулық сақтау жүйесі реакция беру бойынша қайта құрылды. Резервтік төсектік орын қорын кем дегенде екі есе көп орналастыруға болады. Дәрілік заттардың қоймаларда үш айлық қоры бар, жеке қорғаныс құралдары да жеткілікті, – деді А.Цой.

Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «EQ»

Індетпен күресте медициналық көмек іркілмейді

Нұр-Сұлтанда Медициналық сақтандыру қорының елордадағы филиалы мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшыларының қатысуымен «МӘМС: медициналық қызметтер, КВИ және медицина қызметкерлерінің үстемеақысы» тақырыбында онлайн-брифинг өтті.

Рауан ҚАЙДАР,
«Egemen Qazaqstan»

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықапаровтың айтуынша, елорда бойынша 2021 жылға арналған сатып алу жоспары негізінде халыққа медициналық көмек көрсету үшін 17,2 млрд теңге, оның ішінде тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемі аясында 9,2 млрд теңге, ал медициналық сақтандыру пакетіндегі медициналық қызметтерге 8 млрд теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта қор Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 108 медициналық қызмет жеткізушімен келісімшарт жасады, оның 71-і – жекеменшік клиника. Жыл өткен сайын халыққа медициналық қызмет көрсететін жекеменшік қызмет жеткізушілердің үлесі артуда. Бұл пациенттің үздік клиниканы таңдауына мүмкіндік береді. Медициналық қызмет жеткізушілер тізімін қордың fms.kz сайтынан қарауға болады. Аймақтық бөлікте қарастырсақ, Нұр-Сұлтан қаласындағы жекеменшік медициналық қызмет жеткізушілердің үлесі – 66%.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры COVID-19 және вирустық пневмониямен күресуге жұмылдырылған медицина қызметкерлеріне қосымша ақы төлеуді жалғастыруда. Елордада 2021 жылдың 5 айында осы індетпен күресуде аянбай көмек көрсеткен 22 517 медицина қызметкеріне 8,9 млрд теңгеден аса үстемеақы төленді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры елорда филиалының директоры еңбек жағдайларының қауіптілік дәрежесіне байланысты медицина қызметкерлерін көтермелеу сомасы 20, 10 және 5 ЕТЖ құрайтынын, ең жоғары мөлшерлеме инфекциялық стационарлар мен реанимациялардың дәрігерлеріне, орта және кіші медициналық персоналына, провизорлық стационарлардың қызметкерлеріне, жедел медициналық көмектің, оның ішінде МСАК жанындағы дәрігерлер мен фельдшерлерге, ең төмен мөлшерлеме карантиндік стационарлардың, шұғыл стационарлар мен МСАК ұйымдарының қабылдау бөлімшелерінің қызметкерлеріне, зертханалардың мамандарына, санитарлық-эпидемиялық қызметтің қызметкерлеріне берілгенін атап өтті.

Осыған сәйкес қауіптің 1-тобы бойынша 8 861 қызметкерге 5,7 млрд теңге сомасында (бір қызметкерге 850 000 теңге), қауіптің 2-тобы бойынша 5 456 қызметкерге 2 млрд теңге сомасында (бір қызметкерге 425 000 теңге), қауіптің 3-тобы бойынша 8 200 қызметкерге 1,3 млрд теңге сомасында (бір қызметкерге 212 500) үстемеақы төленді.

– Осы жерде айта кетейік, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаржы операторы рөлін атқарады. Егер медицина қызметкерінде үстемеақы есептеу бойынша сұрақтар туындаса, жедел штаб жанындағы өңірлік комиссияға жүгіну қажет. Өңірлік комиссиялар ай сайын үстемеақы алушылардың тізімін жасайды және оларды ӘМСҚ-на жібереді. Комиссия құрамына Өңірлік бас мемлекеттік санитарлық дәрігер, Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры филиалының, жергілікті денсаулық сақтау басқармасының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша коронавирус инфекциясымен күрес аясындағы іс-шараларды қаржыландырудың жалпы сомасы 2021 жылдың 5 айында 16,38 млрд теңгені құрады, деді Н.Қабдықапаров.

Жиын барысында ол коронавирус инфекциясы және пневмониямен ауырған елорда тұрғындары медициналық көмекті медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан тегін алатынын атап өтті. Қор еліміздегі оңалту шараларын, оның ішінде ковидпен ауырғаннан кейінгі оңалту шараларын дамытуды барынша қолдайды, бұл қауіпті созылмалы аурулардың ерте сатыда дамуының алдын алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы оңалту қызметтерін көрсететін 45 медицина ұйымымен келісімшарт жасаған. Олардың ішінде жекеменшік 20, мемлекеттік 22, республикалық 3 медицина ұйымы бар.

Жалпы, медициналық оңалту үш кезеңнен тұрады. Біріншісі, ауруы асқынып тұрған науқастарға, хирургиялық операция жасатқан, жарақат алған адамдарға арналған. Бұл стационарлардың құрылымдық бөлімшелерінде жүргізіледі. Егер пациентті ауруханаға жатқызу қажет болмаса, медициналық көмек көрсетілгеннен кейін және негізгі ауру емделіп болғаннан кейін пациент оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жіберіледі. Оңалтудың екінші кезеңі мамандандырылған бөлімшелерде немесе республикалық денсаулық сақтау ұйымдары, мамандандырылған оңалту орталықтары мен көпбейінді стационарлар базасында өтеді. Бұл кезең ауру басталған сәттен бастап тоғыз ай ішінде жүргізілуі қажет. Курстың ұзақтығы мен жиілігі нозологияға, науқастың денсаулық жағдайына, тағы да басқа факторларға байланысты. Үшінші кезеңде медициналық оңалту емхана-амбулатория деңгейінде, күндізгі және тәулік бойғы стационарларда, оңалту орталықтарында, шипажайлар мен курорттарда, үйдегі стационар жағдайында, сондай-ақ қашықтан жүргізіледі. Курстың жиілігі мен ұзақтығы пациенттің денсаулығына қарай белгіленеді.

Коронавирус инфекциясымен немесе орташа, ауыр және аса ауыр деңгейдегі пневмониямен ауырған пациенттер Медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен оңалтудан өте алады. Азаматтар үйінде емделді ме, әлде ауруханада емделді ме, оған қарамайды. Медициналық оңалтуға жолдама реабилитолог маманның қатысуымен ауруханың немесе емхананың мультидисциплинарлық командасының қорытындысы бойынша беріледі. Оңалту қажеттігін бағамдау барысында мынадай көрсеткіштер тексеріледі: тыныс алу органдарының қызметі (сатурация деңгейі, КТ/рентгенографиядағы өзгерістер), күнделікті өмірге қабілеті (Бартел индексі). Елордада 2021 жылдың 5 айында 3,23 млрд теңгеден аса сомаға (оның ішінде күндізгі стационарларда – 35 584, тәуліктік стационарларда – 131 924) оңалту қызметтері көрсетілді. Амбулаториялық-емханалық деңгейде 204 млн теңге сомасына 252 001 қызмет көрсетілді.

Індеттің жеңіл түрімен ауырған науқастар ПТР-тест нәтижесіне қарамастан, тек емдеуші дәрігерінің тағайындауы бойынша ыстық түсіретін дәрілер мен антикоагулянттарды өзі тіркелген емханадан ала алады. МӘМС жүйесі, медициналық көмек алу, тағы да басқа сұрақ туындаған жағдайда Қордың елордалық филиалына 1406 байланыс орталығы немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Telegram-дағы SaqtandyryBot, Қордың fms.kz сайты арқылы хабарласуға болады.

99 жастағы кейуана екпе алды

Өкінішке қарай, індеттің жылдам тарайтын тағы бір түрінің пайда болуы, мегаполистің эпидемиялық ахуалын өзгертті. Сондықтан әркім өзін сақтандыруы тиіс. Мысалы, №36 қалалық емханада 99 жастағы алтын құрсақты Батыр ана Зағиша Чалова екпе алды. 12 баланың анасы, 15 немеренің әжесі ресейлік Спутник V препаратын таңдады.

Айнаш ЕСАЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Бұл – менің жеке шешімім. Бұл індет мені де, туыстарымды да айналып өтсе деймін. Балаларымның барлығы екпе алып қойған. Қазір өзімді жақсы сезінемін, ешқандай жайсыздық болған жоқ. Өзімді нашар сезінген жоқпын, әрі қарай да осылай болады деп үміттенемін», дейді әжеміз.

Екпе науқаны басталғаннан бері Наурызбай ауданында 27 мыңнан аса адам екпе салдырса, оның 40%-ы №36 қалалық емханада алған.

Аудан бойынша екпе алғандардың арасында вакцинадан соң еш асқынулар орын алмаған.

«Елді мекенде вакцина алғысы келетіндердің саны көбейіп жатыр. Әр азамат бекітілген жеріне қарамастан қаладағы қалаған емханада вакцина ала алады. Күнделікті біздің емханаға коронавирус инфекциясынан вакцина алуға 150-200 шақты адам келеді», дейді №36 қалалық емхананың бас дәрігері Гүлжайнат Тілеген.

АЛМАТЫ

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГЕРГЕНГЕ ИГІЛІК

Инфрақұрылым мен логистика

аймақтың экономикалық қуатын арттырады

Экономиканың қарқынды дамуына әсер ететін негізгі көрсеткіштің бірі – өнеркәсіпке бағытталған жеке инвестицияның үлесі болса керек. Бұл бағытта Алматы облысында айтуға тұрарлықтай жетістік бар. Аймақта биылдың өзінде 85,7 млрд теңге инвестиция тартылып, өндіріске құйылған қаржы көлемі бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 8,6 пайызға өскен.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Аудандағы алып өндіріс

Әдетте инвесторлар қаржы салар кезде «отыз күн ойланып, қырық күн толғанып» барып шешім қабылдайтыны анық. Демек, жер жағдайы қолайлы, инфрақұрылымы қалыптасқан, логистика тұрғысынан да мүмкіндікке ие аймақтың айы оңынан туатыны хақ. Осы тұрғыдан алғанда Алматы облысының жолы болып тұр. Нәтижесінде, қазір өңірде 592 жоба осы жеке компаниялардың қаржысына жүзеге асып жатыр екен. Анығында, 2021-2030 жылдар ішінде жүзеге асатын инвестиция жобаларының жалпы құны 5,5 млрд теңгеге жетпек. Жалпы, біз аймаққа құйылған инвестициялардың игілігі жайында бұған дейін де жазған едік, бұл жолы жақын уақытта жүзеге асатын тағы да бірнеше жоба жайында айтқанды жөн көріп отырмыз. Мұның біріншісі шетелдік инвесторлардың қаржысына ашылатын өндіріс болса, екіншісі Samruk-Kazyna Construction акционерлік қоғамымен бірлесіп қолға алынып, құрылыс материалдарын шығаратын 5 бірдей жаңа зауыт туралы болмақ.

Жақында Үйғыр ауданында іргесі қаланатын жаңа зауыт картоп крахмалын шығарады. Жобаны «Катада TRANS GROUP» серіктестігі Оңтүстік Корея инвесторы – «ISA. Co. LTD» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырмақ. Қазір қажетті құжаттарға қол қойылып, қаржы мәселесі келісіп, пішілуде. Өңір экономикасына тартылатын инвестиция көлемі 26 млрд теңге шамасында болмақ. Ал іске қосылатын зауыттың жылдық өнім шығару қуаты 45 мың тоннаға дейін жетеді дейді.

– Оңтүстіккореялық заманауи құралдарды пайдаланатын жаңа өнеркәсіп орны Үйғыр ауданы аумағында орналасады. Бұл жобаны отандық «Катада TRANS GROUP» ЖШС компаниясы Оңтүстік Корея инвесторы – «ISA. Co. LTD» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырады. Зауытты шикізатпен толық қамту үшін жыл сайын 120 га жерге картоп егу керек. Жылына шамамен 200 мың тонна картоп өңдеу жоспарланған. Картоп крахмалынан бөлек зауытта жылына 5700 тонна көлемде картоп шырыны, 2100 тонна картоп протеині, 5 мың тонна мал азығы шығарылады. Кәсіпорын іске қосылғанда 80-нен астам жаңа жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар инвесторлар 10 жыл бойы жергілікті халықтың арасынан 7 маманды тұрақты түрде оқытып отырады, – дейді тақырыпқа орай пікір білдірген облыс әкімі Амандық Баталов.

Ал «Катада TRANS GROUP» ЖШС директорының орынбасары Серғазы Шалқарбековтің айтуынша, зауыт 18 ай ішінде салынып, бітуі тиіс. Яғни келер жылдың күзінде өндіріс желісі пайдалануға беріледі деген үміт бар. Жобалаушылар зауыт өнімінің елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де кеңінен сұранысқа ие болатынын болжап отыр. Өйткені картоп крахмалы азық-түлік, медикаменттер, косметикалық құралдар, қағаз, құрылыс материалдарын өндіруге кеңінен қолданылады. Яғни модификацияланған картоп крахмалы заманауи өндіріс үшін өте пайдалы әрі нарықта сұранысқа ие шикізат көзіне айналатыны анық.

Екінші жағынан, бұл өндірістің Үйғыр ауданында іске қосылуы аймақтың экономикалық дамуына серпін беретіні сөзсіз. Өйткені іргелі кәсіпорынның тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін шикізат қоры ғана емес, қажетті инфрақұрылымның да жаңарып, жаңғыруы қажетті. Ал зауыт іске қосылса, жаңа жұмыс орындары ашылып, өңір бюджетіне түсетін салық көлемі де артады. Бұдан бөлек қызметкерлер үшін тұрғын үй салынып, жаңа мектеп, аурухана сияқты қажетті әлеуметтік нысандар ашылады. Жалпы, 65 мыңға жуық тұрғыны бар Үйғыр ауданы аумағында бүгінде ауыл шаруашылығы мен егін шаруашылығы кеңінен қанат жайып отыр. Табиғи ыстық су көздерінің дамуы туризмнің дамуына да жол ашқан. Ал мұндай көлемдегі зауыт салынып, іске қосылса өңірдің өндірістік келбеті оң бағытқа өзгерері анық.

Берері мол 5 зауыт

Отандық құрылыс, оның ішінде жылжымайтын мүлік нарығы бағытындағы жұмыстардың басқасында жүрген Samruk-Kazyna Construction акционерлік қоғамы енді ішкі тұтыну нарығын дамытуға ден қоймақ. Яғни үкіметтік компания құрылысқа қажетті материалдарды өңірлерде шығаруды қолға алып, шағын зауыттар салуды көздеп отыр. Оның алғашқы қадамы Алматы облысынан басталуда. Мәселен, алдағы 2 жылда Жетісу жерінде 5 бірдей зауыт іске қосылмақ. Samruk-Kazyna Construction компаниясы мен Алматы облысының әкімдігі келісімге келіп, зауыттардың іргетасы биылдан қалмай қаланатын болды.

Аймақта салынатын жаңа өндіріс ішкі нарықты арзан да сапалы құрылыс материалдарымен қамтуы тиіс. Зауыттың екеуі Талдықорған қаласында салынса, қалғандары Алматы қаласының маңындағы аудандардан ашылады деп жобаланып отыр. Бұл бастама облыстың экономикасы мен әлеуметтік дамуына да оң ықпал етпек. Құрылысқа 25 млрд теңге инвестиция тартылса, өндірістер іске қосылғаннан кейін 600 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады деген болжам бар.

– Минералды жылытқыштар, газбетонды блоктар, қасбет плиталары, керамикалық кірпіштер, есік блоктары және ламинатталған еден плиталары – осының бәрі жуық жылдарда Жетісу өңірінде өндірілетін болады. Бұл өз кезегінде сұранысқа ие құрылыс материалдары бағасының төмендеуіне, отандық нарықты бәсекеге қабілетті жергілікті өнімдермен толықтыруға, сонымен қатар импорт алмасу мәселесінің оң шешілуіне ықпал етпек, – дейді Samruk-Kazyna Construction АҚ басқарма төрағасы Болатқан Сандықбаев.

Жалпы, Алматы облысында құрылыс жұмыстарының көлемі артып келе жатыр. Яғни өңірде тұрғын үйлерді көптеп салу қолға алынған. Бұл өз кезегінде сапалы құрылыс материалдарына сұранысты арттыратыны сөзсіз. Демек, аумақтан 5 бірдей құрылыс материалдарын өндіретін зауыттың салынуы туралы сөз дер кезінде айтылып, сәтімен жүзеге асатын жоба болғалы тұр. Ал облыста зауыт салуға барлық мүмкіндік бар. Қазір аймақта бірнеше индустриалды аймақ ашылған. Онда қажетті инфрақұрылымның бәрі бар.

– Болашақ зауыттардың өндірістік қуаттылығы туралы айтатын болсақ, мәселен, жылына 7 мың тонна минералдық жылытқыш, 60 мың текше метр газды блоктар, 2 млн шаршы метр ламинатталған еден плиталары, 1,5 млн шаршы метр қасбетке арналған фиброцемент плиталары шығарылады деп жоспарланған. Бұл – өнімнің бір бөлігі ғана. Ал Талдықорғанда газбетон блоктары және керамикалық кірпіштер шығарылмақ. Бұл зауыттарды мерзімінде іске қосу үшін біз «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен облыстық кәсіпкерлік және инновациялық даму басқармасы арқылы толық қолдайтын боламыз. Өйткені мұндай жаңа импорт алмасу өндірісі өнеркәсіп саласының дамуына елеулі үлес қосады әрі Алматы облысында құрылыс материалдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмыспен қамтуға оң ықпал етеді, – дейді аймақ басшысы Амандық Баталов.

Жаңа форматтағы 101 мектеп

Айтпақшы, осы тақырып аясына мемлекет пен жекеменшік арасындағы әріптестіктің дамуы туралы қосқан абзал болатын шығар. Өйткені экономиканың дамуы мен әлеумет әлеуетінің оңалуына бұл бағыттағы жұмыстың да ерекше үлесі бар. Әсіресе, мектеп пен балабақша салу бойынша екіжақты әріптестіктің нәтижесі жемісті екен. Енді осы іске BI-Group холдингі де күш жұмсамақ. Мәселен, BI-Group компаниясы алдағы бес жыл ішінде жаңа форматтағы 101 мектеп салуды жоспарлап отыр екен. Оның ішінде 5 мектепті Алматы облысының аумағында ашу ойда бар. Екі мектептің құрылысы Талғар ауданының Талдыбұлақ және Байбұлақ ауылдарында басталуға дайын. Бұл ғимараттар мемлекет пен жекеменшік әріптестігі негізінде салынады. Яғни мектептердің жобалық құнының 30 пайызын әкімдік қаржыландырса, 20 пайызына жеке инвестиция жұмсауы тиіс. Ал діттеген мақсатқа қол жеткенде іске қосылатын мектеп саны артады. Бұл көптеген шаруаны оңтайлы шешпек. Шынын айтқанда, апатты мектептер мен үш ауысымда білім беретін оқу орындарының мәселесі Алматы облысында да өткір тұр.

– Біз BI-Group компаниясымен бірлесіп, облыстағы 3 ауысымды мектептерді жоюдың бағдарламасын әзірлейміз. 2025 жылға дейін қай елді мекендерде қанша мектеп саламыз, бұл соның бәрін егжей-тегжейлі нақтылайтын құжат болады. Аймақта қазір 49 үш ауысымды мектеп бар. Әсіресе, бұл мәселе Алматы маңындағы аудандарда өзекті болып отыр. Біз мектеп салатын жер учаскелерін дайындаймыз, инженерлік инфрақұрылым тартып береміз, атқарушы орган тарапынан берілуі тиісті қаржыны бөлеміз, ал құрылыс жаңа мектеп салып береді, – дейді облыс әкімі Амандық Баталов.

Жалпы, BI-Group холдингі мен облыс әкімдігі арасындағы әріптестік байланыстың тамыры тереңде жатыр. Компания аймақта оншақты жыл бойы құрылыс жұмысын жүргізіп келеді. Соның ішінде Талдықорған қаласының сәулеттік дамуына зор үлес қосып отыр. Мәселен, Талдықорғандағы заманауи инфекциялық аурухана мен Бикен Римова атындағы драма театрының жаңа ғимаратын толықтай осы компания талапқа сай етіп салып шыққан. Бүгінде BI-Group Үшарал әуежайының ұшып-қону жолағын жөндеуге де атсалысуда. Холдинг былтыр «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасының іске асуына белсене қатысты.

– Біраз жылдан бері Алматы облысында көптеген жобаларды іске асырдық. Сенімді серіктес ретінде іскерлік байланыстарды одан әрі дамытуға бейілміз. Қазір мектеп құрылысына қатысты бірнеше ұсыныс бар. Осы жобалар облыс тарапынан мақұлдаса, биыл құрылыс жұмыстарын бастап кетеміз. Бұл жаңа форматтағы 2 мектеп жобасы. Бұл мектептер пәндік білім берумен қатар қаржылық, цифрлы сауаттылыққа баулу, балалардың оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында оқушыларды бос кеңістікті игеріп, заманауи интерьерлік шешімдерді тартымды пайдалану жағына үйретететін ерекше жоба болмақ, – дейді BI-Group холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев.

Алматы облысы

ӨНДІРІС ӨРІСІ

Бұғытының байлығы

ел игілігіне қызмет етуге тиіс

Қазақтың кең даласының асты да, үсті де байлыққа толы. Сол қойнауларда жатқан қазба байлықтарды зерттеп, зерделеп, ел игілігіне асыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі әрі бірегейі. Кезінде Кеңестер Одағы заманында жоғарыға жаутаңдап, өзіміздің жеріміздегі байлықты игеруге рұқсат алудың өзі түйіні қиын мәселе болып саналғанын сол жылдары іс басында жүрген жандар жақсы біледі.

Бізде Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрін кездестіруге болады. Солардың бірі – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент болып саналатын, аса сирек кездесетін және құндылығы жөнінен де басқалардан көш ілгері вольфрам. Вольфрам және онымен бірге жанама жүретін тағы да басқа сирек әрі бағалы металдар: алтын, күміс, мырыш пен тағы басқа да құрамдастардың аса бай қоры орналасқан Бұғыты таулы аймағындағы кеніш туралы қазір түрлі әңгімелер айтылуда. Бұл кен орнының белгілі болғанына биыл сексен жыл толады. Алғаш тау қойнауында аса сирек кездесетін бағалы металдардың бар екендігі жайлы 1941 жылы анықталып, зерттелген. Ол кездегі Кеңестер Одағының жағдайы тарихтан белгілі. Жаңа кен орындарын игеруді айтпағанда, Батыста тұтанған соғыс өрті алапатқа айналып, бүкіл ел Отан қорғау ісіне жұмылдырылған еді. Одан кейінгі жылдары соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіру, тағы басқа да қауырт істер кесірінен Бұғытының байлығы көзден таса, көңілден тысқары қалған.

Бұғыты вольфрам кен орны – Іле Алатауының шығыс шетіндегі Үлкен Бұғыты тауында орналасқан. 1941 жылы ашылып, барлау жұмыстары 1942-1974 жыл аралығында үздік-создық жүргізілген. Бұғыты – Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан штокверкелік кен орны. Алғаш кен шоғырлары 1941 жылы Алматы қаласынан солтүстік-шығыстан 205 шақырым, Шелек қаласынан батысқа 75 шақырым аймақта табылған болатын. Осының алдында айтқанымыздай, біраз жылдарға созылған үзілістен соң 1974 жылы 9 желтоқсанда КСРО Түсті металлургия министрлігі мен сол кездегі республикалық Түсті металлургия министрлігі және тағы басқа да одақтық деңгейдегі мүдделі органдардың жауапты тұлғаларынан жасақталған мемлекеттік комиссия осы кен орнына байланысты отырыс өткізіп, нақты қорытынды жариялаған. Сол отырыстың хаттамасында көрсетілгендей, геологиялық барлау нәтижесінде Бұғыты кен орнында сирек кездесетін аса бағалы металдардың бай қоры барлығы, болашағы зор ірі өндірістік нысан бола алатындығы айтылған. Дегенмен не себеп болғанын қазір ешкім айта алмас. Сол отырыстан кейін кен орнына қатысты мәселе тағы да жылдар бойы қозғаусыз қалып, соңғы жылдары ғана оны ел игілігіне асыру туралы айтыла бастады. Қазақстан КСРО құрамында болған кезде бұл мәселенің тереңдете зерттеле қоймағаны және игерілмегені бір жағынан дұрыс та шығар. Егер сол кезде игерілсе, одан біздің елдің алар үлесі де болмас еді. Барлығы КСРО атты алып империяның ортақ қазанына құйылары сөзсіз болатын.

Жалпы, Кеңес Одағы кезінде республика аумағында көптеген кен орындары зерттелген. Сол уақыттағы деректер бойынша, еліміздегі вольфрамның жалпы қоры 2 млн тоннадан асады. Бұғыты кен орны соның ішіндегі ең ірісі екен. Егер қазіргі шақта қолға алынған жоба жүзеге асса, Қазақстан сирек кездесетін аса бағалы металды өндіру бойынша әлемдегі екінші орындағы мемлекетке айналады. Бағалы минерал сырт және ТМД елдеріне экспортталады. Бұл кеніште басты өндірістік минерал шеелиттен (вольфрам рудасы) тыс молибден, висмут, бериллий, алтын, күкірт колчаданы және күмістің бай қоры барлығы анықталған.

Геологиялық ерекшеліктеріне байланысты Бұғыты кен орны II топқа жатады. Яғни бұл – химиялық құрамы күрделі ірі шоғырлар мен кендеудің біркелкі бөлінбеуі деген сөз. Міне, осындай күрделі де қажетті қазбаны отандық «Жетісу Вольфрамы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі игеруді қолға алды. Аталған серіктестік 2014 жылы құрылып, бағалы металл қазба байлықтарын зерттеумен айналысып келеді. Мұндай ауқымды жобаны іске асыру сарапшылардың бағалауы бойынша инвестициялық жобада көзделгендей шамамен 250 млн АҚШ долларын талап етеді.

Вольфрам – ашық сұр түсті, баяу балқитын металл. Вольфрам электр шамының қылы, электр пештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерде, катодтар, тағы да басқа электрлік құралдарда электродтар ретінде қолданылады. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, жоғарыда аталған элементтерді өзіміз өндіріп, қолданысқа енгізсек, бірнеше сектор дамитыны шүбәсіз. Жобаға тоқталар болсақ, жобаның жүзеге асырылу мерзімі – 2021-2023 жыл. Жалпы сомасы – шамамен 94,5 млрд теңге. Қайта өңдеуді қоса алғандағы қуаттылығы – жылына 3,3 млн тонна кен. Жобаның негізгі мақсаты – өндірілген кеннен металл бұйымдарын дайындау кезінде оның сапасын арттыратын концентрат әзірлеп, оны одан әрі ішкі және сыртқы нарыққа сатуға шығару. Қазіргі уақытта жобаның I кезеңі орындалуда. Дайындық жұмыстарына жергілікті тұрғындар қатарынан 30 адам және шетелден шақырылған 2 маман тартылған. Жұмысшылардың айлық жалақысы – 250 мың теңге. Жоба іске асырылғаннан кейін 200-ге жуық жергілікті тұрғындар жұмысқа орналасып, 50 адам зауытқа қажетті мамандық бойынша оқытылады.

Ерекше атап өтетін нәрсе – кен өндіру саласында барлау-геологиялық жұмыстардың сапалы атқарылуының маңызы аса жоғары. Бұл орайда еліміз үлкен жетістіктерімен мақтана алады. Десек те, кадр мен арнайы осы саланың маманы мәселесі қол байлап тұрғаны жасырын емес. Себебі, сирек кездесетін тау-кен және түрлі металлургиялық өнеркәсіптің әлемдік деңгейде қарыштап дамуына жерасты барлау жұмыстарының жан-жақты зерттелуі және кен байлықтарының мөлшері мен құрамының тап баса анықталуының орны ерекше. Кен өнімдерін өндіруде еліміздің әлемде алдыңғы қатарда болуына, әрине, жоғарыда тілге тиек еткен барлау-геологиялық жұмыстарының дәлдігі мен сапалылығы айрықша әсер етеді.

Кешегі қоғамдық өзгерістер кезінде геологиялық ғылымның да басқа салалар секілді дағдарысқа түсуі орын алғанымен, еліміздің бұл бағыты тоқыраудан тез есін жиғаны мақтанарлық. Жұмыссыздықтан өзге салаға қызмет ауыстырған ғалымдар, талантты ізденушілер қайта өздерінің сүйікті ісіне оралып, ел байлығының қарқынды дамуына өз үлестерін қоса бастады. Осы жұмыстар арқылы кен құрамын анықтау мен бағалау жолға қойылса, онан әрі қарайғы тиянақты барлау жұмыстары бірнеше сатыда жалғастырылады.

Батыржан БАЙЖҰМАНОВ,
Алматы облысы әкімінің
орынбасары

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚАДАМДАРЫ

Кибершабуылға қалай тосқауыл қоямыз?

Биылдан бастап ІІМ Алматы академиясында киберқылмысқа қарсы күрес жүргізетін қызметкерлер арнайы маман ретінде даярлана бастады. Бұл қарапайым адамдарды қан қақсатқан мұндай қылмыстың күн санап көбейіп бара жатқанын аңғартады. Бір шетінен соңғы кезде тым жиілеп кеткен онлайн алаяқтарға қарсы күрестің тағы бір тың тәсілі іске қосылмақ.

Коллажды жасаған ***Амангелді ҚИЯС***, *«EQ»*

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Соңғы 1-2 жылдың көлемінде елімізде интернет саласындағы қылмыстар екі есеге артқан. Мамандар интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың артуына онлайн жасалатын қызметтердің дамуы да түрткі болып отыр дейді. Онлайн алаяқтардың арбауына түскен азаматтар өткен жылы 67 млн теңге қаржысынан айырылып қалған.

Ресми деректерге сәйкес, елімізде соңғы бір жылда киберқылмыс жасаған 450 адам жауапкершілікке тартылған. Алайда интернет арқылы алданып жатқан азаматтардың саны күн сайын артпаса, азаймай отыр. Оның үстіне, соңғы кезде өзге мемлекетте отырып-ақ еліміздегі қарапайым тұтынушыларды құрықтарына түсіріп жүргендер көбейген. ІІМ-нің мәлімдеуінше, биылдың өзінде Ресей, Беларусь, Украина елдерінде жүрген алаяқтардың Қазақстан азаматтарын алдаған 3 мыңға жуық фактісі тіркелген.

Осыған орай, Ішкі істер министрлігі еліміздегі Киберқылмыспен күрес орталығының жұмысын күшейтіп, тек осы қылмыстарды ашуға мамандандырылған арнайы топтарды құруды қолға алған. Сондай-ақ министрлік интернет алаяқтықпен бірлесе күрес жүргізу үшін шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнатып, бұл бағытта тығыз жұмыс істеуге ерекше мән беріп отыр. Қазіргі таңда ІІМ Ұлттық банк және екінші деңгейлі банктермен тығыз қарым-қатынас орнатып, азаматтардың жеке мүлкін қорғау үшін нақты сақтық шараларын іске қосқан.

Киберқылмысқа қарсы күресу үшін Алматы академиясында мамандар даярлау да осындай уақыт талабынан туындап отырған шешім. Анығын айтқанда, мұндай шешім өткен жылы қабылданған болатын. Алайда түрлі хакерлермен қалай күресуге үйренуді полиция қызметкерлері биыл бастады. Енді олар тек ғана қоғамдық тәртіптің күзетшілері емес, IT маманы, бағдарламашы да болады.

«Соңғы кездері интернет, ұялы телефон, WhatsApp арқылы жасалатын алаяқтардың көбейіп кеткені белгілі. Қылмыс әлемі енді онлайн режимде жұртты алдауға кірісті. Қашықта отырып қарапайым жұртты қан қақсататын мұндай қылмыстар күн сайын түрленіп, тәсілі өзгеріп, саны артып барады. Сондықтан да технология күн сайын өзгеріп жатқан қазіргі заманда киберқылмыспен күресу өте маңызды болып отыр», дейді Алматы академиясы бастығының орынбасары Жанат Ділбарханова. Академия өкілінің мәлімдеуінше, киберқылмыспен күрес мамандығына осы саладан тәжірибесі бар кадрлар тартылады. Оларды даярлауға басқа да ұйымдар мен мекемелер қатысуда.

Қазіргі таңда киберқылмыстың Қазақстанды ғана емес, бүкіл дүниежүзін алаңдатып отырғаны белгілі. Елімізде де кибершабуылдардан сақтану шаралары ұдайы жүргізіліп келеді. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында киберқылмысқа қарсы күресті күшейту туралы шараларды қабылдауды міндеттеген болатын. Осыған орай, стратегиялық құжатта алға қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы (Қазақстанның киберқалқаны) қабылданды. Аталған тұжырымдамада «Ақпараттық қауіпсіздік қауіп-қатері – әбден болуы мүмкін оқиға, процесс немесе құбылыс, ол ақпаратқа немесе ақпараттық жүйенің немесе ресурстың компоненттеріне әсер ету арқылы иеленушілер мен пайдаланушылардың мүдделеріне тікелей немесе жанама зиян келтіруге әкеліп соқтыруы мүмкін», деп атап көрсетілген.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті әзірлеген «Киберқалқан» жүйесі тек мемлекеттік жүйені бақылауға алады. Сондықтан кәсіпкерлер мен банктер, ұлттық компаниялар кибершабуылдан өздері қорғануларына тура келеді. Хакерлердің жиі қолданатын тәсілі – компьютерге шабуыл жасау. Кибершабуылшылар компьютердегі ақпаратқа бағдарламалық-ақпараттық құралдарды қолдана отырып қол жеткізе алады екен. Сондықтан кәсіпкерлер, банктер, компаниялар және жеке адамдар өз компьютерлерін өздері қорғаулары қажет. Кибершабуыл Қазақстанда да жылдан-жылға жиілеп барады. Оның дәлелі – соңғы кезде киберқылмысқа қатысты арыз-шағымдардың күрт көбейіп кеткені.

Ең қауіптісі – қазір хакерлер жеке адамдардың деректеріне ғана емес, компаниялар мен ресми органдардың сайттарын бұзып кіре бастады. Бұл дегеніміз – мемлекеттің қауіпсіздігіне төнген қауіп.

Ірі компаниялар мен жеке кәсіпорындардың, банктердің есепшотына бұзып кіруді айтпағанда, әлеуметтік желіде хакерлердің қарапайым адамдардың жеке телефондарына шабуыл жасайтынын жиі ести бастадық. Соның бір мысалы – фейсбук парақшасын пайдаланушылардың бірі Сәуле атты келіншек өз парақшасында күйеуінің ұялы телефонын белгісіз біреу бұзып кіріп, ватсап арқылы телефон иесінің атынан арзан жанармай ұсынып, сол желіде отырғандардан алдын-ала төлем жасау қажеттігін түсіндіріп, ақша жинай бастағанын жариялағанда, «өзімнен басқа ешкімнің мүлкі емес» деп күнделікті жанқалтамыздан түспейтін телефонымызға күдікпен қарай бастадық. Тіптен қазір бірбірінен өш алу үшін өштескен адамының атынан жалған аккаунт ашып, небір сұрқиялық әрекеттер жасап жүргендер де бар.

Бүгінгідей жаһандық бәсекелестік жағдайында еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін факторлардың бірі – киберқауіпсіздік десек, қылмыстың осы түрін ашумен айналысатын мамандар даярлаудың маңызы айтпаса да түсінікті. Ақпараттық жағынан да, экономикалық даму жағынан да бізден озық елдерде киберқылмыс ертерек пайда болғандықтан, оларда киберқауіпсіздік шаралары да, киберқылмыстарды ашумен және тергеумен айналысатын мамандар даярлау да ерте қолға алынды. Қазақстанда дәл қазір мұндай қылмысқа қарсы дер кезінде ден қойып, қарсы тұру жоғары деңгейде дамымаған. Оған киберқылмысқа қатысты тіркелген арыз-шағымдардың ашылғанынан ашылмай қалғанының басым екені дәлел.

«Киберқылмыстарды ашудағы негізгі проблема – интернет алаяқтардың басқа елдің аумағында отыратыны және қармағына түскен адамдардан ақша аударып алған соң, интернет желісіндегі мекенжайларын дереу өшіріп тастайтыны. Ал интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың көбеюіне адамдардың өздері «көмектесуде». Алаяқтарға құпия сөздері мен банктік карточкаларындағы деректерді өздері беріп, киберқылмыстың құрығына өздерінің қалай ілінгенін байқамай қалады. Сондықтан тұрғындар арасында алаяқтық тәсілдеріне қалай қарсы тұруды кеңінен насихаттау керек», дейді Алматы облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының басшысы Асхат Данияр.

Ішкі істер органдарында киберқылмыстарды ашумен және тергеумен айналысатын мамандар даярлау ісі, олардың кәсіби шеберлігі қандай деңгейде деген сұраққа бір сөзбен жауап беру қиын. Ең алдымен, қазір Ішкі істер министрлігіне қарасты оқу орындарын реформалау нәтижесінде қиын түйіннің күрмеуі шешіліп келеді. Бүгінгі күннің сұранысы бейімді білім беру ортасын және оқытудың әртүрлі деңгейлік жүйесін қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз.

Бүгінде ІІМ-нің ведомстволық білім беретін мекемелер жүйесі білім алушылардың инновациялық тәсілдер негізінде өзін өзі таныту мен өзінің қабілетін өзі анықтауға жағдай тудыру бағытында жұмыс істеуде. Яғни оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, соның ішінде қосымша білім беру арқылы біліктілікті арттыру жолға қойылуда. Ішкі істер министрлігінің қосымша білім беру жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау ішкі істер органдарында кәсіби қызметпен айналысатын кадрлардың негізгі білімнен кейін қосымша білім алуларына, кәсіби шеберліктерін шыңдауларына қолайлы мүмкіндіктер тудырып отыр. Қазіргі жаңа заңнамалардың талаптарына сай жұмыс істеу бүгінгі мамандардан тек Қазақстанның емес, шетелдердің де қылмысқа қарсы күрестегі озық тәжірибелерін зерттеуді талап етуде. Бұл бағытта оқу орындарында атқарылып жатқан жұмыстар көп. Атап айтқанда, қосымша кәсіби білім беретін мамандандырылған бөлімшелер құрылуда. Соның бірі ІІМ-нің Алматы академиясында осыдан он бес жыл бұрын құрылған Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығы және Лаңкестікке қарсы мамандар даярлайтын орталықпен қатар, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап академияның кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау факультетінің жанынан Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі мамандарды даярлау орталығы ашылған болатын.

«Аталған орталық ішкі істер органдары және басқа да мемлекеттік органдар үшін білікті кадрлар даярлау мақсатында киберқылмыстарды ашумен және анықтаумен айналысатын мамандардың біліктілігін арттырумен шұғылданады. Жедел қызмет саласының мамандарына қажетті біліктілікті арттыру бүгінде ішкі істер органдарына аса қажет. Білім беру жүйесін құрған кезде шетелдердің киберқылмысқа қарсы күрес және осы сала мамандарын даярлау тәжірибесін зерттедік. Орталық құрылған күннен бастап түрлі халықаралық ұйымдармен, шет мемлекеттердің елшіліктерімен және өзіміздің жетекші жоғарғы оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, республикалық және халықаралық деңгейде семинар, вебинар және дөңгелек үстел өткізумен қатар, ғылыми тәжірибелер де жасауда», дейді академия бастығының орынбасары Жанат Ділбарханова.

Ол еліміздегі киберқылмысқа қатысты криминалдық ахуалдың қазіргі үрдісі және онымен күресу үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері жоғары технологияларды, оның ішінде қылмыстық мақсатқа қолданылатын технологияны жақсы меңгерулері керек екенін атап өтті. Қылмыстық мақсатта қолданылатын технологияларды жақсы меңгеру киберқылмыстың алдын алуға және орын алған қылмыстарды ашуға кепілдік береді.

Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі орталықта жыл басынан бері қашықтан оқыту бойынша біліктілікті арттырудың 9 курсы өткізіліп, 200-ден астам маман біліктілігін арттырған. Соның ішінде «Жаңа техникалық құралдар мен сандық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу, анықтау және ашу», «Ақпараттық технология аясындағы құқық бұзушылықтарды анықтау мен ашу», «Балалар порнографиясын интернет желісінде таратуға қарсы әрекет», «Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзуды анықтау және ашу», «Тергеу әрекеттері және жедел іздестіру шарасын техникалық және криминалистік жағынан қамтамасыз ету» тақырыптары қамтылған.

Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі істер органдарының қызметкерлеріне озық техникаларды пайдалана отырып, жүйелі әрі ойланып жұмыс істеу керек екенін, өйткені қылмыскерлер де осындай озық техниканы пайдаланатындығын ескертті. Сондай-ақ Президент электронды қылмыстық істерді тергеуді жаңа деңгейге көтеруді тапсырған болатын.

Ақпарат қауіпсіздігі – тек бір елдің ғана емес, тұтастай адамзаттың алаңдаушылығын тудырып отырған мәселе. Өйткені қазір жетілген компьютерлік қылмыс әлемдік деңгейге шығып отыр. Мұндай жаһандық қылмыстармен күрес тек барлық елдің құқық қорғау органдары бірлесе іс-әрекет еткенде ғана нәтижелі болмақ.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Тұрғындардың тыныштығы мен қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қадағалайтын полицияда көп жариялана бермейтін қызметтер бар. Соның денін қыз-келіншектер атқарады. Солардың қатарындағы полиция капитаны Ұлжан Оразалиеваны тәжірибелі криминалист деуге болады.

Талай «қиын жұмбақтың» шешуін тапқан

***Жолдасбек* КӨШЕРБАЙҰЛЫ,**
«Egemen Qazaqstan»

Ол криминалистикаға кездейсоқ келген жоқ. Бала кезден полиция қызметкері болуды армандады. Мектептің 7-сыныбында оқып жүргенде телеарнадан погон таққан қыздар туралы хабарды көріп, осы салаға қызығушылығы оянды. Алайда әкешешесі полиция қызметінің қыздар үшін қиын болатынын айтып, басқа мамандықты таңдауға үгіттеген екен.

– Бірақ жүрек қалауым осы салаға ауды да тұрды. Осы мақсатыма жету үшін 2012 жылы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясына құжат тапсырдым. Академияға оқуға түскенде криминалист мамандығын таңдадым. Бұл мамандықтың өзгешелігі, ғылымның әртүрлі саласын білу үшін ұдайы ізденіске толы жұмысы қызықтырды. Өйткені қылмысты ашуда криминалист маңызды рөл атқарады. Ол жедел-тергеу тобында тергеушіден кейінгі екінші орында тұрады. Қылмыс болған орынға барған криминалист сарапшы алдымен күдікті туралы ақпараттарды жинау үшін сағаттар бойы әр заттан саусақ, аяққиім іздерін шұқшия іздейді. Оны таппай тыншымайды. Оқиға орнында қалған мата қиындысы, түйме, кез келген қағаз қалдығын шашау шығармай жинап алады. Соның бәрінен алынған ізді дактилоскопиялық пленкаға түсіреді, – дейді аға криминалист Ұлжан Оразалиева.

Погон таққан өжет қыз ішкі істер органындағы еңбек жолын Мақат аудандық полиция бөлімінде криминалист болып бастады. Атқаратын қызметінің қыр-сырын тәлімгері болған аға криминалист, полиция майоры Жасқайрат Қалдыбаевтан үйренді. Қазір тәжірибелі криминалистің шәкірті болғанын мақтан тұтады.

– Мақат ауданында 2017 жылы пәтер ұрлығы болған еді. Жедел-тергеу тобының құрамында оқиға орнына мен де бардым. Ұры түскен үйді қарау кезінде бірнеше саусақ, аяққиім ізі алынды. Дактилоскопиялық сараптама қорытындысымен алынған із ішкі істер органдарында есепте тұратын азаматтың ізіне сәйкес келді, – дейді полиция капитаны Ұлжан Оразалиева. – Тергеу мен тексерудің нәтижесінде күдіктінің қылмысқа қатысы дәлелденіп, іс сотқа жіберілді. Осылайша, қылмыстың ізі суымай ашылуына криминалист маман ретінде өз үлесімді қосқаныма қуандым.

Тағы бірде дүкендегі ұрлықты ашуға қатыстым. Ұрлық жасалған орыннан көп із табылды. Әдетте көп із жедел тергеу тобын тығырыққа тірейтіні белгілі. Бірақ өз ісін жетік білетін, тәжірибесі толысқан криминалистің қырағылығы қылмысқа қатысы бар күдіктіні тез табуға септігін тигізді.

– Көп іздің әрқайсысын жете зерттеуге ден қойдық. Соның арасынан әйелдің киім-кешектері мен опа-далаптарынан алынған із күдік тудырды. Көп ұзамай, ұрлық жасаған келіншек ұсталды. Күдікті тергеу кезінде қылмыс жасағанын мойындады. Жалпы, күнделікті жұмыс кезінде криминалистерге қылмысты ашуға көмектесетін «қиын жұмбақтарды» шешуге тура келеді. Оның шешуін табу оңай емес. Сондықтан криминалистер ғылымдағы соңғы жаңалықтарға ден қойып, білімі мен білігін ұдайы жетілдіріп отырады, – деп мамандығына қатысты ойымен бөлісті полицей.

Өз ісін жауапкершілікпен атқаратын аға криминалист биылғы жылдың басынан бері 200-ден аса оқиға орнына барды. Сол жерлерде 100-ден астам зерттеу жүргізіп, ондаған қылмыстың дер кезінде ашылуына тікелей үлесін қосты. Сондай-ақ бірнеше рет тергеу ісіне білікті маман ретінде қатысты.

– Ішкі істер органында қызмет атқарғаныма, криминалист мамандығын таңдағаныма еш өкінбеймін. Өйткені криминалист – күрделі әрі ерекше мамандық. Қазір менде бір ғана мақсат бар. Бұл – облыстық полиция департаментінің жедел криминалистика басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Николай Михайловский секілді өз ісін жетік меңгерген іскер маман болу, – деп алдағы мақсатымен бөлісті.

Қазір полиция капитаны Ұлжан Оразалиева Атырау қалалық полиция басқармасындағы жедел криминалистика тобында аға криминалист болып қызмет істейді. Әрдайым ізденімпаздығымен ерекшеленетін ол әріптестерінің құрметіне бөленіп жүреді. Әрине полиция қызметкерлерінде бос уақыт көп емес. Дегенмен, қолы босай қалса, спортпен айналысқанды, кітап оқығанды ұнатады. Ал демалысында ата-анасына көмектесіп, дастарқан мәзірін дайындағанды жақсы көреді.

Атырау облысы

Жын мен ақын

Бұрын әдеби ортада жүргендер басқалардан бір бас биік тұратын. Қазір кім қайда жүрсе, сол жер әдеби орта болатын болды. Бірақ Семейде Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Қарағандыда Серік Ақсұңқарұлы, Маңғыстауда Светқали Нұржан болмаса бұл сөзді айтпас едік. Үшеуі үш жақта жатып өлең өрісін тақырып жағынан қалай кеңейткенін көрмеу мүмкін емес.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Бір сөзбен айтқанда олар таптаурын әдеби ортадан тәуелсіздік алған ақындар деуге толық негіз бар. Ендеше бізге неге оларды тәуелсіз, еркін талдауға талаптанып көрмеске деген ой туады. Бұған әсіресе кейінгі кездері қарапайым оқырман түгілі, кәсіби сыншыларды да аңтарылтып қойған Тыныштықбек Әбдікәкімұлы сұранып-ақ тұр.

Сөздің басын Тыныштықбектің шығармашылығы ұлттық кодпен тікелей байланысты деп бастаған жөн десек қателеспеспіз. Бірақ басын ашып алатын бір жайт, бізде «код» сөзінің қазақша баламасы «құпия кілт» деген сияқты естіледі. Содан барып елдің бәрі әлдебір құпия кілтті іздеп жүргендей күй кешудеміз.

«Ұлттық код» ұлттық код болмай тұрғанда, «көн қатса – қалыбына» дейтін едік. Міне, осы «кодты» «көн» деп алса, Тыныштықбектей ақынға бек жарасады. Себебі ол тәуелсіз сана бастауын бұл күнде мағынасы өзгерген не ұмытылған көне сөздерден іздеумен келеді.

«Көлеңкелер шырлап
Мазарыңның елесін,
Көн топырақ бұйырмақ.
Көнесің ғой, көнесің»

дейді «Қу тірлік» өлеңінде.

Мұндағы «көн топырақты» «көне» деп те, «көнтерілі» деп те түсінуге болады. Бірақ негізгі мағынасын «түпнұсқа» деп ұқтық. Яғни адам шыққан, адам жаралған топырақ. Егер осылай қабылдасақ, Жер-Ана сөзінің төркіні тереңдей түспек. Бұл айтылып жүрген пайым болғанмен, «көн топырақ» түпнұсқалық мәнге ие жаңа тіркес деуге толық негіз бар.

Біздіңше оның өлеңдері бір бөлек, кейінгі ізденістері бір бөлек дүние емес. Әңгіме ақынның «Қас Сақ Аңқымасы» атты пәлсапалық кітабы туралы болып отыр. Оның «Ақшам хаттары» атты өлең кітабын өзімсіне қарсы алған оқырман, осы кейінгі еңбегі қолына тигенде тосылыңқырап қалды. Данышпан атасы заманында өлеңдерін жиып қойып, Қара сөздерін жазғаны есепке кірген жоқ.

Жұртшылыққа бірден сүйкімді ақын ретінде танылған Тыныштықбектің бұл жолға неліктен бас тіккенін түсіну де қиын. Тіпті бірнәрсені дәлелдеген күннің өзінде, оның рухани айналысқа түсуіне ешқандай кепілдік жоқ. Кеше ғана бәріне түсінікті ақын, бүгін ешкімге түсініксіз дүние жазса не болады?

Кей оқырман мұнда не сыр бар деп, бұрынғы жазғандарын қайта парақтайтын шығар. Күдікті деген жолдар мен күмәнді деген тармақтарды қайтадан ой елегінен өткізетін болар. Әйтеуір бұл жазғандарының бекер дүние емес екенін түсінуге тырысар. Бүгінгі оқырман жылы жауып қойғанның өзінде, ертеңгі оқырман бар емес пе?

Әуелгіде біз де оның өлеңдерінен қалай тылсым сыр, құпия астар іздеп кеткенімізді өзіміз де байқамай қалдық. Өзі айтқандай: «Таңбалардың тілін білсем сендегі» деген аңсар бойымызды билеп әкетті. Мына жолда қандай ой бар, ана жолда нендей идея жатыр деген сұрақтар да қаумалай жөнелді. Анда жынның сыбыры, мұнда рухтың күбірі, онда періште қанатының дірілі бардай көрінді.

Жоқ, бұған таңғалмаңыз да, шошымаңыз да. Оның өлеңдерінде жын деген сөз жиі қайталанады. Тыныштықбектің бұл сөзді еркін қолдануы оны оқырманнан алыстатпайды. Қайта күніне әйтеуір «жын» деген сөзді бір рет айтып қалатын халықтық санаға жақындата түседі.

«Жарық Дүние
Бір күні жарылып кетердей
жын-ақпардан!
Жан Дүние –
– есуастығы мен далбасалығы
тұрақты Арман...
Кеше, шыдамай,
Күн секілді өзім де құлақтанғам.
Әлдеқайда шығып кеткем...
Жарым жылап қалған...»

Егер «әлдеқайда шығып кеткені» болмаса «жын-ақпарды» кәдімгі публицистикалық ұғымда түсінер едік. Бірақ «жын-ақпар» ақынға басқа жақтан келіп тұрған тәрізді әсерлі шыққан. Осындағы «әлдеқайда» деп тұрғаны «бейуақта» деген сияқты ойыңды сан-саққа жүгіртетіні де рас. Әлдеқайда, бейуақта, беймезгіл деген сөздер иесіздікті білдіріп тұратын секілді.

Жалпы, «иесіз қалған дүниені жын иектейді» деген сөз бар. Мұқағалида: «Аты-жөні, кім екені белгісіз, Қара киім ғайып бопты антұрған» делінеді. Бейуақта келеді, әлдеқайда кетеді, бірақ содан ұлы шығарма туып отыр. Егер сол қара киімді белгісіз адамның магиялық тұлғасы болмаса бұл реквиемге кілт табылар ма еді?!.

Тыныштықбек те «жын» сөзін өзін ашу үшін қолданатын секілді. Оның адамға жамандық істейтін нақты жын емес, шартты образ секілді берілуі сондықтан. Ақын әйтеуір біреумен тілдесу керек болғандықтан да жын образын нысана етіп алғанға ұқсайды. Әйтпесе жанын жынға сатқан, жынды сұхбаттасым деп білген адам емес.

«Жә, сонымен, көше кезіп келе
жатсың кешқұрым.
Әлдеқайдан үні естіліп жынның,
әлде, ешкінің»

десе, онда да тылсым сырдан гөрі, поэтикалық бояу басым.

Осы «Қаладағы ымырт әуені» өлеңіндегі:

«Бұл қала да жаратылған –
құдайлық бір бұйымнан.
Ымырт шіркін – қою әуен,
омыртқаңа құйылған»

деген жолдар да ойымызды нықтай түседі. Мұндағы күшті образ «ымырттағы ешкі мен жынның үнінен» туып тұрған жоқ, «омыртқаға құйылған бояудан» туып тұр. Бірақ табиғи шыққаны оның алдындағы «ымырттағы ешкі мен жынның үнін» естігендей болған сәті дер едік.

Оған себеп ақынның халықтың ойымен ойлап, халықтың сөзімен сөйлеп отырғанында болса керек. Қарапайым өмірде «мынау жын ба, немене» деген сөзді мың рет еститін шығарсыз. Алайда оның бәрі әдебиетімізден өткен соцреализм тұсында-ақ аласталған. Бір қарасаңыз, санада бар образ тәрізді, бірақ бүгінгі әдебиетте ол жоқ.

Ал Тыныштықбек жынды да, періні де, періштені де реалды өмірден күнде көріп жүргендей өзіне өте сенімді сөйлейді. Жынға сырттан тас атпай, іштен шалуға қабілеті жетіп тұрғандай сөзі нық, ойы да айқын. Әдеби ортадағы тым мәдениетті болып кеткен ақындар бұл сөзден саналы түрде қашады. Тыныштықбек болса солардың бойындағы жасандылықпен күрескендей ерегісе түседі.

«О, Туған Жер,
Сенсіз кіммін мен?
Сорлап бір жүрген сұмдаймын.
Сондықтан ақыл айтқыш
жұрттан гөрі, қуарған
құрайыңды тыңдаймын».

Мұндағы қуарған құрай да шын мәнінде образды түрде берілген. Ақын иесіз далада көмусіз қалған сүйектерді меңзеп отырмаған шығар. Бірақ қуарған құрайдың уілінде аруақтың сыры бардай сезіледі. Көз көріп, құлақ еститін анық нәрсені айтып отырғанмен, көңілің бәрібір әлденеге елегізеді. Құрайдың уіліне елтіген елсіз дала иесіз бе?

Кейде күнделікті қолданып жүрген сөздің өзі ой-санамызға қалай әсер ететініне мән бере бермейді екенбіз. Мәселен, осы елсіз дала деген сөздің артынан иесіз деген сөз ереді. Иесіз болғандықтан не жын-жыбыр басады, не кезбе, не келімсек қоныс еткісі келеді. Ата-бабамыздың таста таңбасы бар, жығылса жамбасы тиген жерді қалай елсіз, иесіз дейміз. Сол елсіз деген далада келе жатсаң, әйтеуір бір жерінде қарайып қорым жатады емес пе.

«Қайран ғана Ата-Баба –
Ақ Жұртым!..
Бес қаруын асынып,
О Дүниеге оза шауып кетті олар!»

дейді Тыныштықбек «Құса» атты өлеңінде.

Соларға лайықты болу үшін Қамбар ата күлігі тисе дейді тақымыма. Біз «желмен жарысып» деп жаза береміз. Құлаққа қандай жұтаң естіледі. Оның түбі, түбірі «жынмен жарысып» болуға тиіс. «Қобыланды» эпосындағы «Алты айшылық жолды алты-ақ аттап өтетін» Тайбурылды «желмен жарысты» деп еш айта алмайсыз.

«Екі көзі – екі ақ сайтан,
алты құбылаға әділ жайнаған,
Ес-ақылы – жасыл қасиет,
жайқалған;
төрт тұяғында төрт перінің
мөрі бар,
арқасында Тәңірінің желі бар».

Тәкен Әлімқұлов «Ақбозат» романында «Жылқының құлағының түбінде шарап болады» деп жазып еді. Тыныштықбектің «Тәңірінің желі бар» дегені, «арқасы бар» дегенге келеді. Атқа мінген адам арқаланып кетеді деген сол. «Екі көзі – екі ақ сайтан» дегені, «Ымырт шіркін – қою әуен, омыртқаңа құйылған» деген сияқты сұрапыл сурет.

Шын мәнінде біздің халық бұрын солай сөйлейтін. Ондай сөздің сойқанын өзіміз жас күнімізде қазіргі жасымыздағы үлкендерден жиі еститінбіз. Олар да көшкен жұртқа көміп кеткен қымыздың дәмін татырғандай тамсантып өте шықты.

Айтпақшы, қас жүйріктің желмен емес, жынмен жарысатынын жоғарыда келтірілген жыр жолынан да көруге болады. «Төрт тұяғында төрт перінің мөрі бар» болса, жынмен жарыспағанда несі қалды. Азаншының дауысын естіген жын «а» дегенше алты қырды асып кететін көрінеді. Ендеше жүйріктің жынмен жарысқандай болуы қанатты пырақ үшін аса таң да емес.

Жынмен алысып қалған біреуді көрсеңіз, оны өнер адамы дей беріңіз. Бұл кейде жын-перілермен де ой жарыстырғандай, сөз жарыстырғандай көрінетін ақындарға өте-мөте тән нәрсе. Қала берді қалам ұстаған қауым үшін бәсекенің үлкені сол болуы керек.

«Әкемнің соңғы демі» өлеңіндегі:

Қамбар-қымыз қанып ішкен
мұртымен
Қасқаң едім, қалжың сөзі –
бір тұмен!
Қандай екен, көрейінші! – деп,
Қамшыммен
Қаншама рет Түленді өзім
түртіп ем!»

деген жолдарда да біраз сыр жатыр.

Әкелеріміз, аталарымыз «Жынды көрдім, жынмен кездестім» деп жатушы еді. Сонда олардың әлгі немеден қаймықпайтындай рухы биік болғаны ғой.

Ал ақындарда бұл шығармашылықтың шыңы болуы да мүмкін. Мұндай әрекет шығармашылық иелерінде трансқа түсу арқылы жүзеге асса керек. Тыныштықбек те кейде медитациялық хал кешкендей тосын сырлы жырларға кенелтеді де тастайды.

Ондайда Тыныштықбектің өлеңдері ешқандай теорияға бағынбайды. Жыр жолдары желіден ағытыла жүгірісіп кетеді. Өлеңді омыртқа құсап ұстап тұрған буындары да өзінше өрнектеледі. Шумақтары да еркін қайырылып, бірімен бірі ортақ ойлармен ғана тумаласады. Бірақ буын артық-кем шығып жатса да, ырғақ жоғалмайтыны ғажап.

«Өлеңді сүю, аңсау қандай –
зал іші самсар маңдай!..
Хас әнші ән салғанда,
Жұлын-жүйкем шатырлап,
жай атады,
Көркем пері ғайыптан жүрегіме
қол салғандай!»

дейді бір өлеңінде.

«Жұмыс бөлмемде – домбырам,
Бақсылансам – даңғырам.
Шайтантиегі – Ұмайтеректен,
Ата Тегі – бәйтеректен,
Еріккенімде сөйлемей қоятын
жыны бар»

дейді екінші өлеңінде.

«Кейде,
Қанат қағып кеудемдегі
екі мөлдір өкпемен,
Тәңір Жүзін көрмек үшін көтерілем
Көкке мен.
Сөйтіп жатып ұйықтап кетем,
түс көрем:
Жалаңаяқ бала-Көктем...
Күшті Өлең!»

дейді үшінші өлеңінде.



Коллажды жасаған **Амангелді ҚИЯС**, «EQ»

> БӘЛКІМ АҚЫРЫ АҚЫН БОЛҒАН СОҢ ОСЫЛАЙ БІР ДӘУІРДЕН ЕКІНШІ ДӘУІРГЕ КӨК ТӘҢІРІНІҢ КҮЛІГІНДЕЙ ҚАРҒЫП ӨТІП ЖҮРУ КЕРЕК ШЫҒАР. ОНДАЙ БОЛУ ҮШІН СОҒАН ЛАЙЫҚТЫ МАЗМҰН БОЛУЫ КЕРЕК ЕКЕНІН ТІПТІ АЙТЫП ЖАТУДЫҢ ӨЗІ АРТЫҚ. ОЛ БАСҚА ТҮГІЛІ ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ӨЗІН ҚАЙТАЛАҒЫСЫ КЕЛМЕЙ ҚАТЕЛІККЕ ҰРЫНЫП ЖАТСА ДА СӨЗ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БӘРІМІЗДЕН АРТЫҚ БІЛЕДІ.

Ұйқас, буын, жол, тармақтарды бұдан әлдеқайда шебер құруға болады. Бірақ онда өлең ішкі-сыртқы дүниенің үйлесімін беріп тұрған ырғақтан айырылып қалуы мүмкін. Тыныштықбектің қай өлеңін алсаңыз да жан мен жаратылыстың үйлесімін бұзбауымен ерекшеленеді.

Ал енді қолданған метафоралары мен келтірген теңеулері кейде мыйға сыймай кетеді. Бір біріне ұқсамайтын нәрселерді ұқсата салады. Осының бәрі медитациялық ойлаудың әсері ме деп те қаласың. Алайда мыйға сыймаған нәрсе санаға сурет болып қона кеткенде таңғалмасқа әддің жоқ.

Жұлдызданған Түннің мыйы ендігі...
Ақылымды мұздатуда кеңдігі.
Көкжиектен көрінеді қызыл Ай.
Ол да – шексіз кеңістіктің жәндігі.

Осындағы метафора да, теңеу де бұрын-соңды қолданыста болмаған. Ақын бейне құлағына біреу сыбырлап, соны қағазға түсіріп отырғандай елестейді. Әйтпесе осы қалай болады деп тартынып қалуы керек қой. Бірақ оның бұл жазғандары соншалықты сенімді шығатыны тағы тәнті етеді.

Әрине шығармашылық жұмыста да белгілі бір тәртіптің болғаны жақсы. Алайда шығармашылық адамының өзін желкесінде редактор тұрғандай сезінуі еркіндікті шектейді. Содан оның өзі де, сөзі де бағынышты болуы керек деген жалған түсінік туындайды. Ал бұл шығармашылық тұлға үшін өліммен тең нәрсе.

«Күнтекті Қыдыр құрдасы
болған сол Қазақ
Құдайдың өзін шақырған
дәйім қонаққа!..»

Осы «Абайға мінәжатында» жазғанындай, ол да бір алмағайып образға кірген ақын. Оның «Қас Сақ Аңқымасы» кітабы сондай медитациялық халден туған дүние десе, сенбеске амалың жоқ. Бірақ ондағы кейбір ойлар мен сөздердің ақынның алғашқы өлеңдерінен бастау алатыны бұл кітаптың да тамырсыз емес екенін аңғартады. Соған байланысты қызығушылықпен қойған сұрағымызға Тыныштықбектен:

«Қазақ дүниетанымын өзімізше зерттеп-зерделеп көруге өткен ғасырдың 90-жылдарының басында кіріскендей едік. Осы ғасырдың басында «Қас Сақ Аңқымасы» деген атпен екі кітап шығардық. Алғашқы қадам болғаннан кейін кемшілігі де көп еді. Қазір алдымда үш жүз баспа табақтай көлемді қолжазба жатыр. Соның өзін өзіміз әліппедей ғана еңбек деп бағалап отырмыз. Бағзы бабаларымыздан қалған, біз шетін де игермеген қандай алапат ілім жатқанын содан-ақ білуге тиіссіз. Мақсатымыз жыл соңына дейін сол еңбектің төрт томдай боларлық алғашқы бөлімін баспаға дайындап беру» деген жауап алдық.

Бұл еңбек данышпан атасының Қара сөздерінің жұрнағындай да болмасы былай да белгілі. Бірақ басқаның жанын жай таптыра ма, таптырмай ма, мәселе сонда. Тағы бір әдебиетші досымыз айтпақшы, өлеңін жазып, жәй жатса не етер еді? Оған да бір-ақ ауыз сөзбен жауап беруге болады. Тыныштықбектің айналасы тыныш келіп, тыныш кететін атмосфера емес.

Сондықтан ақынға түсіністікпен қарап, оқырманның да бір сәтке трансқа түсуіне мүмкіндік тудыру аса қиын шаруа болмаса керек.

Ал әзірге «Отырған жерімде жыр дәптерім ғана қалды өртенген» дейтін Тыныштықбекті ғана жете білетін сияқтымыз. Егер біреу уақытын бөліп, оның өлеңдеріндегі жын, пері, сайтан, періштелерді санаса, қазір-ақ есептен жаңылар еді. Жоғарыда айтқан жынмен жарысқан күліктей ол да омыраулап, екпінін бір басатын емес. Міне сондықтан да бір өзі бір әдеби ортаға айналып, бір шетте қыруар еңбек тындырып жатыр.

Оның қазіргі шоқтықты кітабы «Бесінші маусым жұпары» атты өлеңдер, толғаулар, балладалар мен поэмалар жинағы екенін оқырман жақсы біледі. Осы кітабын оқысаңыз көптеген тылсым сырлар мен құпия жайттарға қанығасыз. Ол кейде бірі ескі, бірі жаңа екі дәуірде қатар өмір сүріп жатқандай сан қилы әсерге бөлейді. Өзі сөйтіп жазатын «аузынан аспан естілген» балбалтастардың арасында «алған демі кемпірқосаққа айналған» бір дәруіш жүргендей елестейді.

Бәлкім ақыры ақын болған соң осылай бір дәуірден екінші дәуірге көк тәнірінің күлігіндей қарғып өтіп жүру керек шығар. Ондай болу үшін соған лайықты мазмұн болуы керек екенін тіпті айтып жатудың өзі артық. Ол басқа түгілі қара өлеңнің өзін қайталағысы келмей қателікке ұрынып жатса да сөз жауапкершілігін бәрімізден артық біледі. Кей-кейде асыл дініміз туралы асылық айтып жатса да дәл солай деп тура қабылдаудың қажеті жоқ.

Өйткені ол да өзіміздей:

«Жазмышты өңім демен,
түсім демен.
Құр сөзбен қу тірлікті мүсіндемен.
Құбылып кетіп барам Құдай жаққа,
Құпия Жарық Дүние ішінде мен!

Көз алдым – дөңгеленіп шұбар ұғым...
Көрместі көремін бе?
Шүбәлімін.
Білерім:
Өмір – пойыз,
Мен – жолаушы.
Билетім – туған жылғы куәлігім.

Жібермен үрейімді еркіне тым,
Көргенде ажалымның портретін.
Қарыз ем Қара Жерге...
Өтеу қиын!
Сол ғой, сол – қара тәнді өлтіретін!..»

деп те толғайтын өзекті жанның бірі!

Ал оның азаматтық үні де:

«Мен – мәңгілік таусылмайтын
зарықпын,
Бірақ, көзім – хақ киесі жарықтың,
Сен дегенде, Туған Ел!
Айтқан сөзім самалдан да таза тым,
Даладан да жазуым зор жазатын.
Аспаннан да ойым биік,
Тұңғиық,
Алып жүрем өн бойыма мұң құйып,
Сен дегенде Туған Ел!
Серттессем де нажағайлы нөсермен,
Бүкіл әлем күнәларын кешем мен,
Сен дегенде Туған Ел!
Сен дегенде, ардағым,
инелікпін көтеретін,
Құдайдың да салмағын!»

деп өңгелерден ерек естіледі.

Қу маңдайға небір данышпан ақын-жазушылармен бірге ғұмыр кешуді жазбаған екен. Бірақ Тыныштықбек Әбдікәкімұлы сияқты сықырлы сөз иелерімен қатар қалам сілтеу мәртебесі тәлейімізге бұйырып тұр. Ендеше «ол не істеп жатыр, мен не істеп отырмын» деп бір ойланып қоюдың еш әбестігі жоқ деп білдік. Осы көңіл-күйдің әсерімен басқаларға да үлгі болсын деп осы мақаланы жаздық. Әйтпесе қазір өлеңдерінде жын бар, бірақ дым жоқ ақындар екі кештің арасында өріп жүр!

Илон Масктың асқақ арманы ақтала ма?

«Жүйріктің де жүйрігі бар, қазанаты бір бөлек, жігіттің де жігіті бар, азаматы бір бөлек», демеуші ме еді дана халқымыз? Міне, дәл сол айтқандай, АҚШ сынды алпауыт елдің бүгінгі таңдағы ең қалталы мультимиллиардері әрі іскерлік шеберлігі мен шексіз тәуекелге бел байлаған арманшылдығы жағынан алдына жан салмай келе жатқан тарландар шоғырының сырттаны Илон Маск (Elon Musk) туралы қалам тартпау мүмкін емес. Өйткені олай деуге толық негіз бар. Мәселен, қаршадайынан өз қатарының арасынан суырылып шығып, жүзден жүйрік қана емес, мыңнан тұлпар атанған Илон Маск жөнінде жарық көрген дүниелердің ішінде, әсіресе, соны ғылыми инновациялар мен заманауи технологиялар туралы ақпарат таратуды өз нысанасына айналдырған және осы бағытта үнемі қалам тартып жүрген американдық жазушы Эшли Вэнстің (Ashlee Vance): Elon Musk: Tesla, SpaceX, and the Quest for a Fantastic Future (Илон Маск: «Tesla, SpaceX және таңғажайып болашаққа барлау») туындысын ерекше атаудың жөні бар. Себебі бұл кітап алғаш рет 2015 жылы жарық көрген сәтте-ақ ең таңдаулы туындылардың санатына қосылып, өзінің өрелі өзектілігі мен терең тартымдылығының арқасында әлем оқырмандарының назарына бірден іліккен болатын.

Аталған кітаптың авторы, технология саласының кәсіби журналисі Эшли Вэнстің айтуына қарағанда, бұл туындыны жазуға салқынқанды Илон Маск бастапқы кезде ынғайсыз жайға тап болып қалам ба деген оймен бірден келісім бере қоймаған. Алайда, Эшли Вэнс алған бетінен қайтпай, қайсарлық танытып, Маскпен қызметтес екі жүзге тарта адаммен жан-жақты сұхбат жүргізіп, қомақты ақпарат жинап алғанын білген соң жазушыға барынша ықылас таныта бастаған.

«Болар бала...» демекші, 12 жасар Масктың танымалдылығы алғаш рет өзі дүниеге келген Оңтүстік Африкада тұрақты шығып тұратын «Дербес компьютер және кеңсе технологиялары» журналында өзі құрастырған балаларға арналған компьютерлік ойыны жарияланған сәтінен басталғаны байқалады. Ал Масктың компьютерлік ойындармен әуестенуіне британдық қаламгер Дуглас Адамстың The Hitshhiker's Guide to the Galaxy («Автостоппен Галактикаға сапар») фантастикалық шығармасы түрткі болған сыңайлы. Әлгі ойынға қатысты қысқаша аннотациясында Маск былай дейді: «Бұл ойында сіз өзге планеталардан келген ғарыш кемелерін сутегі бомбасымен немесе соғыс жағдайында қолданылатын жойқын сәулелердің күшімен құртуыңыз керек».

Көріп отырғанымыздай, аталған ойынның өзінен-ақ қиялшыл Масктың космосқа деген асқақ арманының құлағы қылтиып тұрғанын байқамау мүмкін емес. Айтпақшы, Масктың бұл тырнақалды туындысы оған 500 доллар гонорар әкеліп, ғарыш әлеміне деген оның құлшынысын бұрынғыдан бетер үдетіп жіберген. Алайда ол заманда Оңтүстік Африкада қалыптасқан апартеидтік жүйе ел ішіндегі саяси ахуалды мүлде шиеленістіріп, ақ нәсілділер мен қара нәсілділердің арасындағы қақтығыстарды жиілетіп жіберген-ді. Бұл дүрбелең Илон Маскты қатты алаңдатып, өз арманының Оңтүстік Африкада орындала қоймайтындығына көзін біржолата жеткізеді. Оның үстіне, өзге елдер тарапынан Оңтүстік Африка мемлекетіне деген теріс көзқарас қалыптасып, әртүрлі санкция жиілеп кеткен-ді. Сондықтан да ендігі жерде Илон Маск Америка Құрама Штаттарына қоныс аударуға түбегейлі шешім қабылдайды. Бірақ ол кезде оңтүстік африкалықтарға АҚШ-қа виза алу өте қиын болатын, есесіне Канадаға бару айтарлықтай жеңіл еді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Илон Маск ең алдымен, Канадаға жету үшін құжаттарын дайындай бастайды, өйткені Канададан АҚШ-қа өту мүмкіндігі үлкен болатын.

Сонымен 17 жасында Илон Маск алдымен Канадаға, сосын Америка Құрама Штаттарына қоныс аударады. Пенсильвания университетіне түсіп, физика және экономика саласы бойынша бакалавриат бағдарламаларын тәмамдап, 1995 жылы Стэнфорд университетіне түсіп, жоғары энергия саласы бойынша докторлық диплом қорғамақ болады. Бірақ екі жыл өткен соң қаражаттан қысылып, оқуын тастап, кәсіпкерлік жолға түсіп, кішігірім интернет-бизнесін қолға алады.

Илон Маск ашқан Zip2 компаниясы, негізінен, кез келген қағаз құжаттың электронды нұсқасын жасаумен айналысатын. Бұл қызметтің түрі кейінірек пайда болған Гугл немесе Яндекс секілді алып ақпарат іздеу жүйелерінің алғашқы нұсқасы десе де әбден болады. Бастапқы кезде бұл қызметтің түрі бизнесаралық қарым-қатынастарды жеңілдету мақсатында кез келген кәсіпкердің кеңсесінің қай жерде орналасқанын ғана емес, сол кеңселерге алып баратын оңтайлы маршруттардың картасын да қоса ұсынатын. Көп ұзамай бұл жоба Маск пен оның әріптестеріне өте үлкен табыс әкеле бастайды. Оңтайлы жағдайды пайдаланып, Маск бұл бизнесін 307 млн долларға сатып жібереді. Ал өзіне тиесілі 22 млн доллар қаражаттың бір бөлігіне жеке ұшақ пен люкс спорт автомобилін сатып алады да, қалған бөлігін жаңадан тамыр алып келе жатқан PayPal деп аталатын бизнес жобаға салып, оның құрылтайшыларының бірі ретінде интернет-банкингпен белсене айналыса бастайды.

PayPal компаниясы болса, тез арада интернет-бизнестің ең тиімді түріне айналып, тұтынушыларға ақшалай төлемдерін электронды пошта жүйесімен жіберуге мүмкіндік беретіндіктен, ең айтулы бизнеске айналып шыға келеді. Сөйтіп, 2002 жылы бұл компанияның капиталы 1,2 млрд долларды құрайды. Жарты жыл өткенде бұл бизнесті айтулы «eBay» компаниясы 4 млрд долларға сатып алады. Өз кезегінде бұл үрдіс Интернет-бизнестің қоғамда өте үлкен сұранысқа ие болып, қысқа мерзім ішінде кәсіпкерліктің мұндай түрімен айналысатындардың саны жүздеген мың адамға жетеді. Ал өз капиталын еселеген Илон Маск болса, осы жетістігімен тоқтап қалған жоқ, керісінше, кәсіпкерліктің өзге түрлерін дамытуға күш салады.

2002 жылы Илон Маск өзінің өмірлік арманы болып табылатын ғарыш сапарларын жетілдіруге бағытталған SpaceX деп аталатын жеке бағдарламасын жариялайды. Ендігі жерде оның алдында космос кеңістігіне тек ғарыш зымырандары мен пайдалы жүктерді ғана емес, экипаждарды да қоса алып шығара алатын ғарыш құрылғыларын жасап шығару міндеті тұрды. Сондықтан да SpaceX жобасына Илон Маск жүздеген млн доллар жұмсады. Алайда 2002 жылы ол банкрот болудың аз-ақ алдында тұрған болатын. Өйткені оның компаниясы ғарышқа ұшырған «Фалькон» зымырандары қатарынан үш рет сәтсіздікке ұшырап, тек төртіншісі ғана орбитаға сәтті көтеріледі. Көп ұзамай Илон Маск АҚШ-тың мемлекеттік ғарыш агенттігінің (NASA) назарына ілігіп, әлгі алпауыт компаниядан инвестиция тартуға қол жеткізеді. Сондай-ақ Халықаралық космос стансасымен (МКС/ISS) де тиімді байланыс орнатып, ғарышқа ауыр жүктер жеткізуге мүмкіндік беретін өте тиімді келісімшартқа қол қояды.

2012 жылы Илон Маск өзінің о бастағы асқақ арманы болып табылатын Марсқа адам қондыру миссиясын орындауға бағытталған ауқымды жоспарының бүге-шігесін жариялай бастайды. Ол мақсатқа қол жеткізу үшін SpaceX ең алдымен ғарыш айлағынан тік ұшып, тік қона алатын, әрі бортына 100-ге жуық адам мен қомақты жүкті де қоса алып кете алатын көлік зымырандарының технологиясын шегіне жеткізе жетілдіруді ең бірінші кезекке қояды. Сонымен қатар бұдан былайғы жерде ешкімге тәуелді болмас үшін, өз компаниясының жекеменшік космодромын салып бітіруді, әрі оны коммерциялық жолға қойып, өзгелерге жалға беріп, пайда табу жағын да назарында ұстайды. Өйткені бұған дейін SpaceX өзінің ғарыш зымырандарын өте қымбатқа түссе де, Флорида штатында орналасқан АҚШ-тың Әскери әуе күштерінің космодромынан ұшырып келген болатын.

Илон Маск қолға алған заманауи кәсіпкерліктің енді бірі – Tesla Motors жобасы. Бұл жобаның түпкі мақсаты – бүгінгі таңдағы адамзатты қоршаған экологиялық ортаны шексіз ластап қана қоймай, сол ортада өмір сүріп жатқан өзге тіршілік иелеріне де, тіпті флораға да алапат қатер төндіріп тұрған тажалдың алдын алу. Бұл тажалдың аты – жер шарында мыңдап саналатын көмір және мұнай өнімдерін пайдаланатын жылу электр стансалары мен миллиондаған автомобильдерден немесе сондай отынды пайдаланатын іріліұсақты сансыз өндіріс орындары мен қалалардың жылу жүйелерінен, кәдімгі үйлердің пештерінен бөлінетін аса улы көмірқышқыл газы. Сондықтан да Илон Масктың Tesla Motors жобасының мақсаты – күллі әлемдегі ауыр және жеңіл автомобильдердің барлығын электр энергиясының қуатымен жүргізуге бейімдеу. Оның үстіне, ғылыми негізге сүйенер болсақ, күллі әлемдегі жылу электр стансаларында көмір мен мұнай және газ арқылы өндірілетін электр энергиясын егер электромобильдер тұтынатын болса, ол қуат көздерінің пайдалы коэффициентінің мөлшері 60 пайызға теңеледі екен. Ал автомобильдер керісінше, тек бензин немесе газ қуатымен жүретін болса, әлгілердің пайдалы коэффициентінің мөлшері небәрі 20 пайызды ғана құрайды екен. Демек, қалған 80 пайызы, іштен жанатын қозғалтқыштардан бөлінетін улы газдарға айналып, күллі экологияны ластайды.

Бүгінгі таңда Tesla Motors компаниясынан мыңдап шығып жатқан Tesla Model S автомобилі жанармаймен жүретін автомобильден артық болмаса, ешбір кем түспейтіні дәлелденіп отыр. Мәселен, Тесла моделі 100 шақырым жылдамдықты небәрі төрт-ақ секундта алады және бұл үлгідегі электромобильдер эргономика тұрғысынан ғана емес, дизайн және қауіпсіздік жағынан да қазба отын түрлерімен жүретін автомобильдерден әлдеқайда ұтымды екені көзге ұрып тұр. Оның үстіне қатардағы Тесла автомобильдері 2006 жылдан бастап нарыққа шықса, бизнес кластағы үлгісі 2012 жылдан сатылымға шыға бастады. Енді, міне, бюджеттік үлгісі де қолжетімді болып отыр.

Электромобильдердің осал жері – электр қуатымен жабдықтайтын стансалардың аздығы. Сондықтан, Илон Масктың алдында тұрған бүгінгі негізгі міндеттердің бірі – ондай стансаларды тек АҚШ-та ғана емес, өзге мемлекеттерде көптеп салу. Сонымен бірге ол 2006 жылы өзімен ағайындас Питер және Линдон Рив дейтін ағалы-інілі жігіттерге күн панельдерін шығарумен қатар, оны таратын және электромобильдерді тоқпен қамтамасыз ететін SolarCity («Күн қаласы») компаниясының негізін қалау жөнінде кеңес беріп, сол бизнесті ұйымдастыруға көмек көрсетіп, әрі өзі сол компанияның директорлар кеңесінің құрамына кіреді. 2008 жылы SolarCity компаниясы тұтынушыларға: «Біз сіздердің үйлеріңіздің шатырына тегін күн» батареяларын қойып береміз, есесіне бұдан соң электр энергиясына жұмсайтын төлемдеріңіздің мөлшері бірден азаяды. Мұны біз бақылап отырамыз», деген үндеу жариялайды. Осы үндеуден кейін күллі американдықтардың шатырлары күн батареяларымен жабдықтала бастайды және олар 2012 жылы ең өтімді тауарға айналып шыға келеді. Илон Масктың болжамынша, 20 жыл ішінде әлемде қолданылатын электр энергиясының басым бөлігі күннің қуатынан алынатын болады.

Иә, Илон Маскпен келісуге де, келіспеуге де болатын шығар. Алайда бір нәрсені мойындауға тура келеді. Электромобильдер XX ғасырдың басында пайда болды, ал күн батареялары сол ғасырдың елуінші жылдары шығарыла бастады. Ал космосқа алғашқы адам 1961 жылы көтерілді. Солай бола тұрғанмен, адамдар жаппай ғарышқа аттанған жоқ. Электромобильді де жаппай сатып алып жатқан жоқ. Күллі үйлер де жаппай күн қуатының есебінен жылытылмайды. Алайда күллі адамзаттың менталитеті өзгере бастағаны даусыз. Ал бұл өзгерістің локомотиві Илон Маск екендігінде ешбір күмән жоқ.

Осы тұста Илон Маск осыншама табысқа қалай жетті деген сұрақ туындайтыны заңды. Ал мұның себебін іздер болсақ, оны да Илон Масктың өзінен табарымыз анық. Өйткені дана халқымыздың бір керемет нақылы былай демеуші ме еді: «Тәуекел түбі – жел қайық, өтесің де кетесің, Қайғы түбі – тұңғиық, батасың да кетесің». Сол айтпақшы, біріншіден, Илон Маск – өте тәуекелшіл тұлға. Екіншіден, өте шыдамды. Үшіншіден, өте сабырлы. Төртіншіден, өте білімді әрі қара жұмыстан қашпайтын, қандай қиын жұмыс болсын өзі кірісіп кететін еңбекқор адам. Бесіншіден, оның тегі жақсы, өте тәрбиелі әрі білімді ортадан шыққан. Бесіншіден, ол өте балажан. Өзінен тараған алты баланы алақанына салып өсірді. Алтыншыдан, оның 28 жасында миллиардер болуы көп нәрседен хабар береді. Өйткені ең алдымен, ол өте, іскер әрі кез келген идеядан бизнес жасай алатын визионер. Жетіншіден, өзі бастаған кәсіпті дөңгелетіп алып кету үшін төңірегіне тек қана білікті, білімді әрі өте тәжірибелі мамандарды ғана тартады. Сегізіншіден, Илон Маск өтіріктен ада, әділетті. Тоғызыншыдан, ол бос сөз айтпайтын әрі уәдесіне өте берік тұлға. Оныншыдан, ол – ақпараттық технологиялармен жете қаруланған ғажап бағдарламашы. Ең бастысы, ол – өзінің қара басының ғана қамын ойлайтын мизантроп емес, керісінше, өз елінің мүддесімен қатар, күллі адамзаттың қамын ойлайтын филантроп тұлға. Сондықтан да оның жолы болғыш, өйткені ол өз байлығын адамзаттың болашағын жақсарту, экологияны тазарту және адам санасын өзгерту үшін аянбай жұмсайды.

Осындайда біздің жастар жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, кезінде отыз жыл ел тізгінін ұстаған Димекең – Дінмұхаммед Қонаев айтпақшы, аспай-саспай, лас жерді баспай өмір сүретін, Илон Маск секілді патриот, іскер, тәуекелшіл және халқымыздың қамын ойлайтын ұлтжанды болып өссе ғой, шіркін, деген асыл арман ойымызға орала беретінін жасырмаймыз.



Коллажды жасаған Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «EQ»

Әділ АХМЕТОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі

Тәуелсіздік жетістіктері талқыланды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», деген еді. Өткен уақытты сараласақ, Тәуелсіздіктің 30 жылында ел тарихында үлкенді-кішілі көптеген жұмыстар атқарылды: экономикамыз қарқынды дамып, әлеуметтік салаларда бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткіздік. Сонымен қатар мәдени-рухани өмірімізде де бірталай өзгеріс орын алды.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Қазақстанның Тәуелсіздігі және рухани-мәдени құндылықтар» тақырыбында өткен халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияда мәдени-рухани саладағы қол жеткен жетістіктер мен орын алған олқылықтар жан-жақты талқыланды.

Конференцияға Филология және көптілді білім беру институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Алуа Таңжарықова модераторлық етті. Жиынды ашқан университет ректоры Дархан Білялов күн тәртібіндегі мәселенің өзектілігіне тоқталды.

Ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүйлейменов Тәуелсіздіктің 30 жылы ел үшін үлкен тарихи кезең болғанын атап көрсетті. «Бірақ бұған дейінгі тарихымыз Ресей империясының солақай саясатына байланысты бұрмаланып келді. Ал өзімізде ол замандарда жылнамашы болмағандықтан, көп нәрсені дәлелдей алмай қалдық. Сондықтан зор мүмкіндік туып тұрған қазіргі таңда тарихымызды түгендеуіміз керек», деді ақын. Сонымен қатар «Семей-Невада» антиядролық қозғалысы арқылы Семей жеріндегі ядролық сынақтар тоқтатылып, полигонның жабылуы да Тәуелсіздік тарихының жарқын беттері екенін айтты.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров Олжас Сүлейменовтің ойларын жалғастыра келе, ел тарихының әлі күнге жалтақтап отырғанына өкініш білдірді. «Өзіміз істеген зор істерді өзіміз айта алмасақ, кім айтады? Қазақ қазақ болғалы мың жылдан асты. Тарихы түзу елдің еңсесі де биік болады», деді ұшқыш.

Сондай-ақ Қазақстанның Румыниядағы Төтенше және өкілетті елшісі Нұрбах Рүстемов ел Тәуелсіздігі жылдарындағы Қазақстанның халықаралық қатынастардағы табыстары туралы айтты. Ал М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжанов отыз жылдағы қазақ әдебиетінің даму тендецияларына тоқталды.

Ауқымды іс-шараға Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, Қ.Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университетінің ректоры Асқар Иманбаев, Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасының арнайы жобалар қызметінің басшысы Ерсұлтан Бектұрғанов, Моңғолия-Қазақстан достығы және ынтымақтастық одағының төрағасы Бәкей Ағыпарұлы, Корея Республикасының Қазақстандағы елшілігі жанындағы Білім беру орталығының директоры Ким Тэхван, Еуразия экономикалық комиссиясының Энергетика және инфрақұрылым жөніндегі алқа мүшесі Тайыр Мансұров, Халықаралық «ТҮРКСОЙ» Түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов қатысып, Тәуелсіздіктің 30 жылы елдің мәдени-рухани дамуының айтулы кезеңі болғанын атап өтті.

Кенжеғали МЫРЖЫҚБАЙ:

Шыңғыстаудан Маңғыстауға, Өскеменнен Қаскелеңге дейін аралап ән салдым

– Көп адам өнерге құштарлығын туған жерімен байланыстырып жатады. Сіздің бұл жолды таңдауыңызға не себеп болды?

– Ұлылар мекені, қасиетті Абай мен Шәкәрімнің елінде Саржал деген ауыл бар. Тура полигонның іргесінде орналасқан. Тып-тыныш мүлгіген сайын даланың, Дегелең тауының түбінен кенет дүрс еткен алапат үн шығады. Жер беті әлем тапырақтанып, тітіркеніп кетеді. Далада бейқам жайылған мал біткен жойқын жарылыстан оқыс ыршиды. Іле-шала көк аспанның жүзі сұрланып, алып «саңырауқұлақ» пайда болады. Бұл кесапаттың залалын жете сезінбей, әлгі көріністі өзімізше қызықтап, ұзақ қараймыз. Жарылыс орын алған төңіректі көруге асығамыз. Үлкен ойылған шұңқырлар мөлдіреп суға толып жатады. Біз мұны көлге балап, күмп береміз. Жақын орналасқан ауылымның адамдары уақыт өте келе соның ащы зардабын тартты. Қаншама туған-туысымыз жарық дүниемен ерте қош айтысты.

Сол жерде мектеп бітірдім. Бала күнімнен спортқа жақын болдым. Бәйгеге көп шаптым. Ауылда радиодан естіген атақты әншілердің әндерін құлағыма құйып алатынмын. Газет-журналдың келуін сарыла күтеміз. Өнерге деген қызығушылығыма соның бәрі әсер етті. Ауылда көркемөнерпаздар үйірмесі бар болатын. Соның құрамында домбыра тартып, ән салдым. Көптеген спорттық жарысқа қатыстым. Өнерге құштарлығымнан Семейдегі М.Төлебаев атындағы музыкалық училищесіне оқуға түсіп, консерваторияға келдім. Алматыда Бекен Жылысбаев, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Роза Жаманова сияқты хас шеберлердің даусына қанығып, мұнан да биік белесті бағындыруға ұмтылдым. Ол кезде Италияға, Францияға барып оқу – қиял қанаты жетпес арман. Содан Мәскеу мен Ленинградта оқысам деп армандадым. Н.А.Римский-Корсаков атындағы Ленинград консерваториясының вокал-хор факультетін опера әншісі, концерттік әнші, педагог мамандығы бойынша 1981 жылы бітіріп келдім. Көркемдік кеңестің тыңдауынан сүрінбей өтіп, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрына қабылдандым. Тамыз айында Сыдық Мұхамеджановтың (либреттосын жазған Ғабит Мүсірепов) «Ақан сері – Ақтоқты» қойылымына дайындық жүріп жатыр екен. Білікті мамандар жас әншінің деңгейін байқап көрмекке Ақан серіні сомдауды маған жүктеді. Нариман Қаражігітов, Сұлтан Байсұлтанов сияқты тенорлармен шығармашылық бәсекелесу жас әншіге аз сынақ емес еді. «Театр табалдырығын аттамай жатып мынадай үлкен рөлді қалай сеніп тапсырды?» деп сыртымнан күңкілдегендер, «Өзіміз жолымызды әуелі «Абай» операсындағы Көкбайдан бастағанбыз» дегендер табылды. Дирижер Валерий Руттер, режиссер Бәйтен Омаров, хормейстер Базарғали Жамбаевпен Құдайдың құтты күні дайындық жасадық. Содан жемежемге келгенде көркемдік кеңес тыңдап, біздің құрамды бекітті. Сөйтіп Х.Қалиламбекова екеуміз «Ақан сері – Ақтоқты» операсында Ақан сері, Ақтоқты болып сахнаға шықтық. Ғабеңнің, Ғабит Мүсіреповтің сұрауы бойынша «Қыз Жібекте» Төлегенді ойнадым. Қыз Жібекті сомдаған Нұржамал Үсенбаева ол кезде бесінші курста оқитын. С.Мұхамеджановтың «Жұмбақ қыз» лиро-эпикалық операсында драмалық тенордың даусына лайық ауыр партия бар. Осы партияны Нариман Қаражігітов, Амангелді Сембиннен кейін мен орындадым. Ақан сері, Біржан сал, Айдар, Төлегенге қоса Ленскийді («Евгений Онегин»), Лыковты («Патша қалыңдығы»), тағы басқа да көптеген партияны сомдадым. Сахнадағы он жыл жинаған тәжірибем ескерусіз қалған жоқ. 1991 жылы Елбасының қолынан Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын алдым.

– Сол жылдар тағы несімен есіңізде қалды?

– 1991 жылы көпшілікке жеке концертімді ұсындым. Асқар Тоқпанов, Әсет Бейсеуов, Нұрғиса Тілендиев, Ілия Жақанов, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Өмірзақ Айтбаев сияқты мәдениет пен әдебиеттің майталмандары, мемлекет қайраткерлері Советхан Нұрпейісов, Сиязбек Мұқашевтар келіп тамашалады. Телевидениеге түсірді, халық жақсы қабылдады. Өңірлерден өтініштер келіп түсе бастады.

– Жеке концертін өткізетін опера әншілері некен-саяқ. Сахнада ән салумен қатар әрі жүргізушінің рөлін атқару өте сирек құбылыс. Осы екеуін қатар алып шығудың қиындығы неде?

– Кей әріптестерім кешті өзіңіз жүргізесіз, өзіңіз орындайсыз, деп таңғалады. Өйткені операда ария, ариоза ансамбльдерін орындап біткен әншінің сәл дамылдап, дауысын түзеп алуына мүмкіндігі бар. Ең күрделі деген операдағы сомдалатын партия әрі кетсе қырық минуттық. Ал концерттік бағдарламаның күрделілігі – екі сағат үзіліссіз орындайсыз. Әр автордың стиль ерекшелігі деген тағы бар. Мысалы, бір композитордың ғана шығармаларын шырқау онша қиын соқпауы мүмкін, ал енді бір концертте ән, романс, халық әні, эстраданы қатар орындау әншіге көп еңбектенуді, ізденісті, психологиялық дайындықты талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде, концерт әншісінің бәсі бәрінен биік тұр. Атақты Мүсілім Магомаев Италияда білім алған әнші. Бірақ өмір бақи Үлкен театрда қалуды мақсат тұтпады. Сөйтіп концерт әншісі ретінде өнер көрсетті. Мұнан оның өнеріне халықтың сүйіспеншілігі кеміп қалған жоқ. Қайта тарихта аты қалды.

– Ақмолаға гастрольдік сапармен келуіңіз өміріңіз бен өнеріңізге нендей өзгерістер алып келгенін айтып берсеңіз.

–1996 жылы 18 мамырда Конгресс-холлда (бұрынғы Тың игерушілер сарайы) өткен жеке концертімді қазір көз алдыма елестетсем, алабөтен күй кешемін. Қала тұрғындарының дені – өзге ұлт өкілдері. Орындайтын әндерімнің көбі – қазақ әндері. Содан аяқастынан бағдарламаны қайтадан өзгертуге тура келді. Украин, поляк, орыс әндерін қостым. Ақмоланың бір-екі ауданын араладым. Осы сапар барысында сыйлас ағамыз Амангелді Құсайыновқа сәлем бере кету үшін Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогикалық институтының бірігуі негізінде Еуразия университеті атауына ие болып жатқан жаңа оқу орнына бас сұқтым. Ректормен болған әңгімеміздің ауаны бірден астанамыздың болашағына қарай ойысқанда: «Қазақтың болашағы астанасымен ғана жарқын. Маған сен сияқты өнер адамдары керек. Осында көшіп кел!» деп төтесінен бір-ақ қойды. Мен аңтарылып қалдым. «Жалғыз өзім келгенде қолымнан не келеді? Басқа әріптестеріме де осы ұсынысыңызды жеткізсем бола ма?» деп сұрадым. Ол кісі келісімін берді. Бірақ өкінішке қарай, қолқа салған әріптестерім көнбей қойды. Ақмоланың тез арада астана болып қалыптасып кететініне күмән келтірді.

– Елордалық филармония ашып, ұлт-аспаптар оркестрін құруға атсалысқан еңбегіңіз өз алдына бір төбе емес пе?

– Еуразия университетінде бір жыл қызмет істедім. Одан кейін филармония ашылды. Сол кездегі «Целинный» кинотеатры ғимараты берілді. Бір жыл бойы күрделі жөндеуден өткізіп, сахнасын, дайындық бөлмелерін әзірлеп, әні-міне кіреміз деп отырғанда жаңа жайымызды тартып алып, көңіліміз аяқастынан су сепкендей басылды. Кейін оған боулинг, мейрамхана, казино жайғасқанын естігенде, еңбегіміздің еш кеткеніне өкіндік.



1997 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Жәнібек Кәрібжанов Ақмола облысына әкім болып тағайындалды. Сол уақытта «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген жанайқайымды оқыған әкім ағамыз мені филармония директоры қызметіне шақырды. Алдымызда астананы қазақыландыру, жергілікті музыканттарды тарту міндеті тұрды. Өңірлерден мамандар тарттық. Павлодардан дирижерлікке Мырзағали Айдаболов ағамызды алдырдық. Сөйтіп құрамы 60 адамнан тұратын ұлт-аспаптар оркестрінің негізін қаладық. Салтанатты ашылуы 1998 жылы сәуірде Жастар сарайында өтті. Сол жылы Музыка академиясында ән салу кафедрасы ашылып, ректоры Айман Мұсақожаеваның шақыруымен сонда бардым. Мұнда 2007 жылға дейін кафедра меңгерушісі қызметін атқардым. Көптеген шәкірт даярлап, профессор атандым. Одан кейін Шығыс Қазақстан облысы Мәдениет басқармасында бес жыл қызмет істедім. 2012 жылы Еуразия университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың шақыруымен астанаға қайта оралып, «Қәусар» мәдени-танымдық бірлестігін құруға атсалыстық.

– Абай әндерін қай уақыттан бері насихаттап келесіз?

– Әлемнің 18 мемлекетінде өнер көрсеттім. Сол секілді Шығыстаудан Маңғыстауға, Өскеменнен Қаскелеңге дейін аралап ән салдым. Концерттік бағдарламаларым «Астанаға әншашу», «Ғабең және музыка», «Я встретил Вас», «Көктем сезім» деген атпен өтті. Сала-сала бойынша мұндай сегіз концертім бар екен. 2006 жыл Ресейде Абай жылы, Қазақстанда Пушкин жылы болып белгіленді. Соған байланысты министрлік бұл сапарға лайық өнер адамын іздестірді. Сол тұста менің «Абай-Пушкин» жобам министрдің көзіне шалынып, концертімді өзі келіп тамашалады. Сөйтіп сол жылы Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларынан бастап, Ресейдің Астрахань, Орынбор, Самара, Омбы, Томск, Барнаул, Новосібір сияқты бірнеше өңіріне жолымыз түсті. Бір айға жуық Ресейді аралап, он бес концерт бердім.

Абай әндерін насихаттау мақсатымен 1994-1995 жылдары Қырғызстанға, Өзбекстанға, Украинаға, Ресейге, Түркияға, Иран мен Мысырға гастрольдік сапармен бардым. Алматыда тек қана Абай әндерінен тұратын жеке концертім өтті. Ұлы ақынның 160-170 жылдық тойларына арнаған ән тартуларым тағы бар. Сондағы таспаларым сақтаулы. Концерттік бағдарламамды сапарыма қарай біраз өзгертіп, толықтырып отырдым. Түркия, Франция, Польша, Германия, Румыния елдерінде өнер көрсеттім. Былтыр Арменияға барып қайттық. Абайды түркі әлеміне кеңінен насихаттау мақсатымен Түркиядағы іс-шараға қатыстым.

– Концерттік бағдарламаңызда Абайдың қанша әні бар?

– Абайдың өзінің әндері мен ақын сөзіне қазақ композиторлары жазған шығармаларды қоса есептегенде, бас-аягы 25 ән бар. Ал «Пушкин-Абай» бағдарламасында Пушкиннен – 12, ал Абайдан 13 ән орындап, кешті өзім жүргізем. Былтыр ақынның 175 жылдығына орай Абай әндері мен ақын өлеңдеріне жазылған қазақ композиторларының вокалдық шығармаларын Абай ТВ арнасы түгел жазып алды. Ұлы ақынды әспеттеу әлі де жалғасын табуда.

– Әншілердің жүрегі дауалай бермейтін ақын өлеңдеріне жазылған қандай үлкен шығармалар бар?

– Алғаш Б.Жылысбаев ағамыз орындаған М.Маңғытаевтың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», М.Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» романстарын орындауға кез келген әнші тәуекел ете бермейді. Ақын өлеңдеріне жазылған С.Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», Н.Тілендиев ағамыздың кең диапазонды «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» романстары да өте сирек орындалады. Т.Шапайдың «Есіңде бар ма жас күнің» әні мен М.Ыбыраевтың «Қансонарда» желдірмесін алғаш рет мен орындадым. Ал Абайдың өзінің «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қаламқас», «Сегіз аяқ» әндерін рояльге түсіріп айттым. Неміс ақыны Гетенің өлеңін Лермонтов «Горные вершины» деп тәржімаласа, мұны Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» деп аударып, музыка жазды. Германияға барған сапарымда сүйемелдеусіз мен осы әннің бір шумағын немісше, бір шумағын орысша, сосын қазақша орындадым.

– Қазақ ұлттық операсы қазір қай деңгейде деп ойлайсыз?

– Бұрын опера әншілері танымал тұлға саналатын. Жұртқа Е.Серкебаев, Р.Жаманова, Б.Төлегенова, Ш.Үмбетәлиев, Х.Есімов, Х.Қалиламбекова, Ә.Дінішев сияқты опера саңлақтарының сахнадағы өнерін тамашалау арман болатын. Бүгінде сондай қызығушылық аса аңғарыла қоймайды. Ұлттық қойылымдар там-тұм. «Абай», «Біржан-Сара», «Қыз Жібек»... осымен тәмам. Оның өзінде осы спектакльдерді кейін сырттан келген өзге ұлт өкілдерінің қойып жатқаны қынжылтпай қоймайды. Тарихи дүниелерді олар қалай түсінеді? Мысалы, С.Мұхамеджановтың үш операсы бар. Бірақ қойылмайды. Неге? Драма театрларында режиссерлер бар да, ал операда кәсіби маман жоқтың қасы. Либретто жазатындар мүлдем жоқ. Дирижерлер бар-ау, бірақ дені Батысқа еліктейді. Кей әншілер тілін шайнап, қазақшаны бұзып орындап тұрады. Баяғыда опера, балет жазатындарға министрліктен әжептәуір қаржы бөлінетін. Қазір у-шу мен шоу-бизнес алға озып тұр. «Қаламқас» пен «Ақбақайды» қыздар шырқап кетті. Дауыс диапазоны демі жетпей тұрған тұста мелизм, форшлаг қосып бұзып айтады. А.Жұбановтың «Қарлығаш» әнінің қайырмасындағы «Аха-ау» дейтін тұсын тастап, өздерінің мәнеріне салып орындаушылар пайда болды. Жаңа әндерді бұрмалағанына көнерсің, ал бірақ классикалық әндерді өйтуге болмайды.

Операдағы кәсіби әншілер тасада қалып қойып жатыр. Не насихат, не жарнамасын көзіңіз шалмайды. Сол себепті мен өзімнің шәкірттерімді: «Неге жеке концерттеріңмен сахнаға шықпайсыңдар? Бұлай қашанғы жүре бересіңдер?» деп жиі қамшылап тұрамын. Әттең, бірақ әлі сол қалпы, өзгеріс байқалмайды. Мен кезінде Ленинградта Борис Штоколов, Владимир Атлантов, Елена Образцова, Ирина Богачева сияқты саңлақтардың операмен қабат концерттік жиындарда да жанып тұрып өнер көрсеткеніне куә болдым. Опера әншісі қазақ әндерін шырқамасын деген қатып қалған заң жоқ. Кейбірінің қазақ композиторларына мұрын шүйіріп, менсінбей тұратынын ішім сезеді.

Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова ханым фонограмманы тоқтатса, осы бір-ақ ісімен тарихта аты қалар еді.

– Опера бұрындары Мәскеу мен Санкт-Петербург мектебінен өту үлкен жетістік саналатын. Қазір де солай ма?

– Қазіргілер италиялық бағытқа көбірек жүгінеді. Баяғыда Е.Серкебаевтың, Б.Жылысбаевтың, ағайынды Абдуллиндердің, Р.Жамановаңың, Б.Төлегеноваңың, Н.Қаражігітов пен Ғ.Есімовтердің даусын бір-бірінен оңай ажырататын едік. Өйткені өзіндік үні, дауыс тембрі бір-біріне ұқсамайтын. Сонысымен жан баурайтын, сүйсінтетін. Ал қазір дауыстардың көбі инкубатордан шыққан сияқты бір-бірінен аумайды. Жаппай Италия мәнерін игереміз деп жанталасады. Франция, Германия, Италия театрларында өнер көрсетіп жүр дегендей. Бірақ жеке өзінің үні болмаған әнші сахнаға жұтылады. Айналып келгенде, мұның зардабын қазақ ұлттық опера өнері тартады... Бізде қаншама оратория, кантата ескерусіз жатыр. Мысалы, С.Мұхамеджановтың сегіз бөлімнен тұратын «Ғасырлар үні» деген ірі ораториясы бар. Сонау «ақ табан шұбырындыдан» бастап, тәуелсіздік алғанға дейінгі аралықты суреттейді. Хор, оркестр, солистер қатысады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығында осы дүниені неге қайта тірілтпеске деген ой келеді. «Есілдің бойына ел қондырған» қазақтың қазіргі күйімен байланыстырып, түпнұсқа туындыға нұқсан келтірмейтіндей сипатта әрі қарай жаңаша өрбітетін композиторға тапсырса, ғаламат жаңалық болмай ма?! Алғаш мұны Р. Абдуллин, Б.Досымжанов, Б.Төлегенова одан кейін Х.Қалиламбекова екеуміз орындадық. Бір сағаттық алапат оратория сонымен ұмыт қалғандай.

– Қазақ ұлттық опера өнерін басқа халықтар қалай қабылдайды?

– Біз мысалы, 1986 жылы «Біржан-Сара» операсын Германия жұртшылығына апарып көрсеттік. Әй, сондағы немістердің тамсанғаны-ай! Драматургиясы қандай десеңші? Мұнан асқан классика бар ма?! Немістер: «Шіркін, мына спектакльді неміс тіліне аударып қойса ғой» деді. Ал біз шетелге гастрольдік сапарға шыға қалсақ, шетелдің классикасын апарамыз. Бұл оларға таңсық дүние емес. Вердиді, Шекспирді олар бізден жақсы біледі. Сондықтан ұлттық операны көбірек насихаттауымыз керек. «Біржан-Сарада» музыка десең музыка, би десең би, ән десең ән, айтыс өнеріне дейін бар. Құдай-ау, мұндай бай құндылық қай елде бар! Музыкасы, ариясы, ансамбльдері қандай ғажап! Соны неге мысалы, Татарстан театры татарша, башқұрттар өз тіліне аударып қоймасқа. «Біржан-Сараның» орысша нұсқасы радиода сақтаулы көрінеді. 70-жылдары таспаға басылып алынған болса керек. Ғажабы, мұны орыс тілінде Ресейдің әншілері орындаған. Осы туралы алғаш өнер зерттеуші Жарқын Шәкәрімнің өз аузынан естідім. Әміренің даусын тауып әкелген сапарында сондай тамаша дүниені Ресей қорынан көзі шалыпты. Біз П.Чайковскийдің «Қарғаның мәткесін» қойып жатқанда, қазақтың төл операсы неге Ресей театрында сахналанбауы керек?! Кеңес уақытында Вердидің, Пуччинидің шығармалары түгел орыс тілінде орындалатын. Бүгінде әр туынды өзінің төл тілінде жеткізіліп жүр. Сол сияқты Италия театрларына да: «Біз Дж.Вердидің «Риголеттасын» сахналаймыз, ал сіздер «Біржан-Сараны» италиян тілінде қойыңыздар» деп, екі жаққа бірдей тиімді ортақ келісімдерге қол жеткізілсе, керемет емес пе? Өз басым Е.Рахмадиевтің симфониялық күйлері – «Дайрабайы» мен «Құдашадуманын» естігенде шетелдік көрермендердің орындарынан тік тұрып, құрмет көрсеткеніне куә болғанмын. Өйткені онда ұлттық нақыш пен ұлттық рух бар!

– Қазақ композиторларынан кімдермен тығыз шығармашылық байланыстасыз?

– Өкінішке қарай, кәсіби классик композиторларымыз А.Жұбанов, М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, М.Маңғытаев, тіпті Ә.Бейсеуовтің өзі ұмытылып бара жатыр. Алдыңғы буыннан көзі тірі арамызда жүрген Ілия Жақанов ағамыздың 15 шығармасын білемін. Биыл композитордың 85 жылдығы. Осының құрметіне биыл Атырауға барып қайту жоспарымызда бар. «Қәусарда» шығармашылық кездесуін өткіздік. Мен ол кісінің кең тараған «Әсел», «Даниярдың әні», «Балқантау», «Жайлаукөл кештері», «Еділ мен Жайық» әндерін орындадым, ал композитор әр әннің шығу тарихын баяндап берді.

– Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Қәусар» мәдени-танымдық бірлестігіне сіңірген еңбегіңіз ұшан-теңіз. Осы түсірілімдерді көпшілік көрерменге телеарналар арқылы халыққа жеткізу ойларыңызда бар ма?

– «Қәусар» бірлестігі 2012 жылы құрылды. Содан бері қаншама танымал тұлғалармен, қаламгерлермен, ғалымдармен кездесу өткіздік. Е.Рахмадиев, І.Жақанов, К.Салықов, С.Қасқабасов, Н.Оразалин... бәрін түгел тізіп айту мүмкін емес. Симфониялық оркестр, Аюхановтың балеті, 40 жылдан астам тарихы бар «Қаламқас» ән-би ансамблі бізде қонақта болды. Жастарға эстетикалық тәрбие беру үшін бірлестік өте көп жұмыс істеп жатыр. Бір әттеген-айы, бұл түсірілімдерді телеарнаның форматына сәйкес келмеуі себепті көпшілік көрерменге тарата алмай отырмыз. Бірақ алдағы уақытта жеке альбом етіп басып шығару ниетіміз бар.

– Жалпы, сахналық қалпыңызды, даусыңызды бұзбай сақтап қалуыңыздың сыры неде?

– Болмашы нәрселерге бола көңіл күйіңді бұзбау, саламатты өмір салтын сақтау, дұрыс тамақтану, уақтылы ұйықтап, тыныңу, күйзеліске түспеу, ашуға берілмеу – осының бәрі түрсипатыңа, даусыңа әсер етеді. Сондықтан концерт болатын күні ешкіммен сөйлеспеуге тырысамын. Өйткені тенор өте нәзік лирикалық дауысқа жатады, кез келген нәрсеге әсерленеді, ұсақ-түйек кейістіктің өзіне жаны тез жараланады. Мұны айтып отырғандағы ойым, қазір сахна мәдениеті дегенге көп адам мән бермейтін сияқты.

Әңгімелескен
Қарашаш ТОҚСАНБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

16 мықты анықталды

Сәрсенбіден бейсенбіге қараған түні футболдан Еуропа біріншілігінің топтық турнирдегі соңғы сайыстары өтті. Севильяда Словакия мен Испания күш сынасса, Санкт-Петербургте Швеция мен Польша шеберлік байқасты. Осы матчтар аяқталғаннан соң Германия мен Мажарстан және Португалия мен Франция арасындағы тартысты тамашаладық. Бір кереметі, бұл бәсекелердің барлығы да ірі есеппен аяқталды.

Ғалым СҰЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Севильдағы матчтың 12-минутында Словакияның қақпасына пенальти белгіленді. 11 метрлік нүктеге Альваро Мората келді. Мадридтің «Атлетико» клубының шабуылшысы бағыттаған допты Мартин Дубравка кері қайтарды. Бір сәтте асқан шеберлігімен төрткүл дүниені тамсандырған ол арада біраз уақыт өткенде өз жанкүйерлерін жерге қаратты. Дубравка әуелеп келіп, маңдайшаға тиген допты алаңның сыртына шығарамын деп өз қақпасына соғып алды. Сол жағдайдан кейін-ақ словакиялықтардың салы суға кетті. Матч аяқталғанға дейін олар алаң иелерінің екпініне шыдас бере алмады. Лайықты қарсылық көрсету былай тұрсын, Штефан Тарковичтің шәкірттері бірде-бір қауіпті шабуыл ұйымдастыра алмай, әбден әбігерге түсті.

Ал Пиреней түбегінің түлектері керісінше, жасыл алаңда еркін ойқастап, ойларына келгенін істеді. Бірінші кезеңнің соңғы секундында Эмерик Ляпорт мергендік танытса, үзілістен кейін Пабло Сарабия мен Пау Торрестің тепкен доптары торда тулады. Ол аз десеңіздер, Юрай Куцка тағы бір автоголдың авторы атанды. Нәтижесінде, Испания құрамасы 5:0 есебімен Словакияның тасталқанын шығарды.

Швеция мен Польша құрамалары арасындағы кездесу басталған бетте Эмиль Форсберг өз командасын алға шығарды. 59-минутта дәл сол ойыншы екінші голды салғанда Скандинавия түбегінен келген сайыпқырандардың бұл бәсекені өз пайдасына шешетініне ешкімнің күмәні болмады. Бірақ поляктар да аянып қалмады. 61 және 84-минуттарда Роберт Левандовский нысананы қатарынан екі рет дәл көздеп, өз жанкүйерлерінің кеудесінде үміт отын маздатты. Десек те 90+3 минутта тәжірибелі Виктор Клаэссонның алымдылығы мен алғырлығының арқасында шведтер аса маңызды матчта жеңіске жетті. Есеп – 3:2.

Мюнхендегі «Алльянс Аренада» өткен матчта тосын нәтиже тіркелуге шақ қалды. Бірінші таймның басында Адам Салай есеп ашты. Таразы басын теңестіру үшін немістерге бақандай 55 минут қажет болды. Десек те Кай Хаверцтің соққан добына жергілікті жанкүйерлер қуанып та үлгермеді. Арада екі минут өтпей жатып Андраш Шафер Мажарстан құрамасын қайта алға шығарды. Егер де осы есеп сақталса, Германияның футболшылары плей-оффтан тыс қалатын еді. Ал бұл дегеніңіз сенсацияның «көкесі». Бірақ әупірімдеп жүріп, Йоахим Лёв баптаған команда көздеген мақсатына қол жеткізді. 84-минутта Леон Горецка немістерді бұл масқарадан құтқарды. Есеп – 2:2.

Франция мен Португалия құрамалары да дәл сондай есеппен тарасты. Бұл матчта үш доп пенальтиден кірді. Екеуін Криштиану Роналду (30 және 60-минуттар) соқса, біреуін Карим Бензема (45-минут) салды. Сондай-ақ тағы бір голды дәл сол Бензама өз еншісіне жазды. 2:2 есебі екі команданы да қанағаттандырды. Осы орайда Португалия құрамасының жұлдызы Криштиану әлем және Еуропа чемпионаттарында соққан голдарын 21-ге жеткізді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар ұлттық команда сапында Роналду 109 рет нысананы дәл көздеп, Иранның сұрмергені Әли Деайдың нәтижесін қайталады.

Сөйтіп плей-офф додасына жолдама алған 16 мықты анықталды. Енді 1/8 финалдық бәсекеде мына командалар өзара күш сынасады: Уэльс – Дания (26 маусым, Амстердам), Италия – Аустрия (27 маусым, Лондон), Нидерланд – Чехия (27 маусым, Будапешт), Бельгия – Португалия (28 маусым, Севилья), Хорватия – Испания (28 маусым, Копенгаген), Франция – Швейцария (29 маусым, Бухарест), Англия – Германия (29 маусым, Лондон) және Швеция – Украина (30 маусым, Глазго).

ФУТБОЛ

«Тобыл» топ бастады

Екі күнге жалғасқан футболдан Қазақстан чемпионатының 16-тур ойындары өз мәресіне жетті. Екінші жарыс күнінде қалған төрт матч ойналды.

Қызылордаға қонаққа барған Қостанайдың «Тобылы» жергілікті «Қайсар» клубын 1:3 есебімен ұтып, маңызды үш ұпайына қол жеткізді. Осы нәтижеден кейін былтырғы чемпионаттың вице-чемпиондары 38 ұпаймен турнир кестесінде көш бастады. Ал бұған дейін бірінші орында келген елорданың «Астана» клубы бір күн бұрынғы бәсекеде өз алаңында «Ордабасыдан» жеңіліп, үш ұпайдан қағылған болатын. Дегенмен елордалықтардың қоржынында да 38 ұпай бар. Бірақ жеке көрсеткіштер бойынша «Тобыл» алға шығып алды.

Ал турнир кестесінде «Тобыл» мен «Астананы» өкшелеп келе жатқан Алматының «Қайраты» Орталық стадионда Ақтаудың «Каспий» клубын ірі есеппен тас-талқанын шығарды – 5:1. Осы чемпионаттағы тоғызыншы жеңісіне қол жеткізген «Қайрат» 33 ұпаймен үшінші орында келеді. Алматылық ұжым топ басындағы командалардан небәрі 5 ұпайға ғана қалып тұр. Қалған екі ойында «Жетісу» «Атыраудан» 1:2 есебімен жеңілсе, «Тараз» өз алаңында «Тұранмен» ұпай бөлісті – 1:1. 18-тур ойындары 27-28 маусым күндері өтеді.

ЖӘДІГЕР

Өзбекәлінің өткір қайшысы



Елордадағы Ұлттық музей қорында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің аңыз болған өткір қайшысы мен бәкісі сақталған.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Аталған екі жәдігерді мұражайға 2015 жылы Алматыда «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы аясында ардақты азаматтың немересі Азель Бауыржанқызы тапсырыпты.

Қайраткердің «өткір қайшысы» туралы ол кісінің қарамағында істеген немесе шәкірті болған азаматтар «жыр» қылып айтады. Ағамыз алдына келген кез келген мәтіннен қате көрсе немесе ұнатпаса дәл осы қайшымен қырқып тастайды екен. Бұл жайында белгілі ғалым, әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек «Бас музейші» атты мақаласында әсерлі баяндайды. «Музей ісінде экспозициялық жоспар жасалады. Әдетте, Өзекең жасақталып жатқан музей қызметкерлерін сенбі не жексенбіге шақыратын. Шақырған уақытында барамыз. Жазғанымызды алдына қоямыз. Ол кісі шимайлай бастайды. Біздің бастапқы жазуымыздан тамтық та қалмайды. Бізді қойшы, қызды-қыздымен өзі жазған беттерді де қайта шимайлауға кіріседі. «Өзімен бірге жасасып келе жатқан» (М.Жолдасбеков) ұзын қайшысы болады. Сонымен әлгі жазылған парақ-парақ жазуларды қырқады, желімдейді, машинкаға береді. Тасқа басылып, қайта оралып келген мәтінді қайта жөндейді. «Апыр-ай, бұл кісі де шаршай ма екен?» деп ойлайтынбыз әрі-беріден соң…» деп жазады Құлбек аға.

МЕРЕЙ

Соғыс тақырыбы сыйлық алды



Әлемдік аренадағы беделді әдеби сыйлықтардың бірі – Халықаралық Букер сыйлығы. Бұл марапаттың биылғы жүлдесі француз жазушысы Дэвид Диопқа бұйырды. Британдық тәуелсіз Pushkin Press баспаүйінен басылған «Жан бауырым» (Frère d'âme) романы қазылар алқасын таңғалдырған деседі. Айта кетейік, жеңімпаз есімін Ковентри соборында өткен салтанатты рәсімде қазылар алқасының төрағасы, британдық жазушы Люси Хьюз-Халлетт жария еткен еді.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Мұндай үлкен әдеби сыйлықтардың қазақ қоғамына даңқы мен дақпырты жеткені болмаса, қаламгерлеріміз қатысып, жүлделі болып жатқан жоқ. Дегенмен, әлемдік кеңістіктегі атаулы сыйлықтарды қандай тақырыптағы шығармалар алып жатқаны қызық. Мәселен, ақын-жазушы Анна Московакис француз тілінен ағылшыншаға аударған (күні кеше ғана Халықаралық Букер сыйлығын алған) кітапта Дэвид Диоп Бірінші дүниежүзілік соғыс және отаршылдық кезеңдері туралы баяндайды. Демек, соғыс тақырыбы әлі де жазылып жатыр һәм марапатқа да лайық. Ал қазіргі қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбын қаузап жүрген қаламгерлер бар ма?.. Әлқисса.

Кітаптың басты кейіпкері Францияның бұрынғы африкалық колонияларынан келген көптеген иммигрант сияқты француздар қатарында ұрыс жүргізетін сенегалдық сарбаз. Диоптың өзі де Парижде туған, бірақ балалық шағын Сенегалда өткізген соң Францияға оралған. «Жан бауырым» – 55 жастағы жазушының екінші кітабы. Роман 2018 жылы жарық көрген еді.

«Бұл – соғыс, махаббат пен ессіздік туралы керемет әсер қалдыратын күші бар шығарма. Басты кейіпкерге сиқырмен айналысты деген айып тағылып, ондағы әңгіменің өрбуі мен оқырманға жеңіл баяндалуы назарымызды ерекше аударды», дейді қазылар алқасы.

Айта кетейік, 1969 жылы негізі қаланған және бұрынғы Британ Достастығы елдерінің жазушыларына жыл сайын берілетін Букер сыйлығынан айырмашылығы – ол 2004 жылы құрылып, 2016 жылға дейін екі жылда бір рет тағайындалып келген. Енді жыл сайын әдебиеттегі жетістіктері үшін қаламгерлерге беріледі. Ағылшын тіліне аударылған және Ұлыбританияда немесе Ирландияда басылған кез келген кітаптың авторы жеңімпаз бола алады. Сыйлыққа қоса 50 000 фунт стерлинг (70 800 доллар) беріледі. Оны автор мен аудармашы тең бөліп алады.

«KEGOC» АҚ 2021 жылғы 29 шілдедегі 11.00 сағатта бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және «KEGOC» АҚ қызметі тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар және басқа да мүдделі тұлғалар алдында 2021 жылғы 1-жартыжылдық қорытындылары бойынша есеп беруін өткізеді.

2021 жылы 1- жартыжылдықта «KEGOC» АҚ реттелетін мынадай қызмет түрлерін көрсетті:

- электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі желілер арқылы жеткізу;
- желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Тыңдау Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат мекенжайы бойынша 1-қабаттағы конференц-залда өткізіледі.

«Гелиос» ЖШС өзіне «Industrial Mineral Group» ЖШС-нің қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 187а, Чайковский көшесінің қиылысы, тел.: 8 (727) 258-37-42.

«Industrial Mineral Group» ЖШС өзінің «Гелиос» ЖШС-ге қосылу арқылы таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 187а, тел.: 8 (727) 258-37-42.

Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Исабекұлы Мырзахметовке анасы
Сабила НӘДІРБЕККЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жамбыл облысы әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі Мемлекет және қоғам қайраткері Асқар Исабекұлы Мырзахметовке анасы
Сабила Нәдірбекқызы МЫРЗАХМЕТОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ATAMEKEN BUSINESS» телеарнасының ұжымы мен «inbusiness.kz» порталы Абылай Исабекұлы Мырзахметовке, оның туыстары мен жақындарына аналары
Сабила Нәдірбекқызы МЫРЗАХМЕТОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Таяу Шығыс университетінің (Мерсин, Түркия) және Түркия университеттерінің математик-профессорлары түркі әлемдік математика қоғамының президенті, көрнекті ғалым, профессор Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа ағасы
Байжұман ТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

ТЕННИС

Әлемнің бесінші ракеткасын жеңді

Қазақстанның бірінші, әлемнің 21-ракеткасы Елена Рыбакина Ұлыбританияда өтіп жатқан теннистен халықаралық турнирдің екінші айналымында әлемнің бесінші ракеткасын жарыс жолынан ығыстырып, ширек финалға жолдама алды.

Қазақстандық теннисші екінші айналымда әлемдік рейтингте ТОП-5 теннисшінің қатарында тұрған украиналық Элина Свитолинамен кездесіп, екі сетке созылған тартысты бәсекеде 6:4, 7:6 (7:3) есебімен жеңіске жетті. Енді Е.Рыбакина жарыстың жартылай финалына шығу үшін әлемнің 61-ракеткасы, латвиялық Анастасия Севастовамен таласады. Анастасия екінші кезеңде әлемнің 23-ракеткасы Кори Гауфты (АҚШ) 4:6, 7:5, 6:2 есебімен ұтты.

Сондай-ақ ерлер арасында өнер көрсетіп жатқан тағы бір отандасымыз Александр Бублик те аталған турнирдің ширек финалына шықты. Қазақстандық теннисші екінші айналымда әлемнің 72-ракеткасы, беларусьтық Егор Герасимовпен ойнап, екі сетте 6:2, 6:2 есебімен басым түсті. А.Бублик ширек финалда әлемнің 27-ракеткасы, италиялық Лоренцо Сонегомен кездеседі.

КҮРЕС

Балуандар үздіктер қатарында

Біріккен күрес әлемі (UWW) еркін күрес балуандарының рейтингін жаңартты. Олимпиадалық салмақ бойынша төрт қазақстандық спортшы алғашқы бестікке енген.

Қазақстанның ұлттық Олимпиада комитетінің мәліметі бойынша, 74 килода белдесетін Данияр Қайсанов пен 125 килодағы балуан Юсуп Батырмұрзаев әлемдік рейтингте екінші орында тұрса, 65 килода өнер көрсететін Дәулет Ниязбеков пен 97 килода бақ сынайтын Әлішер Ерғали үшінші сатыға жайғасқан. Айта кетелік, еркін күрестен Қазақстан командасы Токио Олимпиадасында бес салмақ бойынша сынға түседі.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы

Владимир КУРЯТОВ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары

Айбын ШАҒАЛАҚ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Ерболат ҚАМЕН – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Көрібай МҰСЫРМАН
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ

Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Динар КЕРІМ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г күәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 152 303 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Мирас АСАН